

**Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының «Қостанай жоғары
политехникалық колледжі» КМҚК
КГКП «Костанайский политехнический высший колледж» Управления образования
акимата Костанайской области**



**ЖБП 15 География пәні
Барлық мамандық студенттеріне арналған**

Ахметжанова Динара Косылбековна

Қостанай 2022 жыл

Мазмұны

	Бөлім, тақырып атауы/ Наименование разделов, тем	
1	I бөлім. Географиялық зерттеу әдістері Зерттеу әдістерінің түрлері	
2	Өзекті географиялық зерттеу әдістері	
3	II Бөлім. Картография және геоинформатика Заманауи картографиялық әдістер	
4	Географиялық деректер базасы. Географиялық деректерді визуализациялау	
5	Геоақпараттық жүйелер	
6	III Бөлім. Табиғатты пайдалану және геоэкология Табиғатты пайдалану түрлері. Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау	
7	Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары.	
8	Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі. Геосфералардың ластануы.	
9	Геоэкологиялық аудандастыру. Ғаламдық экологиялық проблемалар. Қазақстанның экологиялық проблемалары	
10	Экологиядағы инновациялық технологиялар және табиғатты пайдалануды реттеу	
11	Табиғатты қорғау шаралары. Табиғатты қорғауда жеке тұлғаның рөлі	
12	Қоршаған ортаның антропогендік өзгеруі. Қоршаған ортаның сапасы	
13	IV Бөлім. Геоэкономика Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі	
14	Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары. Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы және аумақтық модельдері	
15	Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері. Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе	
16	Қазақстан Республикасы экономикалық дамуындағы мақсатты көрсеткіштер мен индикаторлар	
17	Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті, даму стратегиялары	
18	V Бөлім. Геосаясат Геосаясаттың өзектілігі және дүниежүзінің геосаяси кеңістігі	
19	Геосаясаттағы географиялық факторлар	
20	Мемлекеттік аумақтың морфологиясы. Мемлекеттік шекара	
21	Заманауи геосаяси үдерістер. Қазақстанның геосаяси жағдайы, қауіпсіздігі және интеграциясы	
22	VI Бөлім. Елтану Кешенді географиялық аудандастыру. Салыстырмалы елтану	
23	Қолданбалы елтану. Дүниежүзі аймақтар картасында және халықаралық салыстырулардағы Қазақстанның орны	
24	VII Бөлім. Адамзаттың ғаламдық проблемалары Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері және шешу жолдары	

География
1.Тақырып 2сағат
I бөлім. Географиялық зерттеу әдістері
Зерттеу әдістерінің түрлері

Сабақтың оқу мақсаты:

10.1.1.1. зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг әдістерін қолдану

Бағалау өлшемдері:

- 1.Зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг әдісінің элементтерін қолданады.
- 2.Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстырмалы әдістерді қолданады.
3. Зерттеудің сандық әдісін қолданады.

Географиялық зерттеу әдістері: Қазіргі физикалық география әдістері:

- Картографиялық және картометриялық зерттеу әдістері.
- Табиғи аумақтық кешеннің (ТАК) кеңістіктік-уақыттық құрылымын зерттеу;
- ресурстық әлеуетті бағалау;
- ТАК шаруашылықта пайдалану мүмкіншіліктері мен шектеуліктерін зерттеу;
- ТАК жағдайын ландшафттық-экологиялық бағалау және даму болжамы;
- мәдени ландшафттық және т.б. жобалау.
- Экспедициялық әдістер.
- Қолданбалы кешенді физикалық-географиялық зерттеулер.

Экономикалық-географиялық зерттеулер

- Кеңістіктік-уақыттық талдау – экономикалық-географиялық зерттеулердің негізгі қағидаларының бірі ретінде.
- Математикалық зерттеу әдісі
- Визуалды бақылау

1. жалпы ғылыми тұрғылар мен әдістерді (тарихи, экологиялық, модельдеу, математикалық, жүйелік, тағы да басқалары);
2. нақты ғылыми тұрғылар мен әдістерді (физикалық географияда — геохимиялық, геофизикалық, палеогеографиялық және тағы да басқалары әдістер; әлеуметтік-экономикалық географияда — экономикалық-статистикалық, техникалық-экономикалық, социологиялық және тағы да басқалары);
3. ақпарат алудың жұмыс тәсілдері мен операцияларын (баланстық әдістер, дистанциялық әдістер; зертханалық әдістер, мысалы, споралық-шаңдық талдау, радиокөміртекті әдіс, сауалдама жүргізу, іріктеме әдіс, тағы да басқалары);
4. ақпаратты тәжірибелік және теориялық қорытудың әдістерін (индикациялық, бағалау, ұқсастық, жіктеу, тағы да басқалары);
5. алынған ақпаратты өңдеу әдістері мен техникалық тәсілдерін (перфокарталардың, электрондық есептеу техникасы арқылы, тағы да басқалары) қамтитын жүйе.

Салыстырмалы әдіс-географиядағы әдіспен біз әдістеме, бір біріне ұқсас немесе жақын орналасқан, пайда болған кезінен қатарласып келген және құрылымы мен атқарымы бойынша әр түрлі, бірақ салыстыруға болатын, кеңістік пен уақыт ішінде шалғай бірнеше географиялық нысандар процестерінің, қасиеттерінің және жағдайларының ұқсастығы мен айырмашылықтарын табу; бәр географиялық нысанның әр түрлі уақыттағы жағдайларын салыстыру. Тарихи-географиялық әдіс - қоғамдық құбылыстарды зерттеуде кең тараған жалпығылыми сипаттаушы әдіс. Бұл әдіс маңызды, тұрақты, қайталанбалы заңды байланыстарды анықтау мақсатында саяси өмірдің қандай да бір құбылыстарының пайда

болуының, дамуының, қызмет етуінің шынайы бейнесін қайта жасау үшін тарихи ғылымдардың түсініктері мен ұғымдарының көмегіне жүгінеді. Картографиялық әдіс-бұл әдістің таным білімінің кеңдігі соншалық тарихи географиялық және салыстырмалы географиялық әдіспен пара-пар тіпті тең деп айтсақ болады.

2)XX ғ. 30-50 жж. физикалық-географиялық зерттеулерде қолданылған жаңа әдістер Геофизикалық әдіс дәл көне және дәстүрлі салыстырмалы және картографиялық әдіс секілді, бірақ басты айырмашылығы жаңа зерттеу әдістеріне жете араласады. Геофизикалық әдіс географиялық әдісте тек динамикалық компоненттерде, яғни судың массасы мен ауа массасын анықтауда қолданылады.

Геохимиялық әдіс керісінше жас әдістер қатарында. Ол тек XX басында химия технологиясы жер бетінде дамығанда ғана дүниеге келген болатын. Бұл екеуінде географиялық-физикалық әдістерге үлкен ықпалы бар, сондықтан да бұлар алдағы уақытта үлкен көлемде анықталып талқыланатын болады.

Аэроәдіс - жер аумағының ұшу аппараттары арқылы зерттеу әдісі. Физикалық-географиялық аэросуреттерді алу үшін олар түрлерге бөлінеді. Жерді қашықтықтан зондтау-жер бетін әр түрлі түсіруші құрал жабдықтармен жабдықталған әуелік және ғарыштық құрылғылармен бақылау.

3)XX ғ. 60 – 80 жж. Физикалық географияда пайда болған заманауи әдістер Ғарыштық әдіс- географиялық зерттеу әдісі 1960 жылы алғаш рет метеорологиялық спутник ұшырылып алғаш рет космостық сурет алғаннан кейін, тың серпіліс алды. Және де қайта даму үдерісінде болды. Бұл арқылы адамзат баласы географиялық қабаттар, заңдылықтар, компоненттік ерекшеліктері туралы анық біле бастады. Математикалық әдіс өнеркәсіптік географияда бұрыннан қалыптасқан әдістердің бірі. Атап айтсақ:климаттануда, гидрологияда, ормантануда.

Тапсырма: Географиядан соңғы ғылыми жаңалықтар туралы қысқаша хабарлама жазу

2.Тақырып 2сағат

Өзекті географиялық зерттеу әдістері

Сабактың оқу мақсаты:

11.1.1.2 - зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолдану

Бағалау өлшемдері:

- 1.Зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг әдісінің элементтерін қолданады.
- 2.Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстырмалы әдістерді қолданады.
3. Зерттеудің сандық әдісін қолданады.

Физико-географиялық зерттеулердің мақсаты Физико-географиялық зерттеулердің түрлері Геологиялық зерттеулер Геоморфологиялық зерттеулер Метеорологиялық зерттеулер Гидрологиялық және гляциологиялық зерттеулер Зоологиялық және геоботаникалық зерттеулер 8. Туристік-өлкетану жұмысындағы өсімдік және жануар дүниесін қорғау мәселелері Кәзргі кезде өлкетану жұмыстары, көбінде туристік-экскурсиялық мекемелермен жүргізіледі, олардың іс-әрекеттері жергілікті рекреациялық ресурстарды және экскурсиялық объектілерді пайдалану. “Туристік энциклопедияда” өлкетану деп мемлекеттің нақты бір бөлігін –жергілікті халық үшін туған жер болып саналатын (облыс, аудан, қала, ауыл) аймақты зерттеуін айтады . Өлкетануда физикалық географиялық зерттеулер туған өлкені зерттеу үшін негізгі болып саналады, себебі олар табиғаттың барлық компоненттері және табиғи –территориалдық кешендер (комплекс) жайлы сипаттама алуға мүмкіндік береді. Өлкетанушылардың зерттеуіне табиғат компоненттері болып табылатын: аймақтың геологиялық құрылысы мен тау жыныстарының құрамы, жер бедері, климат, гидрология, топырақ, өсімдік, жануарлар,

ландшафт (аймақтық табиғи кешендер). Физгеографиялық зерттеулер бір неше сатыдан (кезеңнен) тұрады, олар жұмыстың методикасымен түрлі жер туралы ғылымдардың тәсілдерін анықтайды. Дайындық сатысында әдебиет пен, фонд материалдары мен (болашақта жорыққа баратын аудан туралы) танысады. Картографиялық материал дайындалады. Өлкетану зерттеулер жүргізу үшін ең қолайлы масштаб 1 сантиметрде 0,5 – 1,5 километр (1:5000, 1: 5000000) Осы дайындық кезінде түрлі бұрын туристік топтармен жазылған отчеттармен, жорық ауданында болған саяхатшылардың материалдарымен, суреттермен, карта кескіндерімен танысу қажет — өте мете “жорық ауданының физика географиялық шолу” Бұл кезеңде қолданатын тәсілдер: салыстырмалы, анализ және синтез, картографиялық, бейнелеу т.б. Дала зерттеулері кезінде келесі пайдаланылады – маршруттар, профильдер, өзікті бөліктер. Үшінші сатысында жиналған материалдарды алдын-ала өңдеу кезінде барлық материалдар қарастырылып, жүйеленеді, тау жыныстар, топрақ, өсімдік сипаттамалары комплексті және компонентті карталардың, профильдердің варианттарын құрайды. Өлкетану зерттеулерінің рекреациялық бағытын еске ала тұрып, картографиялық тәсілдерді пайдаланған кезде келесі бағыттарды бөліп шығаруға болады. Туристік ресурсының жеке түрлерін зерттеу Туристік ресурсының бірнеше ұқсас түрлерін бірге зерттеу Ресурстардың динамикасын зерттеу Туристік ресурсқа сапалы баға беру Туристік ресурстың сиымдылығын анықтау Туристік ресурсқа әсер ететін факторлары зерттеу (ауарай жағдайы) Табиғаттың әр бір нақты компонентін зерттегенде, жалпы тәсілдермен қоса, арнайы тәсілдер пайдаланады. Геологиялық құрылым (тау жыныстардың орналасу формалары) — жер қабығының жеке бір бөлігінің тектоникалық формаларының жиынтығы. Өлкетануда бір жергілікті орынды бейнелеген кезде сол жердің геологиялық құрылымының жалпы сипаттамасы жеткілікті, себебі ол жер бедерінің негізгі түрлерін, тау жыныстарының құрылымын, және пайдалы қазбаларын анықтайды. Геологиялық құрылымы туралы мәліметті атластардың тектоникалық және геологиялық карталарынан, және жарыққа шыққан арнайы регионалдық монографиялар мен картадан алуға болады. Тау жыныстары — құрамы өзгермейтін минералдар агрегаты. Жаратылысы бойынша магмалық, метаморфоздық және шөгінді болып бөлінеді. Тау жыныстары туралы мәліметтерді екі этапқа бөліп жинауға болады: дайындық кезінде және дала зерттеулері кезінде. Дайындық кезінде мәліметтер әдебиет және картографиялық деректерден алынады. Екінші этапта, зерттеулерді маршрутта жүргізген кезде, өлкетанушылар сипаттамасына немесе картаға қалыптасқан тау жыныстардың орындарын нақты белгілейді Жер бедері – жер бетінің тегіс емес формаларының жиынтығы. Олар көлемі, геологиялық жасы, пайда болуы, және даму тарихы бойынша әр түрлі болады. Метеорология элементтерін бақылау үшін тәулігіне 4 немесе 8 рет метеорологиялық аспаптарының көрсеткіштерін алады. Ол үшін халықаралық мерзімдері белгіленген: 1, 4, 7, 10, 13, 16, 19, және 22 сағат кездерінде. Көрсеткіштер арнайы журналға белгілі түрде жазылады. Гидрологиялық және гляциологиялық зерттеулер Планетамыздағы су қабығын — гидросфераны: оның қасиеттерін, ондағы өтіп жатқан процестерді, оның ат-мосферамен, литосферамен және биосферамен байланысын зерттеумен айналысатын ғылым саласы гидрология деп аталады. «Гидрология» сөзі екі грек сөзінің (гидро — су, логос — ғылым, ілім) қосылуына пайда болған, яғни су туралы ғылым дегенді білдіреді. Гидрология жердің және оның су қабығының физикалық, географиялық қасиеттерін зерттейтін ғылымдар кешені жатады. Гидрология пәнінің көмегімен келесі су объектілері: мұхиттар, теңіздер, өзендер мен көлдер, бөгендер, батпақтар, мұздықтар, топырақ және жер асты сулары зерттеледі. Гидрология ең алдымен метеорологиямен яғни атмосфера және ондағы өтіп жатқан процестерді, оның ылғал айналымы және судың булануын зерттейтін білімдерімен өте тығыз байланыста. Су қабығы мен жер қыртысының (литосфера) өзара байланысы жер бетінің тікелей судың әсерімен қалыптасатынынан айқын көрінеді. Ал жер бедері өз кезегінде су ағыстарының пайда болуына үлкен әсер етеді. Сондықтан гидрология пәнінің геоморфология яғни жер бедерінің қалыптасу және даму заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласымен көп ортақтығы бар. Мұхиттар мен теңіздерде өтіп жатқан процестердің өзендер

мен көлдердегі және мұздықтардағы процестерден көп айырмашылығы болатындықтан жалпы гидрология пәні мұхиттар гидрологиясы (мұхиттану) және құрлықтар гидрологиясы болып екіге бөлінеді. Зерттеу объектілері бойынша құрлықтар гидрологиясы мына салаларға тармақтанады: өзендер гидрологиясы (потимология); көлдер мен бөгендер гидрологиясы (лимнология); батпақтар гидрологиясы (тельматрология); жер асты суларының гидрологиясы (гидрогеология); 5) мұздықтар гидрологиясы (гляциология); Құрлықтар гидрологиясы зерттеу объектілерінен өзге негізгі зерттеу бағыты және тәсілдері бойынша мынадай салаларға бөлінеді: — жалпы гидрология саласы су қабығында кездесетін жалпы заңдылықтарды және оның (судың) ауа қабығы (атмосфера), жер қыртысы (литосфера) арасындағы жалпы байланыстарды зерттейтін сала; — гидрография – жер беті суларының географиялық таралу заңдылықтарын, сонымен бірге географиялық жағдайын олардың режимі мен шаруашылықтағы маңызын қаоастырумен айналысады; — гидрометрия – су объектілерінің режимін бақылау әдістерімен, ондағы қолданылатын құрал-жабдықтар, сонымен бірге бақылау нәтижелерін өңдеу әдістерімен айналысады; — инженерлік гидрология — халық шаруашылығының суранымдары бойынша гидротехника, мелиорация, жол құрылысы және басқа салалар қажеттілігі үшін гидрологиялық анықтаумен айналысады. Су объектілерінің зерттеу әдістері Қазіргі гидрология ғылымы су объектілерін зерттеу барысында мынадай негізгі әдістерді пайдаланады, олар 1) тұрақты бақылау (стационар); 2) экспедициялық, 3) тәжірибелік (эксперименттік), 4) теориялық. Тұрақты бақылау әдісі су объектілерінің гидрологиялық режимі элементтерінің мерзімдік қозғалысын (динамикасын) зерттеу үшін қызмет етеді. Гидрологиялық режим дегеніміз — су объектілерінің жайкүйінің белгілі бір заңдылықпен құбылуы яғни су денгейінің, шығынының, температурасының, мұз қату құбылыстарының және т. б. сипаттамаларының. тәуліктік, маусымдық және көпжылдық құбылмалылығы. Гидрологиялық режимді жүйелі түрде бақылау гидрологиялық, бекеттер мен станцияларда жүргізіледі. Бұл бақылаулар бірыңғай бағдарлама бойынша ғылым мен техниканың мақсатына сәйкестендірілген. Бақылау материалдары өңдеуден өткен соң географиялық қорытындылар шығару үшін, анықтамалар құрастыру үшін, атластар мен гидрологиялық сипаттамалардың картасын жасау, сонымен бірге теориялық және қолданбалық мақсаттар үшін кеңінен пайдаланылады. Экспедициялық әдіс қысқа мерзім ішінде су объектінің физика-географиялық сипаттамалары жөнінде маңызды деректер алуға, далалық ізденістер негізінде олардың режимдік ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Экспедициялық зерттеулердің нәтижесінде алынған деректер мамандарға гидрологиялық ұқсастық әдісін сенімді түрде пайдалануға жағдай туғызады. Тәжірибелік (эксперименттік) әдіс жалпы гидрологиялық құбылыстармен қатар процестердің жекелеген жақтарын тупкілікті зерттеуге қызмет етеді. Зертханада немесе далалық жағдайда жасалатын тәжірибе көмегімен өзен арналарының қалыптасу заңдылықтары, мұз қату және еру, судың топыраққа сіңуі мен беткейлерден ағып тусуі, су бетінен және жер бетінен булану және басқа да көптеген құбылыстар зерттеледі. Зерттеудің теориялық әдісі гидрологиялық мақсаттарды физиканың жалпы заңдары және математикалық тәсілдердің көмегімен шешуге негізделген. Теориялық әдістің нәтижелері дәйекті материалдың көмегімен тексеріліп отырады. Су объектілері және олардың режимі жөніндегі ең толық мәліметтер жоғарыда келтірілген төрт әдіс бірге пайдаланылған жағдайда алынатын болады. Туристік жорық кезіндегі зерттеулер Әдетте, гидрологиялық бақылаулар халық шаруашылығында маңызы зор кіші өзендерді зерттейді. Туристік топтар бұл жағдайда зерттеу ұйымдарына көмек көрсете алады.

Тапсырма: «Қазақстандағы жасанды жер серіктерінің мониторинг жасаудағы рөлі» туралы қысқаша ақпарат дайындау

II Бөлім. Картография және геоинформатика

3. Тақырып 2сағат

Заманауи картографиялық әдістер

Сабақтың оқу мақсаты:

10.2.1.1. тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану.

Бағалау өлшемдері:

1. Microsoft Excel бағдарламасын қолдана отырып, географиялық ғылымға қатысты географиялық деректер базасын құрады.
2. Тақырып бойынша әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып географиялық деректер базасын құрады
3. Статистикалық дереккөздерді талдайды.

Кез-келген жердің сандық үлгідегі картасы сол жердің топографиялық-геодезиялық мәліметтерін логикалық-математикалық тұрғыдан сандық түрде бейнелеп көрсетеді. Географиялық нысанның толық сандық үлгісі оның кеңістіктегі орнын анықтайтын арнаулы координата жүйесінде бейнеленеді. Нысанды толықтыратын ақпарат геометриялық (метриялық) атрибуттар және геометриялық емес (топологиялық) сипаттамалар (бір нысанның екінші нысанмен өзара байланысын, жалпы шегаралары мен нүктелерін, бейненің күрделі пішінін, бір нысанды екінші нысанның үстіне кіріктіруді түсіндіретін) жиынтығынан тұрады. Сандық топографиялық карталарды сипаттау кезінде міндетті түрде оның реттік нөмірі, метрикасы мен семантикасы, кеңістіктік-логикалық байланыстары көрсетіледі. Сандық карталарды визуализация көмегімен экран алдынан электрондық карталар түрінде және компьютерден қағаз бетіне шығарылған карта түрінде қолдануға болады. Ал арнаулы мамандар бағдарламалар көмегімен сандық форматтағы бейнесінде де компьютер экраны арқылы жұмыс жасай береді. Теориялық тұжырымдама — бұл картография пәні мен әдісіне көзқарастың белгілі бір жүйесі. Онда осы кезеңдегі картографиялық ғылым мен өндірістің дамуын анықтайтын процестерді түсіну және түсіндіру деңгейі көрсетілген. Тұжырымдамалар өткен Ғылым тәжірибесін жинақтап, болашақта оның даму үрдістерін бағалауға тырысады. Бірақ олар әрдайым ғылымның жағдайы мен келешегінің бүгінгі түсінігін көрсетеді. Олардың ішінде заманауи көзқарастар мен проблемалар бар. Бұл тұжырымдаманың эволюциясы түсіндіріледі: жаңа тәжірибенің пайда болуына, прогрессивті әдістер мен технологиялардың енгізілуіне қарай теориялық тұжырымдамалар нақтыланады, жетілдіріледі, өзгереді (кейде өте батыл), жаңа орын алады - бұл ғылым теориясының табиғи даму жолы. Қазіргі уақытта картографияда бірнеше теориялық концепциялар жасалды. Танымдық немесе модельдік-танымдық тұжырымдама картографияны картографиялық модельдеу арқылы шындықты тану туралы ғылым ретінде, ал картаның өзі — шындық моделі ретінде қарастырады. Картография бұл трактовкасында жаратылыстану және әлеуметтік-экономикалық ғылымдарға (ең алдымен жер туралы ғылымдарға) және таным теориясына жақын қарым-қатынасы бар танымдық ғылым ретінде көрінеді. Бұл тұжырымдаманы негізінен отандық картографтар н. эзірледі. Н. 1940 жылдан бастап Баранский, К. А. Салищев, А. В. Гедымин, А. Г. Исаченко және олардың ізбасарлары. Коммуникативтік тұжырымдама-онда картография кеңістіктік ақпаратты беру туралы ғылым ретінде, ал карта — ақпарат арнасы, коммуникация құралы ретінде көрінеді. Осылайша, картография информатика саласының бірі болып табылады, ол ақпарат теориясымен, автоматикамен, қабылдау теориясымен тығыз байланысады. XX ғасырдың 60-70-жылдары осы тұжырымдаманы қалыптастыруға Батыс картографтары Е. Арнбергер, А. Колачный, А. Робинсон және т. б. негізгі үлес қосты. Тілдік (кәртілді) концепция картографияны карта тілі туралы ғылым ретінде, ал карта — шартты белгілердің көмегімен жасалған ерекше мәтін ретінде (“карта тілінде жазылған”) түсіндіреді. Бұл жағдайда

картография Лингвистика және семиотика (тілдер туралы ғылым) саласы ретінде әрекет етеді, ал оның зерттеу пәні картографиялық таңбалы жүйелер болып табылады. Негізінен а. Ф. Асланикашвилидің, А. А. Лютого, Я. Правда және т. б. еңбектерінің арқасында. Аталған тұжырымдамалардың әрқайсысының нақты негізі бар, ұтымды астық бар. Өткен ғасырдың 80-жылдары жаңа геоақпараттық тұжырымдама қалыптасты. Оған сәйкес картография жүйелік ақпараттық-картографиялық моделдеу және геожүйелерді тану туралы ғылым ретінде қарастырылады. Ол геоинформатикамен, жер және қоғам туралы ғылымдармен тығыз байланысты. Карта шындықтың бейнелі-таңбалы геоақпараттық моделі ретінде көрінеді, басқаша айтқанда, ол бір мезгілде таным құралы, және шындықты аналогтық модельдеу тәсілі, және ақпаратты цифрлық нысанда беру құралы. Ұзақ уақыт картографияны географиялық карталар, олардың қасиеттері, оларды жасау және пайдалану әдістері туралы ғылым деп атады. Бірақ қазіргі картография тек карталар арқылы ғана емес, сонымен қатар басқа да картографиялық туындылардың көмегімен табиғат пен қоғамның нақты ақиқатын, объектілері мен құбылыстарын зерттейді. Картографияның географиялық карталар және басқа да картографиялық туындылар, олардың қасиеттері, оларды жасау және пайдалану әдістері туралы ғылым ретінде келесі анықтамасы пайда болды. Картографиялық бейнелер құбылыстардың орын ауыстыруын, олардың кеңістіктік өзгерістерін, уақыт бойынша өзара байланысын және дамуын көрсете алатын, жинақталған білімді бейнелейтін және жаңа білім алу үшін қызмет ететін кеңістіктік бейнелі-таңбалы модельдерді құрайды. Осыған орай К. А. Салищев картографияға осындай анықтама береді. Ресейдегі Картография жүйесінде (қандай да бір дәрежеде Беларусьте) екі бағытты атап өтуге болады — Географиялық картография және инженерлік картография. Географиялық картография жалпы географиялық жүйелерді (геожүйелерді) және олардың жекелеген компоненттерін бейнелейді және зерттейді. Бұл бағыт өкілдері жаратылыстану-ғылыми пәндермен байланыстарға басымдық береді, ғылыми-танымдық ғылым (көбінесе зерттеу) ретінде картографияға көзқарасты ұстанады. Инженерлік картография өкілдері картографияға ғылыми-техникалық ғылым ретінде көзқарасты ұстанады (көбінесе өндірістік) және одан да көп геодезиялық ғылымдармен байланысты. Сізге “Майами” саяхат агенттігі көмектеседі!

Қазіргі уақытта картографияда бірнеше теориялық тұжырымдамалар – картография пәні мен әдісіне көзқарастар жүйесі қалыптасты. Танымдық немесе модельдік-танымдық тұжырымдама картографияны жер туралы ғылымдармен, табиғи және әлеуметтік-экономикалық ғылымдармен, таным теориясымен тығыз байланысты танымдық ғылым ретінде түсіндіреді және картаны шындық моделі ретінде қарастыра отырып, шындықты зерделеуде картографиялық үлгілеуге артықшылық береді. Бұл тұжырымдаманың өкілдері негізінен ресейлік картографтар Н. болып табылады. Н. 1940 жылдан бастап Баранский, К. А. Салищев, А. В. Гедымин, А. Г. Исаченко және олардың ізбасарлары. Коммуникативтік концепция картографияны информатика саласы ретінде, ал картаны коммуникация құралы, ақпарат арнасы ретінде қарастырады. Батыс картографтары Е. Арнбергер, А. Колачный, А. Робинсон және т.б. осы Тұжырымдаманың әзірлемелері А. Ф. Асланикашвили, А. А. Лютый, Я. Правда (1970-1980 жж.) болып табылады. Өртүрлі көзқарастарды үйлестіретін басқа да тұжырымдамалар бар. Метакартография-бейнелеудің логикалық-философиялық принциптеріне негізделген картография теориясы (А. Ф. Асланикашвили). Картология – картографияның коммуникативтік және модельдік функциялары туралы түсініктерді біріктіретін теория (Л. Ратайский). Аталған тұжырымдамалардың әрқайсысы бейнелеуге құқылы. Онда Картография әлемді тану туралы ғылым ретінде, кеңістіктік ақпаратты беру құралы ретінде және шындықты танудың ерекше тілі ретінде көрінеді. XX ғасырдың 80 жылдары жаңа геоақпараттық тұжырымдама дами бастады.

Тапсырма: «Ғаламдық ГАЖ-дың жаңа мүмкіншіліктері» атты тақырыпта қысқаша баяндамау жазу

4. Тақырып 2сағат

Географиялық деректер базасы.

Географиялық деректерді визуализациялау

Сабақтың оқу мақсаты:

10.2.2.2 статистикалық мәліметтерді талдау нәтижесі бойынша картограмма мен картодиаграмма құрастыру

Бағалау өлшемдері:

1. Microsoft Excel бағдарламасын қолдана отырып, географиялық ғылымға қатысты географиялық деректер базасын құрады.
2. Тақырып бойынша әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып географиялық деректер базасын құрады
3. Статистикалық дереккөздерді талдайды.

Географиялық деректер базасын құрастыруда ақпараттық–коммуникациялық технологиялардың рөлі

Географиялық деректер базасы (geographic database) – цифрлық форматтағы әртүрлі мазмұндағы географиялық деректердің реттелген жиынтығы. Картографиялық деректер базасы (cartographic database) – белгілі бір пәндік сала үшін өзара байланысты картографиялық деректер жиынтығы және деректерді сипаттау, сақтау, және өңдеуге арналған жалпы ережелер. Деректер базасын құрастыру қажет ақпаратты тез табу, ақпаратты түрлендіру, ақпаратты қолдануды жеңілдету үшін қажет. Географиялық деректердің түрлеріне графиктер, кестелер, фотосуреттер, карталар, сызбалар және мәтіндер жатады. Географиялық деректер базасын құрастыру кезінде әртүрлі модельді пайдалануға болады. Географиялық деректер базасының келесі модельдері бар: иерархиялық, жүйелік, реляциондық.

Ақпараттық-коммуникациялық технология – ақпаратты түрлендіруге және өңдеуге бағытталған технология. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – есептеу техникасы құрылғыларын, сондай-ақ телекоммуникация құралдарын қолданып жүзеге асырылатын ақпаратпен өзара әрекеттесу процестері мен әдістері. Microsoft Office бағдарламаларының құрамына MS Word, MS Excel, MS Power Point, MS Access мен MS Outlook кіреді. Бұл бағдарламалар – ең қажет базалық кеңселік бағдарламалар. MS Word мәтіндік редактор, MS Excel кестелік редактор, MS Access деректер базасын құру, өңдеуді және басқа да көптеген функцияны қамтиды. Географиялық деректер базасын құрастыру барысында MS Word, MS Excel, MS Access сияқты компьютерлік бағдарламаларды қолдануға болады. Компьютерде деректер базасын құрастыра білу өте қажет дағды.

MS Excel – MS Office-тің кестелік редакторы. Ең алғашқыда бұл бағдарлама математикалық есептеулер жүргізу үшін құрастырылған болатын. Уақыт өте келе бұл бағдарламаның мүмкіндіктері кеңейді. Қазір аталған бағдарлама көмегімен графиктер, диаграммалар, гистограммалар, тіпті үшөлшемді нұсқада да жасауға болады. Excel кестесіндегі деректер базасының құрылымы жазбалар мен өрістерден тұрады. Жазба – деректер базасындағы жолдар. Өріс – деректер базасындағы бағандар.

MS Word – MS Office-тің мәтіндік редакторы. Қазіргі уақытта мүмкіндіктері кеңейтілді. Тек қана мәтін мен кесте ғана емес, графикалық нысандарды, математикалық формулаларды енгізуге мүмкіндік бар.

MS Access бағдарламасының деректер базасының құрылымын және негізін құраушыларды

жобалауға, кесте араларында байланыс орнату мүмкіндіктері бар. Географиялық ақпараттық жүйелер географиялық деректерді жинайды, географиялық деректер базасын құрастырады, сақтайды, өңдейді. Ондағы ақпарат карта, мәтін, кесте, график түрінде берілуі мүмкін. Бұлттық технологиялар географиялық деректер базасымен қашықтықтан жұмыс жасауға мүмкіндік береді

Қоршаған ортаның мониторингі – бұл қоршаған табиғи ортаның жай-күйін бақылау және адамдардың денсаулығы мен басқа да тірі организмдерге деген қауіпті жағдайлар жайында алдын ала ескерту қызметі.

ҚР Экологиялық кодексында мемлекеттік экологиялық мониторинг (қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі) қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі болып бөлінеді.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі - экологиялық қауіпсіздікті, табиғи ресурстарды сақтауды, молықтыруды және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында басқарушылық және шаруашылық шешімдердің қабылдануы үшін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйін байқауды, сондай-ақ олардың нақты жай-күйі туралы деректерге талдау жасауды қамтитын көп мақсатты ақпараттық жүйе.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган арнайы мемлекеттік уәкілетті органдармен бірлесе отырып ұйымдастырады.

Ол тіршілік ету ортасы мен халықтың денсаулығын қоса алғанда, қоршаған ортаны қорғау мәселелерін тікелей немесе жанама түрде қамтитын, Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы мониторинг жүйелері мен мониторингтің кіші жүйелерінің базасында қалыптасады.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің міндеттері:

- 1) қоршаған ортаның, биологиялық әралуандық және экожүйелердің жай-күйі туралы, антропогендік әсер ету көздері, тіршілік ету ортасының халық денсаулығына әсер ететін факторлары туралы дұрыс және салыстырмалы ақпарат алу;
- 2) қоршаған ортаның жай-күйін, антропогендік әсер ету деңгейлерін, биосфера жай-күйінің көрсеткіштерін, экожүйелердің функционалдық тұтастығын бағалау және болжау;
- 3) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қабылданатын басқарушылық шешімдері мен өткізілетін іс-шаралардың тиімді болуына талдау жүргізу үшін деректермен қамтамасыз ету болып табылады.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету жинақтық деректер банкіне берілетін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар орындайтын қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингінің, сондай-ақ табиғат пайдаланушылар өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде жүзеге асыратын өндірістік мониторингтің нәтижелеріне негізделеді.

4. Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің міндеттері:

1) қоршаған ортаның, биологиялық әралуандық және экожүйелердің жай-күйі туралы, антропогендік әсер ету көздері, тіршілік ету ортасының халық денсаулығына әсер ететін факторлары туралы дұрыс және салыстырмалы ақпарат алу;

2) қоршаған ортаның жай-күйін, антропогендік әсер ету деңгейлерін, биосфера жай-күйінің көрсеткіштерін, экожүйелердің функционалдық тұтастығын бағалау және болжау;

3) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қабылданатын басқарушылық шешімдері мен өткізілетін іс-шаралардың тиімді болуына талдау жүргізу үшін деректермен қамтамасыз ету болып табылады.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің мазмұнын мониторингтің мынадай кіші жүйелері:

1) қоршаған орта жай-күйінің мониторингі;

2) табиғи ресурстар мониторингі;

3) мониторингтің арнайы түрлері құрайды.

Жұмыс істеу процесінде Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің кіші жүйелеріне мониторингтің басқа да түрлері енуі мүмкін.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің мониторингін жүргізу мынадай үш деңгейде жүзеге асырылады:

1) жергілікті (өндірістік мониторинг және елді мекендердің нақты учаскелерінің, су тоғандары мен өзендердің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мониторингі);

2) өңірлік (өңірлердің физикалық-географиялық және экономикалық ерекшеліктерін, экологиялық тұрғыдан ауыртпалықты аймақтардың бар-жоғын және қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстардың пайдаланылуына әсер ететін табиғи және техногендік факторлар кешенін ескере отырып, әкімшілік-аумақтық бірліктер шегіндегі мониторинг);

3) республикалық (қажет болған кезде жалпы мемлекеттік мәні бар ірі өңірлер мен жекелеген объектілерді бөліп көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағын қамтитын мониторинг).

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің шеңберінде қоршаған ортаның жай-күйін бақылау, сондай-ақ талдау үшін сынамаларды іріктеу арнайы құрылған мемлекеттік, аумақтық және жекеменшік бақылау желілерінің пункттерінде жүзеге асырылады. Іріктеліп алынған сынамалардағы ластаушы заттардың құрамын талдау аккредиттелген талдамалық зертханаларда жүзеге асырылады.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады.

Тапсырма: «Windows операциялық жүйесінің жаңа мүмкіндіктері» атты тақырыпта хабарлама дайындау

5.Тақырып 2сағат

Геоақпараттық жүйелер

Сабақтың оқу мақсаты:

10.2.2.2 статистикалық мәліметтерді талдау нәтижесі бойынша картограмма мен картодиаграмма құрастыру

Бағалау өлшемдері:

1. Microsoft Excel бағдарламасын қолдана отырып, географиялық ғылымға қатысты географиялық деректер базасын құрады.
2. Тақырып бойынша әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып географиялық деректер базасын құрады
3. Статистикалық дереккөздерді талдайды.
4. Графикалық редакторды қолдана отырып, картограммалар, картодиаграммалар, картосхемалар жасайды.

Географиялық ақпараттық жүйе (ГАЖ), кеңістік базасының құрастырушысы және әр келкі мәліметтер мен ақпараттарды біріктірудің негізі ретінде аумақтық басқармалардағы шешімдерді қабылдаудың басты элементі болып саналады.

Әлемдік тәжірибе табиғи ресурстарды, инфрақұрылымдарды, қоршаған ортаның ахуалын, жалпы аумақты тиімді басқару ГАЖ-дың ықпалына қатысты екенін көрсетіп отыр. ГАЖ өз бағытын дамыта отырып, ақпараттық технологиялармен шешілетін көптұрғыдағы мәселелерді шешуде қолданылуда.

Бұл технология негізгі үш рөлді атқарады - геоақпараттық қосымшалар үшін қолданбалы технологиялық тұғыр ретінде, геокеңістіктік мәліметтерді ақпараттық жүйеде басқару және кеңістіктік мәліметтер базасындаға әр түрлі ақпараттарды біріктіру ортасы ГАЖ-дың технологиялық ортасы басқару шешімдеріне ықпал ете отырып, жан-жақтан тоғысқан талдауларға қолдау көрсетеді.

Геоақпарат – географиялық ақпараттық жүйелерді пайдалану, іске қосу, жобалау, ғылыми негіздеу және ГАЖ бағдарламасы бойынша тәжірибелік және ғылыми мақсаттарды жүзеге асыру ғылымы, технологиясы және өндірістік іс-әрекет. Бұл құбылысқа нақты белгілі бір қысқаша анықтама беру қиын, себебі ол қоршаған ортаға жаңа жақтан, новаторлық бағыттан қарау мүмкіндігін туғызған күрделі ұғым.

Жалпылама тілмен айтқанда, ГАЖ – ғаламда болып жатқан барлық құбылыстар мен нысандарды талдау мен карталауға арналған жаңашыл компьютерлік технология. Бұл технология карта ұсынатын географиялық (кеңістіктік) талдау мен толық визуализациялауға мүмкіндік берумен қатар, статистикалық талдау және сұраныс жасау сияқты дәстүрлі мәліметтер базасымен жұмыс операцияларын біріктіреді. Бұл мүмкіндіктер ГАЖ-ды басқа ақпараттық жүйелерден ерекшелендіреді, сонымен қатар, қоршаған ортадағы құбылыстар мен жағдайларға болжам жасап, талдаумен байланысты міндеттердің кең спектріне жол ашады. Басты факторлар мен себептерді, одан кейінгі оның салдарын анықтап, іс-әрекеттің стратегиялық және ағымдық шешімдерін жоспарлау да ГАЖ-дағы уникалды артықшылықтар болып табылады.

Карталарды жасау мен географиялық талдау абсолютті жаңашылдық емес. Бірақ ГАЖ технологиясы соған байланысты жалпы адамзаттың немесе белгілі бір ұйымның алдында тұрған мәселелерді шешуге ыңғайланған, жылдам, тиімді және заманға сәйкес бағытты ұсынады. Ол талдау мен болжау процедурасын автоматтандырады. ГАЖ-ды қолданысқа енгізгенге дейін географиялық ақпаратты толыққанды талдау, оған сәйкес оптималды шешімдерді қабылдау тек саланы меңгерген қоғамның белгілі бір бөлігінің ғана қолынан келген бола, қазіргі таңда арнайы құралдар мен бағыттардың арқасында бұл орта кеңейіп түсуде.

ГАЖ географиялық жағдай негізінде біріктірілген тематикалық қабаттар түрінде қоршаған орта туралы ақпаратты сақтайды. Бұл қарапайым жүйе әр түрлі міндеттерді шешуде өзінің

құндылығын көрсетті: көлік құралдары мен материалдарының қозғалысын бақылауға, шынайы жағдайлар мен жоспарланған іс-шаралардың детальды бейнесін, атмосфераның жаһандық циркуляциясын модельдеу, т.б.

Географиялық ақпараттық жүйе немесе геоақпараттық жүйе (ГАЗ) – бұл кеңістіктік және олармен байланысты кеңістіктік емес мәліметтерді жинау, сақтау, өңдеу, талдау мен кескіндеуді және олардың негізіндегі географиялық кеңістік жайлы ақпарат пен білімді қамтитын ақпараттық жүйе.

Географиялық немесе кеңістіктік мәліметтер объектілердің кеңістікте таралуын есепке алуды қажет ететін түрлі саламен айналысатын ұйымдар пайдаланатын барлық ақпарат көлемінің жартысынан астамын құрайды.

ГАЗ кеңістіктік мәліметтердің талдауының негізіндегі оңтайлы басқару шешімінің қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

ГАЗ жүйесі экологиялық жағдайлардың, табиғи ресурстарды орынды пайдалану мониторингінің ғылыми және қолданбалы мәселелерін шешу мақсатында және де инфрақұрылымдық жобалау үшін, қалалық және аймақтық жоспарлау, төтенше жағдайлардағы жедел шара қабылдау үшін пайдаланылады. Өмірде кездесетін алуан түрлі мәселелер келесі белгілер бойынша жіктелетін ГАЗ-лерді құруға алып келді.

Функционалды мүмкіндіктері бойынша ГАЗ:

- Жалпы мақсаттағы толықфункционалды ГАЗ;

Маманданған ГАЗ қандайда бір заттық облыстағы нақты мәселелерді шешуге бағытталған ГАЗ;

- Үйде және ақпаратты-анықтамалық қолдануға арналған ақпараттық анықтамалық жүйелер.

Сонымен қатар ГАЗ-дің функционалды мүмкіндіктері оны тұрғызудағы сәулеттік ұстанымдармен анықталады:

- жабық жүйелер – кеңею (расширение) мүмкіндігі болмайды, ол тек қана сатып алу сәтіне бірімді анықталған функциялар жиынтығын орындауға қабілетті.

ашық жүйелер – арнайы құрылғының көмегі арқылы қолданушының өзімен тұрғызыла алатындықтан пайдалану жеңілдігімен кеңею.

Кеңістіктік деректерді ГАЗ-да ұсыну үшін векторлық және растрлық деректердің құрылымдары қолданылады. Векторлық құрылым – объектілердің геометриясын суреттейтін, кеңістіктік объектілердің координатты парлар (векторлардың) түріндегі ұсынысы.

Растрлық деректердің құрылымдары деректерді екі кабат тор күйінде ұчынады, әр ұяшық тек бір мәнді білдіреді, объекті сипаттайтын, аудандағы немесе суреттегі растрдың ұяшығына сәйкес. Мұндай сипаттама ретінде объект коды (орман, және т.б.), биіктік немесе оптикалық тығыздық алынады.

Тапсырма: «ГАЗ-ды білім беру саласында қолданудың артықшылықтары» атты тақырыпта эссе жазу

6. Тақырып 2сағат

III Бөлім. Табиғатты пайдалану және геоэкология

Табиғатты пайдалану түрлері. Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау

Сабақтың оқу мақсаты:

10.3.1.2 табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, баға беру (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)

Бағалау өлшемдері:

1. Табиғатты пайдалану қажеттілігін түсіндіреді.
2. Табиғатты пайдалану үлгілерінің қоршаған ортаға әсерін анықтайды және бағалайды.
3. Табиғатты пайдалану үлгілерінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту жолдарын ұсынады.

Табиғаттың негізгі ресурстарын пайдалану мен қоршаған табиғи ортаны қорғауды мемлекеттік басқару қоғамды әлеуметтік басқарудың бір саласы, яғни ол мемлекеттік экологиялық басқару болып табылады.

Экология саласындағы мемлекеттік қатынастарды басқаруға негіз болатын үш жағдай бар.

Бірінші-ҚР табиғи ресурстардың жеке дара меншік иесі.

Екінші- ҚР халықтың ресми өкілі.

Үшінші- Қоршаған табиғи ортаны қорғау оның адамның өмірі мен денсаулығына қолайлы болуын қамтамасыз ету қызметін атқаратын мемлекет, оның органдары лауазымды адамдарды заң жүзінде белгіленген өкілеттіктері шегінде жүзеге асыру құқығына ие болады.

Мемлекеттік экологиялық басқару табиғи ресурстарды жер, су, орман жер қойнауы, жануарлар мен өсімдіктер дүниесінің қорларын дұрыс пайдалануды, қорғалуы, табиғи ортаның, оның адам өмірі мен денсаулығына қолайлы болуы саласындағы бағдарламалардың, жоспарлардың және шаралардың орындалуын ұйымдастыру іске асыру болып табылады.

Бұл салада мемлекеттік экологиялық басқарудың құқықтық негіздері ҚР Конституциясы «Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы заң: жер кодексі, жер қойнауы және минералдық шикізаттарды ұқсату туралы, су, орман кодекстері, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, атмосфералық ауаны қорғау туралы және басқа экологиялық заңдар мен заңдық актілер.

Басқарудың нысандарына заң, шаруашылық, құқық қолданушылық, құқық орындаушылық және құқық қорғаушылық қызметтері жатады.

Басқарудың мақсаты экологиялық бағдарламалардың жоспарлардың және шаралардың орындалуын қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау, табиғи қорларды тиімді пайдалануды және осы салалардағы заңдар ережелерінің бұзылмауын қамтамасыз ету, адам өмірі мен денсаулығына қолайлы жағдай жасау.

Басқарудың осы аталған әдістеріне экологиялық қатынастарды реттеп отыру, түсіндіру, тәрбиелеу, білім беру, экономикалық ынталандыру, экологиялық тәртіп пен ережелерді бұзғаны үшін жазаларды қолдану шаралары жатады.

Экологиялық басқарудың мақсаттарын басшылыққа ала отырып, атқарылатын экологиялық қызметі мынандай түрлерге бөлінеді.

ҚР-ң мемлекеттік экологиялық бағдарламасын, облыстардың, қалалардың, аудандардың бағдарламаларын әзірлеп жүзеге асыру.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау мен оны пайдалануды басқарудың экономикалық тетігін белгілеу.

Табиғи ресурстарды пайдалануға беру және ақы төлеу тәртіптерін белгілеу.

Табиғи ресурстарды есепке алу, бағалау.
Жалпыға бірдей экологиялық тәрбие мен білім беруді ұйымдастыру.
Қоршаған табиғи ортаның сапасын нормалау.
Табиғи қорларды пайдаланудың экологиялық нормативтерін белгілеу.
Ластайтын заттарды қоршаған табиғи ортаға шығару мен ластаудың және қалдықтарды орналастырудың тәртібін бекіту.
Республикалық табиғат қорғау қорын құру және оның жұмсалудың тәртібін белгілеу.
Қоршаған табиғи ортаны пайдалану мен қорғауға мемлекеттік қадағалау және оған бақылау жүргізу.
Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу.
Төтенше экологиялық жағдай және экологиялық апат аймақтарын белгілеу.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру.

Қоршаған табиғи ортаны қорғау, табиғи ортаның адам өмірі мен денсаулығына қолайлы болуына жағдай жасау туралы заңдар мен заң актілерін дайындау және қабылдау.

Қоршаған ортаны қорғаудың әдістері қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін ақы төлеу, ластағаны үшін ақы төлеу, табиғи ресурстарды қорғау және толықтыру үшін ақы төлеу, қоршаған ортаны қорғау қорларын құру болып табылады. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру болып, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру болып, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар болжамдық құқық және бағдарламалық нысаналық құжаттар мен материалдарда ескеріледі. ҚР әлеуметтік экономикалық дамуын жоспарлаудың жобаларына табылған пайдаланудың әртүрлі бағыттар жөніндегі ұлттық бағдарламалар және тұжырымдамаларға енгізіледі.

Табиғи ресурстарды жасанды жасалған өндіріс құралдарымен ауыстыру дәрежесінің мүмкіндігі, табиғат қорын жасандымен алмастыру негізгі мәселе болып табылады. Ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін таусылған ресурстардың орнына қолдана отырып, қандай дәрежеге дейін табиғат ресурстарын жұтаңдата береміз? Мұндай ауыстырылу мүмкіндіктері шексіз емес, экологиялық жүйелердің бірқатар функцияларын тіпті де ауыстыру мүмкін емес. Осыған байланысты табиғат капиталының (қорының) аумалы (критический) тұжырымдамасы туындады. Бұл адам өмірі үшін қажет құндылық, оны жасандымен ауыстыру мүмкін емес, олар: ландшафттар, өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін түрлері, озон қабаты, климаттың параметрлері және т.б. Қоршаған ортаның қасиеттері мен эстетикалық сапасы да ауыстыруға келмейді. Экономикалық дамудың кез келген нұсқасында аумалы табиғи капиталды сақтау қажет. Табиғат капиталының (қорының) басқа бөлігіне жасандымен ауыстырылуына болады. Бұл орны толатын табиғат ресурстарына (мұнайды, газды, көмірді Күн энергиясымен алмастыру және т.б.) қатысты.

Тапсырма: «Гендік модификацияланған өнімдердің адам денсаулығына әсері» тақырыбына баяндама жасау

7. Тақырып 2сағат

Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары

Сабактың оқу мақсаты:

10.3.1.1 табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау, графикалық түрде ұсыну

Бағалау өлшемдері:

1. Табиғатты пайдалану қажеттілігін түсіндіреді.
2. Табиғатты пайдалану үлгілерінің қоршаған ортаға әсерін анықтайды және бағалайды.
3. Табиғатты пайдалану үлгілерінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту жолдарын ұсынады.

Дүниежүзіндегі елдердің табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілу дәрежесі әркелкі. Табиғат ресурстарымен қамтамасыз етілу көрсеткіші алуан түрлі ресурстардың қор мөлшерінің арақатынасымен және оның пайдаланылу ауқымымен байланысты. Дүниежүзілік шаруашылықтың күрделі жүйесінде және еңбектің халықаралық үлестірілуінде экономикасы дамыған елдер, негізінен, тұтынушы болса, ал дамушы елдер - шикізат ресурстарын өндіруші әрі экспорттаушы болып табылады. Дегенмен көптеген жоғары дәрежеде дамыған елдер де ресурстардың ірі қорына ие, олар кейбір ресурс түрлерін өндіруден әлемдік жетекші болуы да мүмкін. Жалпы алғанда, осы айтылғандай дүниежүзілік экономикада мамандану бір жағынан, дүниежүзіндегі елдердің тарихи және әлеуметтік-экономикалық даму деңгейімен, екінші жағынан, жекелеген ресурс түрлерінің Жер шарындағы таралу ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Ресурстардың көпшілігі дамушы елдердің, аумақтарында орналасқан. Дүниежүзіндегі табиғат ресурстарының теңдестігі, олардың қорлары, жағдайы және пайдалану болашағы көрсетілген.

Қазіргі таңда табиғат ресурстарын тиімді пайдалану ауқымды проблеманы алып отыр. Себебі, табиғи қорлар қажетті деңгейде қорғалып жатқан жоқ. Елімізде көптеген құнды ресурстар бар, бірақ оны пайдалану деңгейі төмен және де оны жүзеге асыратын маман иелері елімізде тапшы болып отыр. Дамыған елдерде табиғат ресурстарын пайдалану жоғарғы деңгейде, себебі олар шикізат ресурсын өндіруші әрі экспорттаушы болып табылады. Өзіміздің елде де осы мәселені жолға қойсақ, елімізде табиғат ресурстарын тиімді пайдалануда проблемалар болмайды.

Қазақстандағы табиғи қорларды тиімді пайдалану республиканың даму болашағы үшін маңызы зор. Алайда аумақты игеруге қатаң табиғат жағдайлары кедергі келтіреді. Табиғи қорларды игеру мәселесі табиғатты қорғаудың түйінді мәселелерін де туғызады. Табиғи қорларды игерудегі жіберілген қателіктер табиғаттың қай қоры болмасын таусылмайды деген жаңсақ ұғымның үстем болуына байланысты болды. Осының салдарынан табиғаттағы тепе-теңдік бұзылды. Мұны су қорын пайдалану мысалынан айқын көруге болады. Республика үшін су қорын тиімді пайдаланудың маңызы зор. Өйткені дамып келе жатқан өнеркәсіп пен суармалы егіншілік алқаптарының ұлғаюы суды көп қажет етеді.

Табиғат - бұл адамзат қоғамының өмір сүру және іс-әрекетінің қайнар көзі. Өнім өндіру және өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру процесінде адамзат табиғи ресурстарының әртүрлі түрлерін пайдаланады. Табиғат пен қоғамның әрекет ету мәселелерінің ішінде жалпы адамзатқа неғұрлым маңызды міндеттер қоршаған ортаны жақсы жағдайда сақтау қоғамның бірте бірте көбейіп келе жатқан қажеттіліктерін әртүрлі табиғи ресурстармен қамтамасыз ету болып табылады. Жоғарыда аталған мәселелерге байланысты адамды қоршаған ортаны қорғау және табиғатты қорғау жайлы пікірлер туындады. Адамды қоршаған орта адамға қатысты сыртқы болып табылатын табиғи, табиғи – антропогендік және антропогендік объектілер, құбылыстар мен процестердің жиынтығын қамтиды, адам олармен өз іс әрекетін жүзеге асыру процесінде өзара қарым – қатынасқа түседі. Бұл ұғымға адамдар өмірінің қамсыздандырылуы мен өнім өндіру әрекетінің аясы кіреді. Қоршаған ортаның тұрақты жағдайы қамтамасыз ету, оны антропогендік әрекеттің жағымсыз ықпалдарынан қорғау табиғатты қорғаудың маңызды міндеті болып табылады.

Табиғатты қорғау бұл адам әрекеті мен қоршаған табиғи ортаның өзара әрекетін қолдауға бағытталған, табиғи ресурстардың сақталуы мен қалпына келтірілуін қамтамасыз ететін, қоғам қызметінің нәтижесінің табиғат пен адам денсаулығына тікелей және жанама әсерін ескертетін шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңде қоршаған ортаның жағдайына екі түрлі факторлар тобы шешуші түрде ықпал етеді. Олардың біріншісі ғылыми-техникалық революцияны және оның негізінің адамзат қоғамының өндірістік қызметі алғысындағы көрінісін қамтиды.

Екіншісі демографиялық аспектілерді қарастырады және жер бетіндегі тұрғындар санының көбеюі мен урбанизацияны (қала тұрғындары санының өсуі) қамтиды. Бұл факторлар бірге алғанда өндіргіш күштердің даму қарқынына тікелей ықпал жасайды, ол, өз кезегінде, табиғи ресурстардың интенсивті түрде азаюына және онымен байланысты қоршаған ортаның ластануына әкеліп соғады.

Табиғат ресурстарына адам пайдаланатын және материалдық игіліктерді жасау үшін қолданылатын табиғат объектілері жатады.

Табиғат ресурстары бірнеше белгілері бойынша жіктеледі:

- Сарқылатын ресурстарға жақын кезеңде немесе болашақта табиғат қорының сарқылуы;
 - Сарқылмайтын ресурстарға шексіз ұзақ уақыт пайдалануға болатын ресурстар жатады.[4]
- Табиғи қорлар – табиғи ортаның, қоғамның материалдық және рухани мұқтажын қамтамасыз ету үшін, өндірісте пайдаланылатын бөлігі. Табиғи қорларды тиімді пайдалану және адамзатты өне бойын – табиғи қормен қамтамасыз ету өте күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан табиғи қорларды сарқылтпау үшін қалпына келмейтін табиғат байлықтарын тиімді пайдалануға, шикізаттың, отынның, қуаттың жаңа көздерін іздеуге барлық күш жұмылдыруда. Бұл шараларды іске асырудың маңызды жолдары – басқа шикізат түрін кеңінен қолдану және қалдықсыз пайдалану. Осыған байланысты табиғи қорларды қорғаудың бүгінгі таңда дүниежүзілік маңызы бар проблемаға айналуы – заңды мәселе. Табиғи қорларға зиянды әсер тигізетін литосфера, гидросфера, атмосфераның ластануымен ойдағыдай күресу көптеген елдермен бірлесе отырып, бұл күрделі мәселені шешуді талап етеді. Қазақстандағы тектоникалық құрылымдардың ерекшелігі, геологиялық даму тарихының күрделілігі, аумағының кең көлемді болуы мұнда сан алуан табиғи қорларының шоғырлануына жағдай жасайды. Республика аумағынан табиғатта кездесетін пайдалы қазбалардың көптеген түрлері табылған. Сонымен бірге климаттық және минералдық, отын-энергетикалық, т.б. қорлар жөнінен көрнекті орын алады. Желді аудандарда (Шар, Жалғызтөбе, Жетіс қақпасы, Іле аңғары және т.б.) жел қуатын механикалық және электр қуатына айналдыруға болады. 4. Су қорлары. Қазақстанның су қорларына беткі сулардан (өзен, көл, мұздықтар) басқа жер асты суы мен минералды су көздері жатады. Қазақстанның климаты жағдайында өзен жүйесі онша жиі болмағандықтан, халық шаруашылығы үшін жер асты суы қорларын пайдаланудың үлкен маңызы бар. Мал шаруашылығын өркендету үшін шөлейт пен шөл зоналарында артезиан құдықтары пайдаланылады. Үлкен қалаларды, суға тапшы аудандардағы елді мекендерді сумен қамтамасыз ету көбіне жер асты суы есебінен болады. Қазақстан жер қойнауынан құрамында адам ағзасына қажетті тұздары бар минералды су көздері табылған. Мұнда Алмаарасан, Барлықарасан, Қапаларасан, Жаркентарасан, Сарыағаш сияқты санаторий-курорттар осы арқылы емдеу орталықтарына айналған. Жалпы Қазақстан аумағының климаттық ерекшеліктеріне байланысты су қорларының маңызы арта түседі. Себебі қуаң климат жағдайында ауыл шаруашылығын, әсіресе суармалы егістерді өркендету үшін су қорлары басты орын алады. Бұған қоса қалалар мен өнеркәсіп орындарының өсуі, республикадағы су қорларының жетіспеушілік жағдайына әкеп соғады. Еліміздің трансшекаралық өзендері Ертіс пен Ілені ұтымды пайдаланумен бірге экологиясының

қауіпті жағын да ескерген жөн. Олардың бастауы біздің мемлекеттік шекарадан тыс жатқандықтан трансшекаралық өзендердің проблемасы сан қырлы. Олардың шаруашылық және экологиялық сипатымен қатар саяси, тарихи, экономикалық және табиғатын қорғау мәселелері тұр. Көршілес, туыстас мемлекеттермен ортақ өзендердің (Сырдария, Талас, Шу) тағдырына қатысты да дәл осындай проблемалар туындайды. Су қорларын пайдаланудың жыл сайын өсуіне байланысты оларды ұтымды пайдалану, ластанудан қорғаудың маңызы зор. Өзендерге гидротехникалық қондырғылар салу кезінде де жергілікті табиғат ерекшеліктерін ескеру қажет.

Осымен, қортындылай келе біз табиғат ресурстарын тиімді пайдаланып, елімізде бар байлықтарды текке шашпаныздар дегіміз келеді. Табиғат біздің екінші анамыз! Сол себепті табиғат ананың бізге сыйға тартқан асыл байлығын тиімді пайдаланып, келесі ұрпаққа саф күміс қазынадай қалдырайық! Өз елімізде табиғат ресурстарын тиімді өндіру ақсақ болып тұр. Сондықтан, осы жұмысты игеретін мамандар иелерінің шығуына көптеп көңіл бөліп, қолға алғанымыз жөн. Еліміздегі қазір қалыптасқан экологиялық жағдайда өзен суының ластанып немесе құмға сіңіп, ысырап болып жатқаны белгілі. Су қорларының дұрыс пайдаланылмауы, адамның шаруашылық әрекеті нәтижесінде су режимінің өзгеруі өз кезегінде табиғаттың басқа компоненттерінің өзгеруіне әкеп соқты. Тың және тыңайған жерлерді игеру барысында мыңдаған гектар жер топырақ, су және жел эрозияларына ұшырады. Алғашқы жылдары өнім біршама мол болғанымен, кейінгі жылдары бұл көрсеткіш төмендеп кетті. Жыртылған жердің борпылдақ топырағы желдің әрекетінен құнарлы қабатын ұшырып әкетіп, сол жердің топырағы жел эрозиясына ұшырайды. Өйткені топырақтардың құрылымдық ерекшеліктері ескерілмеді. Қолда бар алтынды қадірлей білейік!

Тапсырма: «Егер мен экологиялық сарапшы болсам» тақырыбына презентация жасау

8. Тақырып 2сағат

Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі. Геосфералардың ластануы.

Сабактың оқу мақсаты:

10.3.2.1 геоэкологиялық зерттеулердің мәнін, мазмұнын, бағыттарын және негізгі категорияларын графикалық түрде ұсыну.

Бағалау өлшемдері:

1. Табиғат пайдалану үлгілерінің заңнамалық тәртіппен белгіленген нормаларға сәйкестігін анықтайды.
2. Ғаламдық экологиялық проблемалардың туындауында географиялық заңдылықтардың рөлін анықтайды.

Бұл пән қоршаған ортаны қорғауда табиғатты аялауда туған жердің табиғатының алуан түрлілігін терең білдіруге маңызы зор. Табиғат пен антропогендік геожүйе шекараларға қоршаған ортаның экологиялық жағдайын білу, жақсартуға ұсыныстар жасау, Қазақстан Республикасының байлықтарын сақтау, оны ұтымды пайдалану, қалпына келтіріп отыру, осы қоршаған ортаны қорғау туралы мемлекеттік заңдар, қаулылар, іс-шараларды халықаралық және мемлекет аралық конвенцияларды бөліп талдау пәннің негізгі мақсаты болып табылады. Геоэкология және табиғатты қорғау пәнінің маңызы - қазіргі уақытта шығарылып жатқан заңды жүзінде ат салысу. Бұл пәнді оқи отырып геожүйенің түсінігін, оның басты элементтерімен байланыстарын, айырмашылығын, экономикалық факторлардың жергілікті жерге әсерін біле отырып Қазақстанды геоэкологиялық аудандастырып, геоэкологиялық жағдайын білу.

Геоэкология – жоғарғы иерархиялық деңгейлердің (биосфераға дейін) экожүйесін зерттейтін экология ғылымының бір саласы. Геоэкологияны ландшафт экологиясы деп те атайды. Қазіргі кезде Геоэкологияның алдына қойған міндеттері: 1) ландшафтты сауықтыру, яғни табиғи ландшафтта әр түрлі аурулардың таралуы нәтижесінде болатын адамның науқастану қаупін жоюға бағытталған шараларды белгілеу; аурулардың табиғи ошақтарын зерттеу; ауру қоздырушы және таратушы түрлердің (микроорганизмдер, вирустар, т.б.) экологиясын зерттеу және оны қорғау; 2) бүлінген экожүйелерді қалпына келтіру, яғни адамның іс-әрекетінің жағымсыз зардаптарынан, ландшафттың бүлінген бөліктерін халық шаруашылығына пайдалануға қайтару, т.б. Бұл үшін бүлінген және шаруашылық айналымнан шығарып тасталған жер алқаптарын – шымтезек (торф) өндірілген шұңқырларды, террикондарды (шахталардың жанындағы бос жыныс үйінділер) және кен байлықтарын ашық әдіспен алу кезінде пайда болған үйінділерді, шұңқырларды рекультивациялауды; мал жаю нәтижесінде пайдалануға жарамай қалған жайылымдарды, эрозияға ұшыраған топырақ жамылғысын, тозған топырақтардың құнарлылығын, антропогендік факторлар әсерінен бүлінген суқоймаларын қалпына келтіруді; бүлінген (ағаштары жаппай кесілген, өртенген, т.б.) орман алқаптарына жаңадан ағаштар отырғызу.

Геоэкология - табиғи-антропогендік географиялық жүйелердің экологиялық күйі туралы ғылым. Геоэкологияның пән аралық сипаты. Геоэкологияның теориялық және методологиялық негіздері: мақсаты мен міндеттері. Географиялық қыртыс, ландшафттық сфера, табиғи орта, қоршаған орта, техносфера, элеуметтік сфера ұғымдары. Жер геосфералары, олардың негізгі қасиеттері. Глобалдық экологиялық өзгерістердің бағытын анықтаушы элеуметтік-экономикалық процестер. Адам әрекетінің атмосфераға әсері, атмосфера күйінің өзгерістері және олардың салдарлары. Антропогендік іс-әрекет және гидросфера. Антропогенез және педосфера. Геожүйелер мен экожүйелердің жер-топырақ ресурстарының күйіне антропогендік әсер етудің зардаптары. Адамның іс-әрекетінің литосфераға әсері. Минералдық шикізат ресурстарын ұтымды пайдаланудың міндеттері. Биосфераның Жер геосфераларының бірі ретіндегі негізгі ерекшеліктері. Географиялық және экологиялық жүйелердің қызмет атқаруындағы тірі заттың ерекше ролі және мәні. Жердің осы күнгі ландшафттары – табиғи геожүйелердің антропогендік өзгерістерге түсуінің (трансформациялануының) нәтижесі. Антропогенездің экологиялық салдарлары. Табиғи геожүйелердің антропогендік модификациялары. Геожүйелердің антропогендік әсерлерге тұрақтылығы. Әртүрлі дәрежедегі геожүйелер шекараларында табиғи ортаны оңтайландыру. Табиғатты ұтымды пайдалану мен қорғаудың ландшафттық негіздері. Геоэкологиялық зерттеулердің әдістері. Геоэкологиялық аудандастырудың методикасы. Геоэкологиялық аудандастырудағы таксономиялық бірліктер жүйесі. Геоэкологиялық болжам жасау. Табиғат қорғаушылық және геоэкологиялық бағамдау карталары. Табиғи антропогендік геожүйелердің экологиялық күйін басқару. Қазіргі геоэкологиялық проблемалар.

Геология терминінің пайда болуын неміс географы Карл Тролл ол 1930 экология мен экожүйедегі географиялық зерттеулерді біріктіретін жаратылыстанудың бір бағыты деп санаған Карл ойы бойынша «геоэкология» және « ландшафт экологиясы» синоним болып келеді. Ресейде «Геоэкология» термині көп қалданылуы 1970 жылында басталды, В.Б.Сочав кеңестік географ қолданған соң. Жеке ғылым ретінде ХХ ғ. 90 ж. басында бұл нақты әрі жалпыға бірдей түсінік болды, бірақ геоэкология пәні мен оның мақсатты әр – түрлідей тұжырымдайды. Іс жүзінде ол барлығы антропогендік факторлардың табиғатқа кері ықпалын зерттеуге тоқталады.

Географиялық қыртыс, ландшафттық сфера, табиғи орта, қоршаған орта, техносфера, элеуметтік сфера ұғымдары. Жер геосфералары, олардың негізгі қасиеттері. Глобалдық экологиялық өзгерістердің бағытын анықтаушы элеуметтік-экономикалық процестер. Адам әрекетінің атмосфераға әсері, атмосфера күйінің өзгерістері және олардың

сал-дарлары. Антропогендік іс-әрекет және гидросфера. Антропогенез және педосфера. Геожүйелер мен экожүйелердің жер-топырақ ресурстарының күйіне антропогендік әсер етудің зардаптары. Адамның іс-әрекетінің литосфераға әсері. Мине-ралдық шикізат ресурстарын ұтымды пайдалану-дың міндеттері.

Тапсырма: «Қазақстанды геоэкологиялық тұрғыда қалай аудандасырар едіңдер» тақырыбына презентация жасау

9.Тақырып 2сағат

Геоэкологиялық аудандастыру

Сабактың оқу мақсаты:

10.3.2.3 дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру;

Бағалау өлшемдері:

1. Табиғат пайдалану үлгілерінің заңнамалық тәртіппен белгіленген нормаларға сәйкестігін анықтайды.
2. Ғаламдық экологиялық проблемалардың туындауында географиялық заңдылықтардың рөлін анықтайды.

XX ғасырдың соңғы он жылы дүние жүзі халықтары алдына көптеген шиеленіскен және күрделі проблемаларды қойды. Олар ғаламдық проблемалар деген атқа ие болды.

Ғаламдық проблемалар дегеніміз- бүкіл адамзатқа қатысты проблемалар. Олар дүниежүзілік қоғамдастық елдердің арасындағы қарым қатынастарды, қоғам мен табиғат арасындағы қатынастарды, ресурстармен қамтамасыз етуді бірлесіп шешу мәселелерін қамтиды. Ғаламдық сұрақтар мен ғаламдық жауаптардың болуын, оларды шешу үшін кең көлемді халықаралық ынтымақтастық болуын қамтамасыз етеді. Ғаламдық проблемалар өзінің бір бірімен әрекеттесуінде өзінше мынандай үшбұрыш құрайды: халықтық әлеуметтік және экономикалық дамуы, айналадағы ортаға ықпалы. **Ғаламдық проблемалардың түрлері:** қарусыздану және жер шарында бейбітшіліктің сақталуы, экологиялық, демографиялық, энергетика және шикізат, азық- түлік проблемасы. Дүниежүзілік мұхит, ғарышты бейбіт мақсатта игеру проблемасы.

Қарусыздану және жер шарында бейбітшіліктің сақталуы

Соғыс барлық тарихи дәуірлерде қоғамның дамуына әсерін тигізіп отыр. Бірақ бұрын ешқашан тұтас елдер мен континенттерді жойып жіберудің нақты мүмкіндігі болған емес. Жанталаса қарулану жыл сайын адамзаттың 1 доллар қаражатын жұтады. Бұл жапония сияқты бір елдің ұлттық кірісімен шамалас. Дүние жүзі мемлекеттерінің әскерінде өндіргіш еңбектен қол үзіп 26 млн адам сапта жүр. Бұл ГФР секілді елдің экономикалық тұрғыдан белсенді делінетін бүкіл халқындай. 1988 жылы АҚШ пен КСРО арасында әрекет радиусы орташа және кіші ракеталарды жою туралы шартқа қол қойылды. 1993 жылы Ресей мен АҚШ стратегиялық шабуыл қаруларын қысқарту туралы келісімге қол қойылды. Кейбір аймақтық жанжалдар бітістіріліп, ядросыз аймақтар құру басталды. *Шешу жолдары:* бейбітшілік саясатын жүргізу, халықаралық қатынастарды реттеу, қару жаракқа түсетін қаржы мөлшерінің төмендеуі тиіс.

Экологиялық проблема

Экологиялық проблема дегеніміз - қоғам мен табиғаттың қарым қатынасының айналадағы ортаны сақтаудың проблемасы. XX ғасырдың екінші жартысында айналадағы ортаға түсетін салмақ ерекше күрт өсті. Қоғам мен табиғат арасындағы қарым қатынаста сапалық өзгеріс байқалады. Бұл халық санағының күрт өсуімен түсіндіріледі. Планетаның интенсивті түрде индустриялануы мен урбандалуы нәтижесінде шаруашылық салмақ жер-жердің бәріне экологиялық жүйелердің өздігінен тазару және қалпына келу қабілетінен

асып түсе бастады. Ормандардың құртылуы қатерлі шекке жетті. Жыл сайын 11 млн тропиктік орман ғайып болды. Шөлге айналу процесі жүріп жатыр. Соңғы жылдары стратосфераның *озон қабатының* бұзылу қаупі анықталды. Бұл әсіресе Антарктида үстінде анық байқалып отыр. *Шешу жолдары:* қалдықсыз технологияны қолдану, дамушы елдерде энергетика проблемасын шешу, ормандар салу, қорықша және қорықтар сияқты территориялардың салынуын ұйымдастыру.

Энергетика және шикізат проблемалары

Адамзатты отынмен және шикізатпен қамтамасыз ету проблемалары. Оларға мұнайдың, табиғи газ бен отынның және шикізаттың басқа түрлерінің барланған қорының айтарлықтай шектеулігі, өндірудің геологиялық жағдайларының нашарлауы, өндіру және тұтыну аудандары арасындағы территориялық алшақтықтың артуы жатады. *Шешу жолдары:* Энергия сақтайтын технологияны пайдалану, альтернативтік энергия көзін пайдалану керек.

Азық- түлік проблемасы

Ғалымдар тұтынылатын тағамның калориялық формасы тәулігіне 2300-2600 ккал және 70-100 г белоктан кем болмауға тиіс деп санайды. Алайда БҰҰ- ның деректері бойынша адамзаттың 2/3 үнемі азық- түлік жетіспейтін елдерде тұрады. *Шешу жолдары:* адамзат өсімдік пен мал шаруашылығының, балық аулаудың мүмкіндіктерін толығырақ пайдалануы тиіс. Ол үшін биотехнологияны, механикаландыруды, химияландыруды, сонымен бірге тарихи Месопотамия мен Ежелгі Египеттен, Үндістаннан бастап бірнеше мың жылға баратын мелиорациялауды дамытудың шешуші маңызы зор. Осы интенсивті жол адамзаттың азық- түлік мәселесін шеше алады.

Дамушы елдердің артта қалушылығын жою

Дамушы елдердің артта қалғандығының бір айғағы - сауатсыздықтың жаппай таралуы. 90 жылдардың басында 15 жастан асқандардың әрбір үшінші адам сауатсыз болды. Бұл 1 млрд- қа жуық адам хат танымайды деген сөз. Дамушы нашар елдердің артта қалушылығы ең алдымен Африка континетімен байланыстырылады. Әлеуметтік- экономикалық жағдайы өте нашар елдер: Буркино- Фасо, Уад, Руанда, Гвинея және т.б. Осымен қатар дамушы елдердің борыштары да өсіп кетті. 1980 жылы дамушы елдердің борышы 650 млрд доллар, ал 1989 жылы 1263 млрд долларға жетті. Сол млрд -қа жеткен борыштарды төлеу елдің экономикасына тым ауыр тиеді. *Шешу жолдары:* дамушы елдерге экономикалық көмек көрсетіп, денсаулақ сақтау жүйесін дамыту керек.

Ғарышты бейбіт мақсатта игеру жана көкжиектер

Ғарыш- адамзаттың ортақ игілігі болып табылатын ғаламдық орта. Ғарыштық бағдарламалардың елеулі күрделене түсуі көптеген елдер мен халықтардан техникалық, экономикалық, интеллектуалдық күш жігерлерін шоғырландыруды талап етті. Болашақ ғарыш индустриясы мен ғарыш технологиясын, ғарыштық энергетика қорларын қолданудың белгілері барған сайын айқын көрінуде. *Шешу жолдары:* ғарышты зерттеу үшін бірнеше елдер қатысуымен өтетін халықаралық бағдарламаларды жүзеге асыру, ғарыштың зерттелуі бейбіт мақсатта жүргізілу керек.

Дүниежүзілік мұхит проблемалары

Соңғы жылдарда Дүниежүзілік мұхиттың пайдаланылуы күрт күшейді. Теңіз саудасының көлемі сан есе ұлғайып, флоттың тоннажы едәуір көбейді. ГФР кемелерінің әсіресе танкілерінің көлемі мен сыйымдылығын қауырт өзгертті. олардың жүк көтерімділігі 200-300 мың тоннадан асып түсті. Жағалауға түсетін реакциялық салмақ арта бастады. Интенсивті шаруашылық әсерінен мұхит ластанады. Мұнай таситын кемелер апатқа ұшырағанда, Дүниежүзілік мұхиттағы экологиялық жағдайға ерекше зиянын тигізеді. Сондақтан бұл мұхит проблемаларын тек адамзаттың іс әрекеті шеше алады.

Ғаламдық проблемалар - әлемді тұтас қамтитын табиғи, табиғи-антропогендік немесе таза антропогендік құбылыстар. Осы құбылыстардың даму процесі **жаһандану** деп аталады. Қазіргі таңда Халықаралық деңгейде мынадай ғаламдық проблемалар бар:
Ресурстар проблемасы;

Азық-түлік немесе ашаршылық проблемасы;
Энергетикалық проблема;
Демографиялық проблема;
Климаттың өзгеруі;
Экологиялық проблемалар;
«Үшінші әлем» елдерінің артта қалуын жою;
Қауіпті ауруларды жою;
Әлемдік мұхит пен космосты игеру;
Қылмыспен және терроризммен күрес;
Наркобизнеспен күрес.

Ғаламдық проблемаларды ерекше білім саласы - глобалистика зерттейді. Аталған ғаламдық проблемалар өзара тығыз байланысты және барлығы іс жүзінде жердегі экологиялық дағдарыстың даму процесімен қамтылады. Әрбір ғаламдық проблеманы міндетті түрде шешу қажет, өйтпесе оның дамуы апатқа - өркениеттің жойылуына дейін апарып соғады. Ғаламдық проблемаларды шешу үшін ғаламдық, аймақтық, ұлттық бағдарламалар жасалады, бірақ оларға келісушілік және үйлестірушілік жетіспейді. Ғаламдық проблемаларды шешуге жұмсалатын шығындардың жартысына жуығын экологиялық проблемаларды шешу шығындары құрайды. Өйткені басқа проблемалардың ішінде ғаламдық экологиялық проблемаларды ең артықтау проблема деп санайды.

Ғаламдық экологиялық проблемалар - ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде айқындалған экологиялық проблемалар кешені. Зор геосаяси проблеманың экологиялық қауіптілігінің мынадай көріністері бар: табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, Әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әралуандылықтың азаюы және т.б. Олар тек қана барлық елдердің қатысуымен, БҰҰ-ның басқаруымен шешілуі мүмкін. Экологиялық проблемалардың ғаламдығы оны шешу үшін барлық елдердің жігерін жұмылдыру қажеттігін тудырып отыр; қарудың барлық түрлерін азайтпай экологиялық дағдарыстан айырылу мүмкін еместігі; биосфераның жалпыға ортақ ластануына қарай ядролық соғыс ғана емес, тіпті жай соғысты жүргізудің мәнсіздігі; қазіргі өркениеттің технологиялық құрылымын қайта құру, өмір негізі болатын табиғатпен өзара іс-әрекеттің жаңа сапалы әдістері мен құралдарын жасау; қоршаған ортаны қорғау проблемасы бойынша БҰҰ органдары жұмысының тиімділігін арттыру және оларға төтенше өкілеттік беру.

Бейбітшілік – адамзаттың асыл құндылықтарының бірі. Адамзат өмір бойы үнемі тыныштықта, мәңгілік бейбіт өмір сүруді армандайды. Бірақ нақты өмірде оған ешқашан толық қол жеткізген емес. Өткен тарихқа көз салсақ, адамзат қоғамы соғыстардан көз ашпады. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда, соңғы 5.5 мың жылда жер бетінде небары 292 жыл ғана бейбітшілік «билік» етіп тұрыпты. Қалған уақыттың бәрінде «Тыныштық керек болса – соғысқа дайындал»-деген қағидамен өмір сүріппіз. Осы аралықта жер бетінде 15 мыңнан астам қантөгіс шайқастар өтіпті. Екінші дүниежүзілік соғыстан бері жер бетінде бейбіт өмір орнады десекте, әлемнің түрлі аймақтарында ірілі-ұсақты соғыстар, қарулы қақтығыстар, лаңкестік әрекеттер жиі кездесуде. Батыстың бір ғалымының есептеуіне қарағанда өткен XX ғасырдың соңғы 45 жылында әлемде бар жоғы 12 ғана «бейбіт» күн болыпты. Кейінгі 40 жылдың ішінде ғана дүниежүзінде 250 соғыс болып, 354 млн. адам қаза тауыпты.

Сөйтіп, бейбітшілікті сақтау, соғысты болдырмау, бейбітшілік үшін күресу – XXI ғасырдың да өзекті мәселелерінің бірі болып, мұраға қалдырылды, Халықаралық қоғамдастық бейбітшілікті сондықтан жалпы адамзаттың құндылықтар қатарына қосып отыр.

Тапсырма: «Қазақстандағы өндіріс орындарында қолданылатын тазартқыш құралдардың рөлі» тақырыбына баяндама жазу

10. Тақырып 2сағат

Экологиядағы инновациялық технологиялар және табиғатты пайдалануды реттеу

Сабактың оқу мақсаты:

10.3.2.10 экологиялық проблемаларды шешудегі инновациялық технологиялардың рөлін анықтау

Бағалау өлшемдері:

1. Қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктейді.
2. Геосфераның ластану деңгейін, себептерін және салдарын зерттейді.

Экологиялық технологиялар жасыл технологиялар немесе **таза технологиялар** - қоршаған орта мен табиғи ресурстарды қадағалау, модельдеу, сақтап қалу және адами теріс әсерлерді алдын алуға бағытталған экология ғылымы, химия, экологиялық мониторинг және электрондық құрылғылардың қолданылуын білдіреді. Сондай-ақ, бұл термин фотовольтаика, жел генераторлары, биореакторлар және тағы сондай сияқты орнықты энергия өндіру технологияларын сипаттауға қолданылады. **Экологиялық технологиялар** термині ресурстарды орнықты басқаруға арналған электронды құрылғыларды да қамтиды.

ҚМГККО озық технологияларды қолданудың тағы бір сенімді мысалы – тереңде жатқан оқшауланған жер асты жиектеріндегі өндірістік ағыстарды толтыру. Өндірістік ағыстың құрамдас бөлігінің негізгі құраушысы көмірсутегі шикізатымен бірге өндірілетін жоғары минералданған қабат сулары. Оны су бетінде тазарту тұзды қалдықтардың мол мөлшерінің пайда болуы себебінен экологиялық талапқа сай келмейді. ҚМГККО аумағындағы өндірістік ағыстарды кәдеге жаратуда оны жер астына көму үшін полигондар тұрғызылған. Онда әрі қарай шаруашылық мақсатта пайдалануға жарамсыз аса жоғары минералданған ағын (тұзды) сулардың жерасты суларына қосылуын болдырмайтын қабаттары оқшауланған жиектер бар. Өндірістік ағыстарды қабатқа толтыру жобалардың мемлекеттік органдарымен келісу негізінде және Қазақстан заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Қазіргі кезде жер астына көму жер бетінде өндірістік судың жиналуының және оны су объектілеріне лықсытудың басты баламасы. Осылайша бұл технология әу баста табиғатты қорғауға бағытталғанымен ерекшеленеді. Өнеркәсіптік ағыстарды жер қабаттарына тиімді толтыру көпжылдық әлем практикасымен расталып отыр. Кен орнында пайда болатын шаруашылық-тұрмыстық ағын сулар үшін ҚПО жекеменшік тазарту имараттар кешенін пайдаланады. Тазартылған шаруашылық-тұрмыстық ағын сулар арнайы тұрғызылған екі тоған-жинақтағышқа жиналады. Мұндай судың сапасы бұрғылау ерітінділерін дайындау, екпе ағаштарға құю, шаңды басу және құрал-жабдықты сумен сынау үшін оны қайта пайдалануға мүмкіндік береді. Осылайша ҚПО су қоймалары мен жерасты суларын таза сақтау, су жинау көлемін төмендету үшін технологиялық процестерде суды қайта пайдалану жөніндегі міндеттерді орындайды. Жоғары экологиялық стандарттардың қағидаларын ұстана отырып, ҚПО толығымен Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» ауысу жөніндегі бастамасын қолдайды. Сондықтан басты басымдықтардың қатарында өндірістік объектілердің қоршаған ортаға әсерін ұдайы төмендету кезінде қауіпсіз пайдалану болып қала бермек. 2020 жылы ҚПО жаңа технологияларды қолданудың мүмкіндіктерін іздестіру және бағалауды жалғастырмақ. Көп жағдайда, тәуелсіз үшінші тараппен кезекті энергетикалық аудит жүргізу жоспарланып отыр. Энергетикалық ресурстарды тұтынуды, ең жақсы әлемдік практикаларды енгізуді талдау көзделген, сондай-ақ энергия тиімділігін әрі қарай арттыру және парник газдарының шығарындыларын төмендету бойынша іс-шаралар тізбесі анықталатын болады. Бұдан басқа, ҚПО болашақ

жобаларды энергиямен, соның ішінде жаңғырмалы энергия көздері есебінен қамтамасыз етудің қосымша мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеуді жалғастыра бермек. «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы қауіпсіз ортаға адам құқығын сақтау, қалдықтарды басқару, шығарындыларды төмендету, су ресурстарын тиімді пайдалану, энергияны үнемдеу және биологиялық алуан түрлілікті сақтауды қамтитын тұрақты даму бойынша жыл сайынғы есептерді алғашқылардың бірі болып іс жүзіне асырғанын айта кеткен жөн. Консорциум Қарашығанақта жұмыс істеген уақытында табиғатты қорғау іс-шараларын іске асыруға 405 миллион доллар инвестиция салды.

Тапсырма: «Қалдықсыз технология түрлеріне» реферат жазу

11. Тақырып 2сағат

Табиғатты қорғау шаралары. Табиғатты қорғауда жеке тұлғаның рөлі

Сабақтың оқу мақсаты:

11.1.3.1. Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін “экономикалық жүйе,” дәстүрлі (аграрлы) экономика” “жоспарлы(социалистік) экономика” ұғымдарын пайдалану.

Бағалау өлшемдері:

1. Қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктейді.
2. Геосфераның ластану деңгейін, себептерін және салдарын зерттейді.

Табиғат- адам баласының тіршілік тынысы әрі таусылмас қазынасы. Адам табиғаттың туындысы ретінде біте қайнасып, өміріне қажетті азық қорын алады. Биологиялық түр ретінде алғашқы адамдар табиғат ресурстарын тұрпайы күйінде пайдаланып келді. Бертін келе, саналы түрде үй шаруашылығы мен айналысып, өсімдіктерді баптап өсіріп, жануарлардың кейбір түрлерін қолға үйретті.

Табиғат қорғау дегеніміз табиғат ресурстарын пайдалану барысында оның тиімді жолдарын іздеу, қайта түлету, бүліну, ластану жолдарынан сақтау және қорғауды жүзеге асыру. Табиғат қорғауға ғылыми тұрғыда бағытталған халықаралық, мемлекеттік және қоғамдық ауқымдағы іс шаралар жатады.

Соңғы жылдары жер шарында барлық табиғат қорлары бұрын-соңды болмаған антропогендік өзгерістерге ұшырап отыр. Олардың ең бастысы- әлемдік климаттағы өзгерістер. Күн мен жел энергиясы сарқылмайтын қор болғанымен, өнеркәсіптік қарқындап дамуына байланысты ауаға зиянды газдар, шандар көтеріп, адамдардың денсаулығына қауіп төндіруде. Бұл апатты құбылыстар өнеркәсібі шоғырланған ірі қалаларда өріс алып отыр. Ауа кеңістігінің ластануы Дүниежүзілік мұхиттар мен теңіздерге де өз ықпалын тигізуде. Өркениетті елдер сияқты біздің республикамызда да табиғат қорғауға көп көңіл бөлініп отыр. 1997 жылы қоршаған ортаны қорғау туралы заң қабылданды. Заңның негізгі мақсаты еліміздің табиғатын қорғау мен оның байлығын халық қазынасы ретінде болашақ ұрпақтардың салтанатты өмір сүру үшін сақтау.

Табиғатты қорғаудың бірнеше ұстанымдарын айта кетсек:

Табиғат байлықтарын пайдалануды тұтынушылардың мақсатын ескере отырып жүзеге асыру. Мысалы: орман тек қана құрылыс материалы ретінде емес, ол ауа райын реттеуші, ылғал көзі, дәрі дәрмек, аң мен құстың мекені, топырақты қорғаушы және адам үшін денсаулық кепілі екенін ескеру қажет.

Табиғат байлықтарын пайдалану барысында оның жергілікті жер үшін маңызы мен қорын қатаң есепке алу. Бұл әсіресе орман, су қоры үшін қажет. Мысалы: Эмудария мен Сырдарияның өзендерін ауыл шаруашылығы барынша пайдаланып, оның Арал теңізі үшін маңызы ескерілмеді. Нәтижесінде, Арал теңізінің біржола құрып кету қаупі төніп тұр.

Табиғат қорларын пайдаланғанда олардың бір-бірімен байланысты екендігін есте сақтау керек. Яғни, табиғаттың тарихи-табиғи байланысын, тепе-теңдік процесін бұзбау деген сөз. Мысалы: Семей өңірінің Шыңғыстау ормандарының құрылыс үшін кесілуі-осы өңірді аң-құсы мен шұрайлы жайылымынан айырды.

Табиғатты тиімді пайдалану және оның негізгі ұстанымдары

Экология мен табиғат қорғау ғылымдары бірін-бірі толықтырып отырады. Экология ғылымы табиғатты тиімді пайдалану мен қорғаудың ғылыми-теориялық негізін жасайды. Сонымен бірге табиғат ресурстары мен оның құрауыштарында экологиялық факторларды қоршаған ортамен және адамның іс-әрекетімен байланыстыра отырып зерттеп, оны жүзеге асырудың негізгі тұжырымдары бекітілді. Ал табиғат қорғау ғылымы-экология ғылымының негізгі тұжырымдарын жүзеге асыратын мемлекеттік немесе қоғамдық игі істер жиынтығы. Экология мен табиғат қорғау апаттарына жол бермейді. Нәтижесінде, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мен оны қорғаудың жоспары жүзеге асады. Сондықтан «табиғат қорғау» ұғымының мәні зор. «Табиғат қорғау» ұғымына жақын «қоршаған ортаны қорғау» ұғымы да жиі қолданылады. Ол адам баласының қоршаған табиғи ортаны әлеуметтік-экономикалық тұрғыда қорғаудың жиынтығы. Ал табиғатты тиімді пайдалану-табиғат ресурстарын пайдалану мен оны қайта түлетудің ең ұтымды әрі адамға пайдалы технологиясы.

Адам баласы табиғатты қорғау үшін оның заңдылықтары мен негізгі ұстанымдарын білуге міндетті:

Биосфера шегінде барлық тірі организмдер бір-бірімен байланысты және қарым-қатынас жағдайында ғана тіршілік етуге бейімделген. Бұл байланыстардың біреуінің бұзылуы табиғаттағы тепе-теңдікке өзгерістен әкелуі мүмкін. Сондықтан адам баласы әрбір табиғат құрауыштарының орта мен табиғи экожүйедегі ролін білуі тиіс.

Табиғатта ешбір зат жоғалып кетпейді. Егер адам баласы жаңа бір затты дүниеге әкелсе оны жоюдың да жолын ойлауы керек. Ол зат табиғи айналымға түсуі тиіс. Мысалы: адам полиэтиленді ойлап тапты. Полиэтилен табиғатта айналымға түспейді. Себебі, оны ыдырататын редуцент яғни бактерия жоқ. Осыдан барып жер бетінде қоқыстар көбеюде.

Заттардағы барлық өзгерістер энергия жұмсау мен жүзеге асады. Яғни, энергияның сақталу заңы бойынша жұмыс істейді. Сол үшін адам баласы табиғатты пайдаланған кезде оны өндіру мен қайта түлетуді үйлестіре отырып, адам мен табиғаттың қауіпсіздігін сақтауы керек.

Табиғаттағы экожүйелер мен ондағы қарым-қатынас ұзақ жылғы тұрақты даму эволюциясының жемісі. Сондықтан адам баласы оны бұзбауы керек. Ал бұзған жағдайда қайтымсыз экологиялық апаттарға алып келуі мүмкін. Осыған орай, табиғат қорғау ғылымы алдында бірнеше маңызды міндеттер тұр:

өндірісті, өнеркәсіпті және агрокешендерді игеру кезінде табиғатқа түсетін салмақ ең аз мөлшерде болуы керек;

өндірісті пен өнеркәсіп салаларын ұйымдастыру кезінде адам баласы мен табиғат арасында экологиялық қауіпсіздік сақталуы тиіс;

табиғат ресурстарын игеру кезінде оның қоршаған ортаға пайдалы әсеріне көңіл бөлінуі керек;

табиғат ресурстарын сорл қалпында сақтау үшін қорықтар, ұлттық сая бақтар мен басқа да ерекше қорғалатын объектілерді көбейту қажет;

қоршаған орта мен адам баласының денсаулығын сақтау үшін экологиялық қауіпсіздік шаралары қадағаланып отырады.

Табиғат қорғаудың міндеттері мен ұстанымдарын жүзеге асыру алдын ала ескерту және нақты шешім қабылдау арқылы анықталады.

Алдын ала ескерту шаралары белгілі бір аймақтағы табиғат объектілерін анықтап, оны қорғау мен қалпына келтіруді жоспарлап отырады.

Нақты шешім қабылдау шаралары – табиғаттағы адамның іс-әрекетінен бүлінген немесе ластанған, жарамсызданған объектіні қалпына келтіру немесе жою жұмыстары.

Мысалы: ауаның ластануы, топырақ эрозиясы, орманның қырқылуы т.б.

Табиғатты қорғаудың тағы бір мақсаты-экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ол қазіргі және болашақ ұрпақтың салауатты өмір сүруі үшін адамның теріс іс-әрекеттерін шектеу және табиғаттағы төтнеше апаттарды болдырмау. Оны жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Конституциясы және табиғат қорғау заңдары.

Табиғатты қорғауды жүзеге асырудың негізгі бағыттары.

Табиғат қорғаудың негізгі бағыттарын білу әрбір азаматтың міндеті болып саналады. Олардың негізгілерін қарастарсақ:

Жекеленген өндіріс орындары мен өнеркәсіптерді, агроэкологиялық кешендерді игеруде қазіргі заманғы ғылым мен техника жаңалықтарын пайдалану. Өндіріске аз қалдықты немесе қалдықсыз технологияны енгізу;

Экологиялық заңдардың орындалуын үнемі қадағалау;

Ірі құрылыстарды, өнеркәсіп кешендерін т.б. объектерді салуда экологиялық сараптама жасау;

Табиғатты қорғау мәселелерін шешу жолдары, оның барысы туралы үнемі үгіт насихат және ақпарат жүйесін ұйымдастыру.

Жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру әрбір азаматтың міндеті мен борышы болып саналады. Сонда ғана біз туған жеріміздің табиғатын өз қалпында сақтап қалуға немесе қайта түлетуге үлес қоса аламыз.

Тапсырма: «Қазақстанның ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі рөлі» тақырыбына презентация жасау

12. Тақырып 2сағат

Қоршаған ортаның антропогендік өзгеруі. Қоршаған ортаның сапасы

Сабақтың оқу мақсаты:

11.3.2.1 - қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктеу

Бағалау өлшемдері:

1. Қоршаған орта сапасының көрсеткіштерін жіктейді.
2. Геосфераның ластану деңгейін, себептерін және салдарын зерттейді.

Жоспары:

1. Антропогендік факторлар
2. Қоршаған ортаға антропогендік әсер
3. Антропогендік әсер нәтижелері

1. Антропогендік фактор (грек. anthropos – адам, genos – тегі, пайда болуы, лат. factor – іс-әрекет) – адамның барлық тірі организмдердің мекен ортасы ретіндегі табиғатты өзгертуіне әкеп соғатын немесе олардың тіршілігіне тікелей әсер ететін сан алуан әрекеттері. Антропогендік факторға қоршаған ортаға адамның тигізген іс-әрекетінің нәтижесінде атмосфера, өзен-көл және мұхит құрамының өзгеруі, сондай-ақ технология қалдықтар мен радиоактивтік заттардың әсерінен топырақтың ластануы, сөйтіп, жалпы экожүйенің құрамы мен құрылысының бұзылуы жатады. Қазіргі кезде адамның іс-әрекетінің кең көлемде бүкіл биосфераға ерекше әсер етуі жер шарының барлық аймақтарында айқын байқалуда. Атмосфера аэрозоль және газ тәрізді заттардың нәтижесінде ластанады. Аса

үлкен ластануды ластаушылардың 80% құрайтын газ тәрізді заттар тудырады. Бұларға күкірт, азот, көміртегі қосылыстары жатады. Көмірқышқыл газы жеке жағдайда қауіпті емес, бірақ оның жинақталуы «парниктік эффект» секілді глобальды мәселеге әкеп соқтырады. Оның салдарынан жердегі климаттың жылынуы байқалады.

Атмосфераға күкірт және азот қосылыстарының түсуі әсерінен қышқыл жауын жауады. Күкірттің қос тотығы мен азот қышқылы ауада сумен әрекеттесіп, кейін сұйық күйіндегі азот және күкірт түрінде жауын шашынмен бірге жерге түседі. Бұндай жауын топырақтың қышқылдығын арттырып, орманның, әсіресе қылқынды орманның солуына, өсімдіктердің жойылуына алып келеді. Өзендер мен көлдерге түскен жағдайда биологиялық тіршіліктің - балықтар мен микроағзалардың қырылуына соқтырады.

Бұндай глобальды масштабтағы әсер шөлейттену процесін тудырады. Шөлейттенудің негізгі факторы - адамның іс-әрекеті. Антропогендік фактор әсерлерінің арасында орманды кесу, жерді шектен тыс немесе дұрыс пайдаланбауда жатады. Ғалымдардың айтуынша антропогенді шөл алаңы табиғи алаңнан артып кеткен. Сондықтанда шөлейттену глобальды процесске айналып отыр.

Суды 400 түрлі зат ластауы мүмкін. Егер судағы санитарлық-токсикологиялық, жалпысанитарлық немесе органолептикалық көрсеткіштер шектеулі межеден асып кетсе, онда ол су ластанған болып есептеледі. Ластаушылар химиялық, бактериологиялық және физикалық болып бөлінеді. Оның ішінде жиі кездесетіні химиялық және бактериологиялық.

Химиялық ластану (ХЛ) – органикалық (фенолдар, пестицидтер), бейорганикалық (тұздар, сілтілер, қышқылдар), улы (мышьяк, сынап қосылыстары) және усыз.

Бактериологиялық ластану – суда патогендік бактериялардың, вирустардың, саңырауқұлақтардың болуы.

Механикалық қоспалар да суды ластайды. Технологиялық сулармен, ыстық аумақтармен араласып кетуі судың жылулық ластануына әкеліп соғады.

2. XX ғасырдың басында адамның қоршаған ортаға әсерінен жаңа заман басталды. Қоршаған ортаға антропогендік әсер күрт өсіп отыр. Бұл табиғи ландшафттың өзгеруіне, глобальды экологиялық проблеманың пайда болуына әкелді. Чернобыль апаты барлық Шығыс және Солтүстік Еуропаға қатер төндірді. Қалдықтар глобальды жылынуға, озон тесігінің пайда болуына әсер етеді.

Географиялық қабыққа адамның әсері ең алдымен индустриалану деңгейіне байланысты. Антропогенді ландшафт 60% жуық құрлықты алып жатыр. Бұндай ландшафттарға қала, ауыл, жол, өндірістік және ауылшаруашылық орталықтар жатады. 8 дамыған ел жердің жарты табиғи ресурсын пайдаланады және атмосфераға ластағыштардың 2/5 бөлігін тастайды.

Глобальды экологиялық проблемалар жақсарту үшін шешім қабылдауға барлық елді біріктіреді. 1997 жылы шілдеде Денверде алдыңғы қатардағы индустриальды мемлекеттердің «сегіздік» отырысында талқыланды. «Сегіздік» глобальды жылыну мәселесімен күресу және 2000 жылы атмосфераға зиянды тастуларды 15% азайту шараларын қарастырды. Бірақ бұл барлық проблемаларды шешпеді, негізгі жұмыс тек дамыған мемлекеттер алдында ғана емес дамушы мемлекеттердің де алдында тұрған мәселе.

3. Қазіргі кезде географиялық ортаға антропогендік әсер өте көп және барлығы бақыланбайды.

Климаттың өзгеруі - түгелдей жер бетінде немесе оның ірі аймақтарында климат жағдайларының ұзақ бағытты (он жылдан астам) немесе ырғақты (геологиялық уақытта, тарихи уақытта) өзгерулері. Палеогеографиялық зерттеулердің негізінде анықталған геологиялық климаттың өзгерулері Жер тарихында ұзаққа созылған жылы және суық кезеңдердің болғанын дәлелдейді.

Көбінесе метеорологиялық байқаулардың негізінде, сондай-ақ дендрохронологиялық және т.б. әдістермен анықталатын қазіргі Климаттың өзгерулері кейінгі ондаған (кейде жүздеген)

жылды қамтиды және циклді сипатта болады. Әр түрлі себептерден туындаған ұзақтығы 11, 35, 80—90 жылдарға созылған, сондай-ақ ғасырдан асқан климаттық ырғақтар (мысалы, 1800—1900 жылдық ырғақтар) және т.б. анықталды. Климаттың Күн активтілігінің ғасырлық және ғасырдан ұзақ өзгерістерімен байланыстары туралы болжамдар да бар. Климаттың өзгерулері әр түрлі дәрежеде табиғи ортаның барлық құрам- бөліктері мен ауыл шаруашылығы өндірісіне әсер етеді.

Озон тесігі (Озоновая дыра; грек, озон — иісі шығу, аңқу) — ғаламшардың озон қабатындағы озон (көк түсті, өткір иісті газ) құрамының едоуір төмендеуінен I (50 %-ға дейін және одан да жоғары) 20-25 км биіктікте пайда болған кеңістік. Бұл — жердің озон қабатының тозуындағы күрделі экологиялық моселенің бір бөлігі. Антропогендік факторлардың салдарынан атмосфераға суытқыштар (фреондар) мен азот оксиді (космостық аппараттар және ұшақтардың органикалық отынының толық жанбаған өнімі) шығарындыларының көп бөлінуінен ғаламшардың озон қабатында бұзылу процесі басталған.

Чернобыль апаты, атом бомбасының жарылысы салдарынан кейбір аудандардың радиоактивті ластануы байқалады.

Региональды және глобальды экологиялық тепе теңдіктің бұзылуы жоғарыда айтылған процестер нәтижесінде. Осында ластану салдарынан адамның иммунодефицит вирусы — ВИЧ, емделмейтін ауру — СПИД, және малдың лейкоз қоздырғышы және құтыру аурулары т.б. пайда болады.

Қала және ауылдардаортаның нашарлауы, дыбыстық ластанудың артуы, ауа және топырақтың ластануы, стресс, осының бари «психологиялық шаршауды» тудырады.

Бақылау сұрақтары:

Диоксиндердің қоршаған ортаға әсері қандай?

Топырақтың ластануы неге байланысты?

Топырақтың тұздылығы қалай өзгереді?

Топырақ тұздылығы қай жыл мезгілінде ерекше байқалады?

Тапсырма: Қазақстанда өткен «ЭКСПО көрмесінің ұтымды жақтары» атты тақырыбына эссе жазу

13.Тақырып 2сағат

IV Бөлім. Геоэкономика

Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі

Сабактың оқу мақсаты:

10.4.1.2 геоэкономиканың негізгі категорияларын түсіндіру

Бағалау өлшемдері:

1. Геоэкономиканың мақсаттары мен міндеттерін, негізгі категорияларын түсіндіреді.
2. Елдер мен өңірлердің экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің ролін айқындайды.

Геоэкономика (геоэкономика) - мемлекеттің экономикалық күші тұрғысынан жаңа экономикалық геосаясат (геосаяси экономика), сыртқы саяси мақсаттарға қол жеткізу, жаһандық немесе өңірлік билікті экономикалық құралдармен қамтамасыз ету. Геоэкономика - бұл сыртқы және ішкі қауіптердің әсерінен көп салалы байланыс кеңістігінде экономикалық даму стратегиясының ғылымы, осы жерде және әлеуметтік уақыттағы жоғары өмір сапасын қамтамасыз етеді.

Геоэкономикалық көзқарас АҚШ-та Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін алғаш рет дамыды және «КСРО-ның қоршау доктринасында» көрінді.

Геоэкономиканың мақсаты мен міндеттеріне: әлемдік саясатта жанжалдардың ерекше түрлерінің генезисі мен формалары - жаһандық ауқымдағы геоэкономикалық қақтығыстар; экономиканың және географиялық кеңістіктің қатынасы, климаттың және ландшафттық ерекшеліктердің шаруашылық қызметтің нысандары мен формаларына әсері; жаһандану жағдайында мемлекеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру саясаты мен стратегиясы; дүниежүзілік экономикадағы экономикалық тұрғыдан өзін-өзі қамтамасыз ететін аймақтарды қалыптастырумен байланысты халықаралық еңбек бөлінісінің жаңа типологиясы;

халықаралық қатынастар саласындағы саясат пен экономикадағы өзара іс-қимыл, стратегиялық басымдықтар мен жаһандық басқарудың негіздерін қалыптастыру. Геоэкономиканы зерттеу тақырыбы мемлекеттік және аймақтық құрылымдардың ғана емес, сондай-ақ нақты халықаралық құрылымдардың - экономикалық, қаржы және интеграциялық бірлестіктердің, трансұлттық корпорациялардың, еуроорегиалардың, еркін экономикалық аймақтардың, сондай-ақ геосаяси субъектілердің (немесе блоктардың) даму үдерістеріне кіреді. Геоэкономикалық зерттеулер сыртқы және ішкі экономикалық саясатты реттеуге бағытталған нақты іс-шараларға, белгілі бір мемлекеттің немесе ұлтүстілік блоктың геоэкономикалық орналасуын жақсартудың ұзақ мерзімді стратегиясына бағытталған ұсыныстарды тұжырымдауда көрінетін оң, теориялық, нормативтік, прагматикалық болып табылады.

Атап айтқанда, әлемді бай Солтүстік және кедей елдерге бөле отырып, дәстүрлі тәсілдер арасында ерекшеленеді; Христиан Батыс және христиан емес; Американдық (НАФТА және Оңтүстік Америка), Еуропалық (Еуропалық Одақ) және Тынық мұхиты (Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Тайвань) геоэкономикалық кеңістіктері. Геоэкономикаға ұқсас зерттеулер әлемдік экономика, экономикалық география, аймақтық, демография және т.б. сияқты ғылымдар аясында жүзеге асырылады.

Геоэкономика аясында ұсынылатын шаралар ауқымы экономикалық, сауда-саттық, технологиялық, валюталық соғыстар, экономикалық интеллект (өнеркәсіптік тыңшылықты қоса алғанда) және қарама-қайшылықтармен байланысты, қорғаныс (қорғау, меркантилистік) және қорлау әрекеттерін қамтиды.

Америка Құрама Штаттарында геоэкономиканың негізін қалаушы - американдық тарихшы, халықаралық қатынастар және әскери жанжалдар мен стратегиялардың тарихы саласындағы маман Эдвард Люттвак. Люттвак экономикалық геосаясатты бәсекелесе отырып, экономикалық бәсекелестікті жеңуге бағытталған саясат ретінде геоэкономиканың сыртқы саяси мақсаттарына қол жеткізу үшін әскери күштерді қолдануға ерекше назар аударады. Геоэкономиканың мақсаттары мен міндеттері:

- климаттық және ландшафттық ерекшеліктердің шаруашылық қызметтің формалары мен заңдылықтарының әсерін;
- халықаралық күштік әскери-саяси бәсекелестікті экономикалық бәсекелестікке ауысуын;
- жаһандану жағдайында мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру стратегиялары мен саясаттарын;
- еңбек бөлінісінің жаңа типологиясын;
- халықаралық қатынастар саласындағы саясат пен экономиканы біріктіруін зерттеу.

Геоэкономика - мемлекеттік стратегиялық дамуды, экономикалық жолмен әлемдік және аймақтық күштердің артықшылығын реттейтін ғылым. Геоэкономика – жаһандану мен аймақтану факторының әсерінен қалыптасқан заманауи геосаясат ретінде қарастырылады.

Геоэкономиканың негізгі категорияларына:

- Экономика;
- Кеңістік;

Стратегия;

Үстемдік.

Экономика - материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну үрдісі кезінде адамдар арасында пайда болатын өндірістік қатынастар.

Экономикалық кеңістік - көптеген объектілер мен байланыстар бар; елді мекендер, өнеркәсіптік кәсіпорындар, экономикалық жағынан игерілген және рекреациялық аймақтар, көлік және инженерлік желілер және т.б. дамыған аумақ.

Экономикалық стратегия - үкіметтің, аймақтар әкімшіліктерінің, кәсіпорындар фирмалар басшыларының өндіріс, бюджеттің кірісі мен шығысы салықтар, күрделі жұмсалымдар, баға, әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша ұзақ мерзімді қағидаттық нұсқаулары, жоспарлары ниеттері; басшылық өнері; дамудың белгілі бір кезеңінде қалыптасқан өмір шындығын басшылыққа ала отырып, осы жұмысты жүргізудің жалпы жоспары.

Үстемдік — бір субъекттің екінші субъекттен басымдылық ету жағдайы.

Экономикалық география – қоғамның экономикалық өмірінің аймақтық ұйымдастырылуын зерттейтін қоғамдық географиялық ғылым.

Экономикалық география жалпы, дүниежүзілік шаруашылық, аймақтық экономикалық және салалық болып бірнеше топқа бөлінеді. (өнеркәсіп географиясы, ауыл шаруашылық, транспорт, қызмет көрсету ж.т.б.)

Тапсырма: геоэкономикалық түсініктің мағынасын ашу және оған мысалдар келтіру

14.Тақырып 2сағат

Шаруашылықты ұйымдастырудың аумақтық факторлары. Дүниежүзілік шаруашылықтың құрылымы және аумақтық модельдері

Сабактың оқу мақсаты:

10.4.1.5 шаруашылық салаларын орналастыруда кеңістіктік (аумақтық) факторларды талдау 10.4.1.6 дүниежүзілік шаруашылықтың салаларын заманауи орналастыру факторларын талдау

Бағалау өлшемдері:

- 1.Шаруашылықтың түрлі салаларындағы кәсіпорындарды орналастыру факторлары мен шарттарының жиынтығын талдайды
2. Әлем елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстырады.

Дүниежүзілік шаруашылық салаларын орналастыру факторлары. Шаруашылық салаларын орналастыруға әртүрлі факторлар ықпал етеді. Оларды шартты түрде байырғыжәне заманауидеп екіге бөлуге болады. Байырғы факторлар қатарына аумақ, экономикалық-географиялық жағдай, табиғи-ресурстық, көлік, еңбек ресурстары мен аумақтық шоғырлану факторларын жатқызуға болады.Шаруашылықты орналастыру факторлары

Көлік факторыбұрынырақта өндірістің орналасуына шешуші ықпал ететін. ҒТР заманындағы көлік революциясы қатынас жолдары мен көлік құралдарын жетілдіруге алып келді. Дегенмен оның ықпалы аумағы үлкен елдерде әлі де сақталып отыр.

Еңбек ресурстары факторыөзінің маңызын ҒТР заманында да жойған жоқ. Еңбек ресурстары факторының ықпалы екіжақты көрініс табады: бір жағынан, өнеркәсіпке, өндірістік емес салаға басқа елдерден қосымша жұмыс күші тартылады; екінші жағынан, өндірісті арзан жұмыс күші бар жерлерге ығыстыруға болады. Бірақ жаңа жағдайларда еңбек ресурстары тек сандық жағынан ғана емес, сапалық (кәсіби) тұрғыдан да бағаланады.

Халық саны көп, урбандалған аумақтар тұтынушы фактортұрғысында да ықпал етеді. Қала тұрғындарының сұраныстарын қамтамасыз ету мақсатында тез бұзылатын және тасымалдауға онша жарамсыз өнімдер (нан, кондитер және сүт өнімдері және т.б.) шығаратын өндірістер дамиды.

«Аумақтық факторлар. Аумақ — қоғам-ның географиялық ортасының аса маңызды элементтерінің бірі. Біріншіден, елдің жер көлемі үлкен болған сайын алуан түрлі табиғат ресурстарына да бай келеді. Яғни, өндірісті орналастыру үшін мүмкіндіктер де соғұрлым көп болады. Мұның Қазақстанға да қатысы бар. Екінші жағынан алғанда, үлкен елдерде алысқа тасымалдау, аумақтың әркелкі игерілуі, қажетті инфрақұрылымды жасаудағы қиындықтар да бар. Мысалы, әлемдегі жер көлемі ең үлкен ел саналатын Ресейдің аумағы біркелкі игерілмеген. Алуан түрлі табиғат, соның ішінде экстремалды жағдайлары тармақталған көлік инфрақұрылымын құруға кедергі келтіреді. Ал шағын елдерде аумақты инфрақұрылымдық мәселелер аса өзекті емес. Бірақ мұндай ел-дерде шаруашылықтың аумақтық құрылымы жылдам қалыптасады. Сонымен қатар бұл елдерде шаруашылық салаларын орналастыру мүмкіндіктері аса шектеулі болады. Өйткені олардың көпшілігі қазірдің өзінде ең басты ресурс, яғни жер тапшылығын сезінуде. Мұн-дай елдердің бірі — Сингапур.

Табиғи-ресурстық фактор. Индустриялан-дырудың бастапқы кезеңдерінде бұл фактор шаруашылықтың көптеген салаларының орна-ласуын анықтайтын. ҒТР заманында бұл тәуел-ділік едәуір азайып кетті. Табиғи-ресурстық фактор әлі де болса ауылшаруашылығының, тау-кен өнеркәсібінің, рекреациялық шаруа-шылықтың мамандануы мен орналасуын анықтайды. Әсіресе бұл фактор шикізатты көп қажет ететін өнеркәсіп өндірісінің (жылу энергетикасы, су энергетикасы, металлургия, химия және орман өнеркәсібі) орналасуында елеулі рөл атқарады.

«Экономикалық-географиялық жағдай (ЭГЖ) факторы. ЭГЖ қолайлы немесе қолайсыз «болуы мүмкін, соған сәйкес ол өндірістің дамуына жағдай жасап немесе оны тежеуі мүмкін. Әйгілі географ Н.Н.Баранский аумақтық ЭГЖ-ның басты төрт түрін бөліп көрсеткен, олар аумақ экономикасының дамуына түрліше әсер етеді.

«Тарихи тұрғыдан алғанда өндірісті орналастыруда экономика-лық-географиялық жағдайдың үш элементі айрықша рөл атқарды. Олар: «орталық», «көршілік» және «теңізге шыға алу» мүмкіндігі. «Орталық» деп жақсы игерілген, экономикалық даму деңгейі салыстырмалы түрде жоғары аумақта орналасуын айтады. «Орталық» ылғи да ауданның ел орталығындағы орнын білдірмейді. Нақты аумаққа қатысты «шеткі» ұғымының мағынасы да осындай. Мысалы, АҚШ үшін Солтүстік-Шығыс, Қытай үшін Шығыс, ал Аустралия үшін Оңтүстік-Шығыс орталық болып табылады.

Көршілік жағдайдың қолайлы ықпалын Канаданың оңтүстік-шығыс аудандарының мысалынан көруге болады. Мұндағы өндірістер америкалық кәсіпорындармен біртұтас технологиялық тізбек құрап, тығыз байланысқан. Мексиканың солтүстік аудандарында да осыны көруге болады, мұнда өндіріс (жеңіл өнеркәсіп, электроника және т.б.) өз өнімдерін АҚШ-қа жөнелтуге бағдарланған.

Теңіз ежелден бері дүниежүзі аймақтарын бір-бірімен жалғас-тырушы қызметін атқаратын. Теңіз маңындағы орын арктикалық теңіздерді есептегенде, барлық уақытта да елдегі ЭГЖ-ның қо-лайлы белгісі болып табылады. ҒТР заманында оның рөлі одан әрі артты. XX ғасырдың ортасынан бастап көптеген елдерде шаруашы-лық салалары теңізге қарай ығысты. Дүниежүзіндегі халық саны 1,5 млн адамнан асатын ірі қалалардың 2/3-сі теңіз жағалауында орналасқан. Өзінің теңіз жағалауындағы орнын Қытай, Сингапур, Корея Республикасы, Нидерланд және т.б. елдер тиімді пайдалануда. «Аумақтық шоғырлану факторы. Онымен өндірістік шоғырлану (кәсіпорындар көлемінің артуы) және шаруашылық пен халықтың аумақтық шоғырлануы байланысты болады. Әсіресе астаналық қа-лалар мен көмір алаптары маңында қалыптасқан байырғы (ескі) өнеркәсіптік аудандар көзге түседі. Оларға өндірісті шоғырландыру-дың кері салдарлары тән. Бұл, ең алдымен, қоршаған ортаға жүк-теменің артуынан көрінеді. ҒТР заманында бұл

фактор өзінің бас-тапқы маңызын жоғалтуда: шағын және орташа кәсіпорындар салу арқылы өндірісті аумаққа шашыратып орналастыру жүріп жатыр.

Тапсырма: «Жаһандану түсінігіне» эссе жазу

15. Тақырып 2сағат

Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері.

Экономикалық дамудағы әлемдік тәжірибе

Сабактың оқу мақсаты:

10.4.1.11 дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу

Бағалау өлшемдері:

1. Қазақстан өңірлерінің экономикалық дамуын теңестіру бойынша жолдарын анықтайды.
2. Қазақстанның әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштерін айқындайды.
3. Шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымын талдайды.

Қазіргі кезде жекелеген елдер мен аймақтар әлемдік экономикада алатын орны жөнінен бір-бірінен үлкен айырмашылық жасайды. Сондықтан елдердің нақты әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін салыстырып, сипаттауда сандық көрсеткіштер жүйесі кеңінен пайдаланылады. Жеке елдің дүниежүзілік шаруашылықтағы орнын және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін сипаттауда:

- 1) ел экономикасының типі;
- 2) жерінің ауданы және оның игерілу деңгейі;
- 3) халқының саны мен еңбек ресурстарының құрылымы;
- 4) жалпы жиынтық өнімнің (ЖЖӨ) келемі мен құрылымы;
- 5) халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы;
- 6) елдің халықаралық еңбек бөлінісіндегі орны сияқты маңызды көрсеткіштердің жиынтығы пайдаланылады.

Аталған көрсеткіштердің біріне қарап, елдің типін анықтау жаңсақтық болады, сондықтан еларалық салыстырулар жүргізуде өте көп мөлшерде сандық деректер ескеріледі. Ел экономикасының ауқымы, ең алдымен, жалпы жиынтық өнім көлемімен анықталады. Жиынтық өнімнің екі түрі бар: жиынтық ішкі өнім (ЖІӨ) және жиынтық ұлттық өнім (ЖҰӨ). ЖІӨ жыл ішінде белгілі бір аумақта өндірілген тауарлар мен көрсетілген қызметтің жалпы құнын көрсетсе, ЖҰӨ көлемін анықтауда аумақтағы шетелдік кәсіпорындар үлесі есептелмейді. Әдетте, географтар салыстырулар жүргізгенде ЖІӨ көлемін ғана есепке алады. Әртүрлі елдердегі ЖІӨ көлемінің көрсеткіштері алшақтық жасамас үшін бірыңғай бірлік — АҚШ доллары пайдаланылады. XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзі елдері арасында ЖІӨ көлемі жөнінен АҚШ жетекші орынға ие болды. Елдің экономикалық даму деңгейін анықтауда жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші де ескеріледі. Бұл көрсеткіш бойынша дүниежүзі елдері арасында үлкен алшақтық байқалады. Қазақстанда 2006 жылы сатып алу қабілетін ескергенде ЖІӨ көлемі ресми бағам бойынша 143 млрд АҚШ долларын құрады, оның жан басына шаққандағы көрсеткіші 9400 долларға тең болды. Ресей географтары дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейіне, әлемдік экономикадағы орнына қарай экономикасы дамыған елдер, өтпелі экономика тән елдер және дамушы елдер деп үлкен үш топқа бөледі. Дамыған елдер тобына нарықтық экономика тән, Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымына ("Париж клубы") мүше елдер енеді. Бұл елдерге жиынтық ішкі өнімнің және энергияны тұтынудың жан басына шаққандағы көрсеткішінің жоғары болуы, адамның өмір жасының ұзақтығы, қызмет көрсету саласының басымдылығы, экономикасының "ашықтығы", ауыл шаруашылығы үлесінің төмендігі тән. Аталған елдер экономикалық дамудың постиндустриялық кезеңіне

аяқ басқан; олардың үлесіне дүниежүзілік жиынтық өнімнің жартысынан астамы тиесілі. Постиндустриялық елдердің экономикасының ашық сипатта болуына "көрінбейтін экспорт" (көлік және қаржы қызметі, туризм, байланыс, ақпараттық қызмет көрсету) әсерін тигізеді. Бұл елдерде байланыс жүйелерінің күшті дамуы ірі фирмалардың қызметкерлерінің үйінде жұмыс істеуіне (АҚШ-та олардың саны 4 млн адамға, ал Ұлыбританияда 1,3 млн адамға жетті), жеке филиалдардың жұмысын үйлестіру мақсатында бейнеконференциялар ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Кейбір ғалымдар постиндустриялық елдер тобына халықаралық мамандану ерекшелігіне байланысты экономикасында қызмет көрсету саласы басым болатын дамушы елдерді (Панама, Либерия, Джибути және т.б.) де енгізеді. Дегенмен бұл елдердің жалпы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі дамыған елдерден әлдеқайда төмен екендігі ескерілуі қажет.

Экономикасы дамыған елдер тобын: жоғары дамыған елдер Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері және "қоныс аударған капитализм" елдері деп жіктейді. Жоғары дамыған АҚШ, Жапония, ГФР, Франция, Италия, Ұлыбритания және Канада әлемдік экономиканың басты үш орталығын (еуропалық, америкалық және азиялық) қалыптастырады. Бұл елдер арасында соңғы жылдары, әсіресе Жапонияның даму қарқыны айрықша көзге түседі, ол қазіргі кезде аса ірі халықаралық қаржы және өнеркәсіп орталығына айналған. Батыс Еуропаның шағын капиталистік елдері экономикасының даму деңгейінің ғана емес, халықтың әл-ауқатының да жоғары болуымен және саяси жағдайдың тұрақтылығымен ерекшеленеді. Әлемдік экономикада өзіндік орны бар бұл елдердің ЖІӨ құрылымында банк қызметі мен туризмнің үлесі едәуір жоғары. Бұрын Ұлыбританияның отары болған Аустралия Одағы, Израиль, Жаңа Зеландия және Оңтүстік Африка Республикасы "қоныс аударған капитализм" елдері болып табылады. Экономикасының даму ерекшелігіне байланысты бұл топқа жоғары дамыған елдер қатарына енетін Канаданы да жатқызуға болады. Аталған елдердің экономикасында әлемдік деңгейдегі экономика алпауыттары жетекші рөл атқарады. Басқа дамыған елдерге қарағанда бұл елдерде тау-кен өнеркәсібінің үлесі жоғары, экспортында шикізат пен ауылшаруашылық өнімдері басым.

Өтпелі экономика тән елдер тобын кезінде социалистік даму жолында болған елдер (Шығыс Еуропадағы және бұрын КСРО құрамында болған елдер, Қытай, Моңғолия, Вьетнам, Лаос, Куба) құрайды. Экономиканың өтпелі сипаты бұл елдерде айқын көрінеді; оларда орталықтан жоспарланатын социалистік экономикадан нарықтық экономикаға өту жүзеге асырылуда.

Дамушы елдер тобын саны жағынан көп, өте ала-құлалығымен ерекшеленетін елдер құрайды, олардың барлығы дерлік Азияда, Африка мен Латын Америкасында орналасқан. Бұл елдерге экономиканың көпсалалылығы, әлеуметтік және аумақтық айырмашылықтар, халықаралық еңбек бөлінісінде шикізатты өндіру мен сыртқа шығаруға мамандануы, отарлық экономика сарқыншақтарының сақталып қалуы тән. Дамушы елдер экономикасының ала-құлалығы, әсіресе қазіргі заманғы индустриялық елдер мен әлеуметтік-экономикалық дамуы жағынан артта қалған мешеу елдер экономикасындағы айырмашылықтардан айқын көрінеді. Дамушы елдерді экономикасының ауқымына, халықаралық еңбек бөлінісіндегі орнына, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне байланысты алты топшаға жіктейді. Кейбір алдыңғы қатарлы дамушы елдер жиынтық ішкі өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші мен әлеуметтік даму деңгейі, өнеркәсіптің даму қарқыны жөнінен жоғары дамыған елдерге жақындайды. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі төмен дамушы елдердің көпшілігінде демографиялық, экологиялық жағдайдың асқынуы байқалып, халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуге қатысты проблемалар туындауда. Соңғы жылдары алдыңғы қатарлы елдерде ақпараттық экономиканың басым бола бастауы дамыған елдер мен дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіндегі айырмашылықтарды одан әрі тереңдете түсті. Дамушы елдердің басты артықшылығы болып есептелетін шикізат қоры

мен арзан еңбек ресурстарына сұраныс азаюда; бұл дамыған елдерде шикізатты аз қажетсінетін және ақыл-ой еңбегіне негізделген экономиканы дамытумен байланысты түсіндіріледі.

Сонымен, қазіргі заманғы дүниежүзілік шаруашылыққа елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің әртүрлілігінен айқын көрінетін аумақтық айырмашылықтар тән болады.

Тапсырма: «Ғаламдық бәсекеге қабілеттілік индексі» туралы қысқаша хабарлама дайындау

16. Тақырып 2сағат

Қазақстан Республикасы экономикалық дамуындағы мақсатты көрсеткіштер мен индикаторлар

Сабақтың оқу мақсаты:

10.4.1.10 Қазақстан Республикасы үшін тиімді шаруашылықтың құрылымын, шаруашылық салаларының арақатынасын, шаруашылығының аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау

Бағалау өлшемдері:

1. Қазақстан өңірлерінің экономикалық дамуын теңестіру бойынша жолдарын анықтайды.
2. Қазақстанның әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштерін айқындайды.
3. Шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымын талдайды.

Қазақстан экономикасы - Қазақстанда нақты жұмыс істейтін нарықтық экономика құрылған. 2006 жылғы мамырда экономикадағы жұмыспен қамтылғандар саны 7991,4 мың адам болды. Өнеркәсіптің жетекші салаларының қатарына түсті және қара металлургия жатады. Қазақстанның мысы, қорғасыны, мырышы және кадмий сапасының жоғары деңгейде болуына байланысты әлемдік нарықта сұранысқа ие және бәсекеге қабілетті.

Қазіргі таңда экономикалық дамудың негізгі көзі елдің шикізат әлеуетін пайдалану болып табылады. 1985 жылмен салыстырғанда көміртегі шикізатын өндіру көлемі 225 пайызға өсті, ал дүние жүзі бойынша бұл көрсеткіш 1,3 есеге жуық өсті. 2005 жылы мұнай өндіру (газ конденсатын қоса алғанда) 61,9 млн. тоннаға, табиғи газ өндіру 25,2 млрд текше м болды. Қазақстанда болашақта ашық кен орындарын игеру есебінен 2015 жылға қарай 150 млн. тонна мұнай және 79 млрд текше м газ мөлшерінде көмірсутегі шикізаты өндіріледі. 2009 жылдан бастап мұнай өндірудің негізгі өсімі Каспий шельфінде байқалады деп көзделіп отыр.

Еуропа елдері Қазақстан экспорты көлемінің негізгі бөлігін алады. Қазақстан ірі отын-энергетикалық өңір болып табылады. Еуропа елдері арасында Қазақстан экспортын негізгі тұтынушылар Швейцария, Италия, Польша, Германия болып табылады. Еуропа елдеріне экспорт жасау мұнай, ферроқорытпалар, металлургия өнеркәсібі өнімдерін, бидай сату есебінен артып отыр. Азия өңіріндегі елдерге қазақстандық өнімдерді жеткізу көлемі ұлғайды, онда негізгі тұтынушылардың бірі қытай өнеркәсібі болып табылады.

1998-2005 жылдар аралығында ЖІӨ-нің нақты көлемі 1,8 есе артты, ал ЖІӨ-нің орташа жылдық өсімі 9,1% болды. 1998-2005 жылдары ЖІӨ-нің жан басына шаққандағы көлемі 2,5 есе артты. Қазақстанның ЖІӨ-нің көлемі 2006 жылы 76 млрд. долларға жетті, ол жан басына шаққанда 5,1 мың АҚШ долларын құрайды.

Қазақстанның қаржы жүйесі ТМД елдерінің ішіндегі ең озық жүйенің бірі деп танылды. Банк секторы өз дамуында Достастықтың басқа елдерінен айтарлықтай алдыңғы қатарда келеді. Қазақстан банктерінің жиынтық активтері (50 млрд. АҚШ долларынан астам) Украина банктерінің жиынтық активтеріне теңеседі. Қазақстан Шығыс Еуропа елдерінің бірқатарынан алдыңғы қатарда. Қазақстанның капиталы сыртқы нарықта белсенді орын алуда, 2005 жылы бұл көрсеткіш 15 млрд. АҚШ долларына жетті. Қазақстан тұрақты

элеуметтік-экономикалық дамуды, сыртқы қолайсыз жағдайларға тәуелділікті төмендетуді қамтамасыз ету үшін бірінші болып Ұлттық қор құрды. 2001 жылдан бастап барлық мұнай түсімдерінің 60% Ұлттық қорда жинақталады. Аталған қордың көлемі 2005 жылдың соңындағы 8 млрд долларға қарағанда, 2006 жылы 14,5 млрд. АҚШ доллары болды. Елдің алтын валюталық қоры Ұлттық қорды қоса есепке алғанда 2006 жылғы 30 қарашада 15,086 млрд. АҚШ долларына дейін өсті.

2006 жылы Қазақстанның халықаралық қорлары Ұлттық қордың қаржысын қоса алғанда ағымдағы бағамен 29 764,8 млн. АҚШ долларын құрады.

Республика экономикасына 50 млрд. АҚШ долларына жуық тікелей шетелдік инвестиция тартылған. Қазақстан ашық сыртқы сауда саясатын дәйекті жүргізуде. Мәселен, 2004 жылы сыртқы сауда айналымының көлемі 7 млрд. доллардан астам оң сальдомен 33 млрд. АҚШ долларына жақындап, 1994 жылмен салыстырғанда 3 еседен астам өсті.

2005 жылғы қаңтар-қараша аралығында Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы ұйымдастырылмаған сауданы қоспағанда 41016,4 млн. АҚШ долларын құрады. Сыртқы сұраныстың және жоғары экспорттық бағалар нәтижесінде экспорт 25197,4 млн. АҚШ доллары болды. Тұрақты ішкі сұраныстың қалыптасуы нәтижесінде импорт 15819 млн. АҚШ долларын құрады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында сыртқы сауда географиясы негізінен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығымен шектелсе, ол қазір айтарлықтай кеңейді. 2004 жылы Қазақстанның тауар айналымы құрылымында бірінші орынға ЕО-қа мүше елдер, Ресей, Швейцария және Қытай шықты.

Республикадағы саяси және экономикалық тұрақтылық, қолайлы инвестициялық жағдай дүние жүзіндегі Қазақстанның жоғары рейтингінің сақталуына ықпал етті.

Қазақстан бүгінгі таңда ТМД елдерінің ішінде бірінші болып Moody's Investors Service, Standard & Poor's и Fitch Rating's Ltd сияқты жетекші халықаралық рейтингтік агенттіктердің инвестициялық класс рейтингін алды.

2005 жылғы 20 желтоқсанда Fitch Rating's рейтингтік агенттігі Қазақстан Республикасының инвестициялық рейтингін шетел валютасындағы ұзақ мерзімді облигациялар бойынша «BBB» деңгейіне дейін және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді облигациялар бойынша «BBB+» деңгейіне дейін жоғарылатты, сондай-ақ шетелдік валютадағы қысқа мерзімді облигациялар бойынша «F3» деңгейін растады. Бұл ретте барлық берілген рейтингтер «тұрақты» екені болжанып отыр. Осы агенттіктің соңғы есебіне сәйкес, Қазақстанда минералдық ресурстардың қомақты қорының болуы оның экономикалық келешегі зор екенін айқындайды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Бүкіл әлемдік банктің жіктеуі бойынша, кірісі орта деңгейден жоғары елдердің тобына жатады. Тұрмыс сапасының негізгі көрсеткіштерін салыстырсақ, соңғы 10 жыл ішінде қазақстандықтардың ақшалай табысы орта есеппен 5 есе өсті; орташа айлық жалақы 6 есеге жуық өсті; ең төменгі жалақы 25 есе өсті; ең төмен жалақы мөлшері 25 есе; зейнетақының орташа айлық мөлшері 4,6 есе артты.

2006 жылғы мамырдағы жұмыссыздық деңгейі 7,7% мөлшерінде қалыптасты (2005 жылғы мамырда – 8,2%). Мемлекеттің 2005 жылы тегін медициналық көмектің кепілді көлеміне бөлінген шығыстары 2003 жылмен салыстырғанда 1,7 еседен астам өсті.

Тапсырма: «Қазақстанның экономикалық дамуына әсер еткен теңіз маңы факторы» туралы қысқаша хабарлама дайындау

17. Тақырып 2сағат

Қазақстан Республикасы аймақтарының геоэкономикалық жағдайы мен әлеуеті, даму стратегиялары

Сабактың оқу мақсаты:

11.4.1.1 - Қазақстан аймақтары шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстырып талдау.

аумақтық құрылымын, экономикалық дамуындағы тиімді көрсеткіштерді анықтау

Бағалау өлшемдері:

1. Қазақстан өңірлерінің экономикалық дамуын теңестіру бойынша жолдарын анықтайды.
2. Қазақстанның әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштерін айқындайды.

Кез келген ел экономикасы үшін аймақтық деңгейде, олардың даму ерекшеліктері негізінде, мемлекеттік реттеудің маңыздылығы өте жоғары. Аталмыш маңыздылықтың басты сипаты ел аймақтарының даму деңгейлерінің әртүрлілігінде болып табылады. Осы негізде мемлекеттің аймақтарға қатысты ұстанымдары мен реттеу механизмдерін қолдану бағыттарының таңдалуы да өзекті мәселе болып табылады.

Республиканың қазіргі экономикалық кеңістігі әлеуметтік, экономик-калық, экологиялық ерекше мәселелермен сипатталатын әр түрлі аймақтарды қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда және аймақтардың мамандандырылу қағидасына сәйкес республика аймақтарын төрт топқа бөлуге болады. • шаруашылықтарының құрылымы экспортқа бағытталған; • индустриялық дамыған; • агроөнеркәсіптік; • дағдарыстық.

Бірінші топ - стратегиялық сипаттағы минералды ресурстардың айтарлықтай қорларын иеленетін және ғылыми-өндірістік әлеуетінің қарқынды дамуына жеткілікті мүмкіндігі бар, бірақ ауылдық аумақтарының экономикалық — әлеуметтік артта қалуымен, экологиялық жағдайларының нашар болуымен ерекшеленетін аймақтар. Бұл аймақтарға Қазақстанның экономикасын дағдарыстан шығару және тұрақтандырудың рөлі беріледі. Осы аймақ топтары үшін төмендегідей мәселелер кешенін шешу қажет деп атап көрсетуге болады: • минералдық шикізат және көмірсутек шикізаттарын кешенді өндірумен өңдеудің жаңа технологияларын енгізу негізінде стратегиялық шикізат түрлеріне бай жерлерді интенсипті игеру; • отандық және шетелдік инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық климатты анықтайтын және әлемдік стандартқа жауап беретін жоғары дамыған өндірістік, әлеуметтік және нарықтық инфрақұрылымдарды құру; • ауылдық аумақтарының дамуындағы «жинақталған» күрделі мәселелерді (әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, т.б.) шешу.

Екінші топқа - ауыр индустрия салаларына нақты маманданған, жоғары технологиялық ғылыми жетістіктер қажетсінетін өнріс құру үшін қолайлы экономикалық жағдайлары және жоғары ғылыми-өндістік әлеуеті бар, негізінен қаржылық ресурстармен өзін-өзі қамтамасыз ете алатын аймақтар жатады. Бұл аймақтарды дамытуда шешуді талап ететін мәселелер қатарына төмендегілерді жатқызуға болады: • шетел инвестицияларын тарту жолымен экспорттық әлеуетті қалыптастыру; • жаңа ғылымды қажетсінетін өнімдер шығаруды ұйымдастыру, жаңа технологиялар негізінде құрал-жабдықтар мен машиналар, электроника құралдары, автомобиль құрылымы жаңа материалдар, лазер технологиясын дамыту; • нарықтық инфрақұрылымды дамытуды жеделдету.

Үшінші топ - ауыл шаруашылығына маманданған агроөнеркәсіптік кешенді аймақтар. Бұл топтағы аймақтар үшін халықтың жұмысбастылығын қамтамасыз ету және жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында ауыл шаруашылығы мен оған сабақтаса дамитын салаларда шағын және орта бизнесті дамыту қажет.

Олардың әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтандыру үшін келесідей мәселелер өз шешімін табуы тиіс: • ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру үшін тиімді мамандандыруды жүзеге асыру; • ауыл шаруашылық өнімінің жоғары сапалылығын және экспорттық әлеуетінің өсуін қамтамасыз ететіндей өндірістік үрдістерге жаңа технология мен техникаларды енгізу және пайдалану; • тұтыну нарығын тепе-тең түрде дамыту мақсатында, тұтыну заттарын өндіретін ауыл шаруашылығының және өнеркәсіп салаларының материалдық-техникалық базасын нығайту, міндетті түрде өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды құру.

Төртінші топқа — қысылшаң (экстремальды) табиғи-климаттық, әлеуметтік — экономикалық және техника — технологиялық жағдайдағы, шаруашылықтың салалық құрлымы ұтымды емес дағдарыстық аймақтар, сонымен қатар экологиялық дағдарысқа ұшыраған аудандар жатады. Бұл аймақтарда жинақталған мәселелерден «арылу» үшін мемлекеттік реттеудің нақты шаралары қажет.

Аймақтағы дағдарыстың нақты белгілері мынадай: өндіріс қарқынының төмендеуі; халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі (жан басына шаққандағы табыстың төмендігі); жұмысбастылыққа қатысты жағымсыз тенденциялардың етек алуы (жұмыссыздықтың жоғары деңгейі); демографиялық, экологиялық, әлеуметтік қызыметтер көрсету саласындағы мәселелердің күшеюі және т.б.

Мемлекеттің аймақтық саясаты белгілі бір кеңістіктегі ұлттық шаруашылықтың теңдігіне қол жеткізу үшін республикалық аймақтардың артықшылығын анықтау негізінде салық-бюджет саясатын қалыптастыру және дамыту мақсатында аймақтарды топтарға бөлу шараларының жиынтығы. Экономикалық реформалардың шарттарына жаттығу, әлеуметтік-экономикалық жағдайларды тұрақтандыру процестері сияқты құбылыс-тардың бәрі осы аймақ деңгейінде шешіледі.

Аймақтарды мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары болып мыналар саналады: Елдің экономикасын біртұтас шаруашылық кешені ретінде ескере отырып, мемлекеттік деңгейде әрбір аймақтың даму болашағын анықтау; Аймақ ресурстарын (еңбек, жер, су, энергетика) ұтымды пайдалана отырып, әрбір аймақтың экономикасын пропорционалды дамытуды қамтамасыз ету; Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерін теңестіру; Өндіріс мұқтаждығын ескере отырып, тұрғындары территория бойынша ұтымды орналастыру; Ауыл мен қала арасындағы қарама-қайшылықты азайту; Халықтың және экономикалық өмірдің ірі қалаларға шоғырлануы процесін реттеу.

Аймақтық саясат халық шаруашылығы кешеніндегі әрбір аймақтың экономикалық орнын, ерекшеліктерін ескереді. Аймақ деңгейіндегі проблемаларды шешуге, оның ішінде кәсіпкерліктің дамуына, жергілікті өзін-өзі басқарудың дамуына көмектеседі.

Тапсырма: Қазақстанда соңғы үш жылда экономиканы дамытуға байланысты қабылданған бағдарламалардың тізімін жасау

18.Тақырып 2сағат

V Бөлім. Геосаясат

Геосаясаттың өзектілігі және дүниежүзінің геосаяси кеңістігі

Сабактың оқу мақсаты:

10.5.1.1 Геосаясаттың мақсатын, міндеті мен зерттеу пәнін түсіндіру

Бағалау өлшемдері:

- 1.Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, мәнін, геосаясаттың негізгі санаттарын түсіндіреді.
2. Геосаясаттың негізгі объектілері мен субъектілерін айқындайды.
3. Геосаяси әсердің негізгі құралдарын зерттейді.

Геосаясат – бұл саяси ғылымдар теориясының іргелі ұғымдарының бірі, ол мемлекеттердің немесе мемлекеттер блоктарының аумақтық – кеңістікте орналасу ерекшелікті жағдайының негізінде локальдық, аймақтық, құрылықтық және жаһандық халықаралық үрдістерге нақты тарихи ықпал етудің формасы мен орнын сипаттайды. Геосаясаттың тарихи қалыптасуы оның пәні мен анықтамасын зерттеулерге байланысты. Осымен байланысты геосаясаттың аса маңызды проблемаларының бірі посткеңестік

кеңістіктегі геосаясат екенін атап көрсетуіміз керек. Соңғы уақытта саясаттанушылардың назары посткеңестік кеңістіктің геосаясатына да ауып отыр, оған деген қызығушылық артуда.

Геосаясат – бұл саяси ғылымдар теориясының іргелі ұғымдарының бірі, ол мемлекеттердің немесе мемлекеттер блоктарының аумақтық – кеңістікте орналасу ерекшелікті жағдайының негізінде локальдық, аймақтық, құрылықтық және жаһандық халықаралық үрдістерге нақты тарихи ықпал етудің формасы мен орнын сипаттайды. Геосаясаттың тарихи қалыптасуы оның пәні мен анықтамасын зерттеулерге байланысты. Осымен байланысты геосаясаттың аса маңызды проблемаларының бірі посткеңестік кеңістіктегі геосаясат екенін атап көрсетуіміз керек.

Соңғы уақытта саясаттанушылардың назары посткеңестік кеңістіктің геосаясатына да ауып отыр, оған деген қызығушылық артуда.

Посткеңестік кеңістік, ыдыраған КСРО орнында құрылған мемлекеттер жиынтығының кеңістігі болып табылады. Ол өзіне Ресей Федерациясы, Беларусь, Украина, Молдава, Латвия, Литва, Эстония, Грузия, Армения, Әзірбайжан, Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан мемлекеттерінің геосаяси кеңістіктерін қосып алған.

Осымен байланысты, жаңа посткеңестік мемлекеттер өз ұлттық мүдделерін анықтауға, өздеріне одақтастарды, сауда – экономикалық әріптестерді және т.б. таңдауға мүмкіндік алған соң әлемдік саясаттың шын мәніндегі тең құқықтық акторларға айналғаны ешбір күмән тудырмайтын факт екенін айтуымыз керек. Бұрынғыға қарағанда олар үшін қазір экономика, саясат және қауіпсіздік саласында ынтымақтастықтың әлдеқайда кең перспективасы ашылды. Сондықтан олардың өз сыртқы байланыстарын жіктеуге ұмтылысы, Қытайдан, Оңтүстік Азиядан, ислам дүниесінен, Еуропа мен АҚШ-тан балама іздеуі таң қаларлық нәрсе емес.

Посткеңестік кеңістік аумағында жаңа мемлекетаралық қатынастар жүйесін қалыптастыру посткеңестік кеңістік геосаясатының негізгі міндеттері болып табылады. Осыған орай посткеңестік кеңістіктің негізгі сипаттарын қарастыру қажет.

Ең алдымен КСРО орнына құрылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бастапқыда Балтық республикалары оған кірмеді) саяси, экономикалық, әскери – саяси (мемлекет басшыларының кеңесі, премьер – министрліктер, қорғаныс министрліктері және т.б.) одақтық мемлекетаралық институттардың болуына қарамастан барынша формальді сипат алып отырғанын айтуымыз керек.

Осымен байланысты тұтас геосаяси кеңістік жоқ деуге болады, мұндай кеңістікке РФ және БР (Беларусь пен Ресейдің одақтас мемлекеттері), сондай – ақ, белгілі дәрежеде Қазақстан, Армения, Тәжікстан және Қырғызстан аумақтарын жатқызуға болатынын атап айтқан жөн. Посткеңестік кеңістіктегі қалған мемлекеттер өзге саяси күштер орталықтарына: АҚШ – қа (Украина, Грузия, Түркіменстан), Еуропаға (Украина, Молдава), Түркияға (Әзірбайжан), исламдық Азия мемлекеттеріне (Өзбекстан, Әзірбайжан, Түркіменстан), Қытайға бағыт – бағдар ұстауда.

Сонымен қатар біртұтас экономикалық интеграциялану – ықпалдасу кеңістігінің жоқ екенін де айтуға тиіспіз. КСРО кезінде осы аумақтық – экономикалық кеңістіктер арасында қалыптасқан берік және өзара тәуелді шаруашылық байланыстар мен қатынастарға қарамастан оны құру мүмкін болмай қалды.

ТМД шеңберінде интеграциялық-ықпалдастық байланыстарды нығайтуға бағытталған 1993 жылғы қыркүйекте Экономикалық одақ құру туралы келісім – шартқа қол қойылса да, одан кейінгі жылдары шамамен 100 шақты нормативті құқықтық актілер қабылданса да (әртүрлі келісімдер, келісім – шарттар, шешімдер), біртұтас инфрақұрылым құру күткендей нәтиже бермеді.

Сонымен бірге, ТМД бірнеше локальді экономикалық блоктарға бөлініп кетті:

Бірінші блок ГУӨӘМ (Грузия, Украина, Өзбекстан, Әзірбайжан, Молдава);

Екінші блок Орталық Азия экономикалық қауымдастығы (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан);

Үшінші блок Еуразия экономика қауымдастығы (Ресей, Беларусь, Қазақстан, Тәжікстан, Қырғызстан);

Төртінші блок Кеден Одағы (Ресей, Беларусь, Қазақстан);

Бесінші блок Одақтас мемлекеттер (Белорусь және Ресей);

Алтыншы блок ТЭК (Тұтас экономикалық Кеңістік): Ресей, Беларусь, Қазақстан, Украина.

Тапсырма: Қазақстанның геосаяси күштері туралы қысқаша хабарлама дайындау

19. Тақырып 2сағат

Геосаясаттағы географиялық факторлар

Сабақтың оқу мақсаты:

10.5.1.6 физика-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси, әскери, технологиялық факторлардың геосаясаттағы рөлін бағалау.

Бағалау өлшемдері:

1. Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, мәнін, геосаясаттың негізгі санаттарын түсіндіреді.
2. Геосаясаттың негізгі объектілері мен субъектілерін айқындайды.
3. Геосаяси әсердің негізгі құралдарын зерттейді.

Қазіргі саяси проблемаларды зерттеудің салыстырмалы түрдегі өз алдына жеке бағыттарының бірі – геосаясат. Геосаясатты талдаудың өзіндік ерекшелігі саясаттың кеңістік - географиялық факторларын қарастырумен, макросаяси үрдістерді зерттеумен, тұрақты және ұзақ мерзімді сипаттағы құбылыстарды ашатын ұғымдар мен категорияларды кеңінен қолданумен байланысты. Мұндай ғылыми амал әсіресе геосаяси проблемаларын қарастыру кезінде аса маңызды.

Соңғы уақыттары геосаясаттың, геосаяси білімнің маңыздылығы айтарлықтай артты. Қазіргі кезде Қазақстанның геосаясаты туралы, геосаяси факторлары, геосаяси жағдайы жөнінде және т.б. туралы жиі естіледі. Алайда, осы тақырыпта сөйлейтін адамдардың бәрі бірдей геосаясат дегеннің не екенін және оның мәнінің неде екенін, пәніне не жататынын жете айыра алмайды. Соған қарамастан геосаясат дүние жүзі тарихын пайымдаудың ерекше амалы ретінде қазіргі Қазақстанның шынайы саясаты тұрғысынан өте үлкен пайдасы бар.

Геосаясат XIX-XX ғасырлар тоғысында дүниеге келді. Оны негіздеушілердің қатарына Фридрих Ратцел, Рудольф Челлен және Хэлфорд Джордж Маккиндер жатады. Ілім ретінде геосаясат біртұтас күйдегі әлем қарама - қарсы тұрған негізгі күштер орталықтары арасында талас алмаға айналған кезде келіп шықты. Бұл әлемде дау – дамай деңгейінің артуына әкеп соқты. Өз кезегінде бұл жағдай дүниені бөлу дәуіріндегі халықаралық қатынастардың нақты тарихи типін түсіндіруді қалыптастырып, ғылыми ізденіске итермеледі.

Содан бері жүз жыл өтті. Алайда ғылымда геосаясаттың мәнін, пәнін анықтауда жеткілікті түрде анықтық бар деп айтуға болмайды. Геосаясат ұғымы тарихи көп мағыналы болып қалыптасты, бұл оның әртүрлі мағынамен байланысты маңызының араласып кетуіне әкелді. XXI ғасырға аяқ басқаннан бастап, геосаясатты саяси ғылымдардың құрамдас бөлімі ретінде одан да әрі өзекжарды болатынын сеніммен атап айтуға болады. Бұған әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың көптеген жаңа жағдайлары мен факторлары себепші болып отыр, солардың арасында геосаясат алдыңғы қатарда тұр.

Осымен байланысты геосаясаттың аса маңызды ғылыми пәндердің бірі екенін атап көрсетуіміз қажет, өйткені онсыз қазіргі әлемнің шынайылығын толықтай және қайшылықсыз анық түсіну мүмкін емес. Геосаясатты дұрыс түсіну үшін, ең алдымен, оның

пәнін айқындап, анықтама беру қажет.

Геосаясаттың пәні және анықтамасы

Геосаясат – бұл саяси ғылымдар теориясының іргелі ұғымдарының бірі, ол мемлекеттердің немесе мемлекеттер блоктарының аумақтық – кеңістікте орналасу ерекшелікті жағдайының негізінде локальдық, аймақтық, құрылықтық және жаһандық халықаралық үрдістерге нақты тарихи ықпал етудің формасы мен орнын сипаттайды. Геосаясаттың тарихи қалыптасуы оның пәні мен анықтамасын зерттеулерге байланысты.

Геосаясатқа арналған жарияланымдардың молдығына қарамастан, « геосаясат» ұғымына берілген анық анықтама бар деп айта алмаймыз. 1916 жылы Р. Челлен « Мемлекет өмір формасы ретінде » атты еңбегінде ғылыми айналымға енгізген « геосаясат» терминінің этимологиясы туралы сөз етейік.

Термин екі сөзден тұрады. « Геосаясат» терминіндегі префикс гео- (гректің де - Жер сөзінен шыққан) ең басты болып табылады, ол кеңістікте тұрған жерін білдіреді. « Геосаясат» ұғымының екінші бөлігі – саясат сөзі (гректің politike – мемлекетті басқару өнері мағынасын береді).

Геосаясат мемлекеттің (мемлекет топтарының) саясатында сөзсіз зерттеудің негізіне жататын географиялық, кеңістіктік – аумақтық аспектіні қарастырып қана қоймайды. Ол планетадағы өмірді (планетааралық және аймақтық көлемде), даму үрдістерін зерттейді, өйткені оларға мемлекеттер, аймақтар және жалпы бүкіл әлем тартылған, олардың өмір сүру механизмдері, жалпы әлем қауымдастығы эволюциясының және әсіресе оның сегменттерінің (соның ішінде мемлекеттер) қозғаушы күштері, негізгі құрылымдары мен субъектілері, стратегиялық бағытта, заңдылықтары, қағидаттары, тенденциялары қамтылған.

Геосаясат өтпелі әлемдік қауымдастықтың жаңа парадигмалары мен моделдерін жасайды. Сонымен бірге, ол геосаясат саласында - халықаралық жүйенің әртүрлі деңгейлерінде (жаһандық, аймақтық және локальдық) акторлар (әрекет етуші адамдар) жүзеге асыратын саяси өмірдің халықаралық аренасында әрекет ететін стратегияны дайындау, қабылдау және оны іске асыру көзқарасы тұрғысынан алғанда мемлекеттердің және әлемдік қауымдастықтың проблемаларын қарастырады.

Осылайша, геосаясат - бұл мемлекеттің орналасқан жерінен шыға отырып жүргізетін саясаты, мемлекетті басқару өнері.

Географияның, саясаттанудың, тарихтың, әлеуметтанудың, демографияның, геоэкономиканың, этнологияның және адамзат білімінің басқада салаларының элементерін синтездеу- геосаясаттың ерекшелігі болып табылады. Бұл кездейсоқ нәрсе емес, өйткені геосаясат мемлекеттердің тарихи- географиялық динамикасын кешенді зерттеуді өзіне мақсат етіп қойған. Сондықтан ол басқа да ғылымдармен және ғылыми пәндермен тығыз байланысқан. Геосаясат басқа ғылымдардан әртүрлі әдістер мен амалдарды алады және оларды белсенді пайдаланады. Осылайша, геосаясат – шекаралық пән, әртүрлі ғылыми білімдерді өзіндік бір түсіндіру жолы .

Сонымен қатар, геосаясат – өз алдына жеке ғылыми пән. Оның өзінің жеке зерттеу объектісі және пәні, категориялық – ұғымдық аппараты, атқаратын функциялары, сонымен бірге зерттеу әдістері бар.

Ғылыми пән ретіндегі геосаясаттың объектісіне планетааралық кеңістік (құрғақ жер, теңіздер және мұхиттар, біздің үстіміздегі ауа мен ғарыш кеңістігі), сонымен бірге әлемдік қауымдастықта жүріп жатқан геосаяси үрдістер мен құбылыстар жатады.

Осымен байланысты геосаясаттың объектісі мен пәні туралы талас- пікірлердің жүргенін және де бүгінде жүріп отырғанын айтуымыз қажет. Көбінесе « геосаясат» ұғымы мейлінше кең көлемде түсіндіріледі. Бұл осы салыстырмалы түрдегі жаңа ғылыми пәннің өзіне тән белгілерін жояды, оның шекарасын шайып кетеді. Геосаясаттың пәні экономикалық, әскери – стратегиялық, табиғи – ресурстық, экологиялық және басқада сипаттағы, мынандай пәндермен: халықаралық қатынастар, сыртқы саясат және т.б. проблемаларына араласып, сіңіп кетеді.

Көптеген зерттеушілер геосаясаттың пәнін жеке ғылыми пән ретінде анықтамай – ақ, геосаясатты өзара ықпал ететін және мемлекеттің стратегиялық әлеуетіне үлкен ықпал жасайтын географиялық, тарихи, саяси және басқа да факторларды кешенді зерттейтін ғылым ретінде қарастырады.

Әрине, геосаясат ғылыми пән ретінде пәнаралық қоғамтану шеңберінде қалыптасты. Ол физикалық және саяси география, саяси экономика және әскери география, статистика, саяси ғылым, этнопсихология және басқа да гуманитарлық, техникалық және жаратылыстану ғылымдары негізінде пайда болып, олардың синтезделуінің арқасында геосаясат сапалы жаңа қоғамдық білім ретінде көрінді.

Тапсырма: «Ақпараттық құралдардың геосаясатқа ықпалын» тірексызба түрінде көрсету

20. Тақырып 2сағат

Мемлекеттік аумақтың морфологиясы. Мемлекеттік шекара

Сабактың оқу мақсаты:

10.5.1.9 мемлекеттер аумағының морфологиялық ерекшеліктеріне кешенді баға беру;

10.5.1.10 мемлекеттік шекаралардың функциясы, түрлерімен танысу.

Бағалау өлшемдері:

1. Мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдайды.

2. Мемлекеттік шекараны анықтау және өткізу жөніндегі функцияларды, түрлерді, іс-шараларды талдайды.

3. Мемлекеттерді аумақтың морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктейді.

Жоспар:

1. Территория түсінігі мен түрлері.
2. Мемлекеттік территория.
3. Мемлекеттік шекара.
4. Халықаралық өзендер мен көлдер.
5. Арктиканың халықаралық – құқықтық режимі.
6. Антарктиканың халықаралық - құқықтық режимі.

Негізгі ұғымдар: *аумақ, шекара, мемлекеттік шекара, халықаралық өзен, халықаралық бұғаздар, аумақтық даулар.*

Халықаралық құқықтағы территория - нақты бір құқықтық режимдегі кеңістік - жер шарының бөлігі (кұрлықтағы, судағы территориялар, жер қойнауы, әуе кеңістігі), ғарыш кеңістігі және аспан денелері.

Территорияның құқықтық мәртебесі ішкі мемлекеттік заңдармен және халықаралық құқықтың нормаларымен анықталады.

Территориялар құқықтық режиміне байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

- мемлекеттік территория;
- аралас режимдегі территория;
- халықаралық режимдегі территория.

Мемлекеттік территорияны мыналар құрайды:

-*құрғақтағы территория* - белгілі бір мемлекеттің шекарасының шегінде орналасқан барлық құрғақтар мен аралдар;

-*сулы территория* (құрғақтағы территорияда орналасқан барлық сулар, жағаға тиіп жатқан теңіздер мен мұхит суларының бөлігі);

-*әуедегі территория* (құрғақтағы және судағы территорияның үстіндегі барлық әуе кеңістігі);

-жер қойнауы (құрғақтағы және судағы территорияның астындағы жер бөлігі).

Шартты мемлекеттік территория – мемлекеттік территорияның шегінен тыс жүрген теңіз, әуе кемелері, космос корабльдері, сондай-ақ халықаралық территорияның шегіндегі құбырлар және өзге де құрылыс және құрал-саймандар (бұрғылау қондырғылары, жасанды аралдар).

Мемлекеттік территорияның құқықтық режимі әрбір мемлекеттің ұлттық заңдарымен анықталады; ал халықаралық келісімшарттар ішкі сулардың және территориялық теңіздердің құқықтық мәртебесінің жекелеген аспектілерін қамтиды; мемлекеттік шекараның келісім бойынша өтуін белгілейді, шекаралық режим мәселелерін белгілейді.

Мемлекеттік территорияның шегінде мемлекет өзінің территориялық үстемдігін және ұлттық юрисдикциясын жүзеге асырады. Мемлекетке тиісті территорияны және ондағы пайдалы қазбаларды иеленуге, пайдалануға және қолдануға құқылы.

Қазіргі халықаралық құқық мемлекеттік территорияны күштеп өзгертуге тиым салды. Мемлекет территориясына қол сұғылмайды және әскери жаулап алу және басқа күштеу әрекеттерінің объектісі болып табылмайды.

Ешқандай күш пен күшті қолдану нәтижесінде алынған территориялық иеліктер немесе өзге де пайдалар танылмайды.

Мемлекеттің территориясы мынаның нәтижесінде өзгеруі мүмкін:

- мемлекеттің бөлінуі, бір мемлекет құрамынан территорияның бөлігі бөлініп шыққанда, екі немесе бірнеше мемлекеттердің бірігуі нәтижесінде;

ұлт-азаттық күрес және өзін-өзі анықтау құқығын жүзеге асырғанда;

- тараптардың келісімі бойынша мемлекеттік территориямен ауысу;

- агрессия үшін жауапкершілік шараларын қолдану;

- территорияға құқықты беру – цессия (қазіргі кезде қолданылмайды).

Мемлекеттің территориялық үстемдігінің шегі мемлекеттік шекарамен белгілейді.

Мемлекеттік шекара – бұл бір мемлекеттің территориясын 2-ші мемлекеттің территориясынан бөлетін халықаралық келісім шарттардың негізінде мемлекеттермен анықталған сызық.

«Мемлекеттік шекара туралы» 1993 жылы 13 қаңтардағы ҚР заңының 1 бабында былай делінген: «ҚР мемлекеттік шекарасы территорияның - ҚР құрғақтағы, судағы, жер қойнауындағы және әуе кеңістігіндегі шегін анықтайтын сызық және осы сызықтан өтетін жазықтық».

ҚР мемлекеттік шекарасының жалпы ұзындығы – 13 022км, соның ішінде Каспий теңізі бойынша – 1 730км.; РФ – 6 023км.; Қытаймен – 1 718км.; Қырғыстанмен – 1 053км; Өзбекстанмен – 2 153км және Түркіменстанмен – 345км.

Халықаралық құқыққа сәйкес мемлекеттік шекараны белгілеу 2 кезеңнен тұрады: делимитация және демаркация.

Делимитация – бұл мемлекеттік шекараның өтуінің жалпы бағытын келісімшарттық тәртіпте анықтау және оны картаға түсіру. Мемлекеттік шекараның сызығы түсірілген карта шекараның делимитациясы туралы келісімшарттың маңызды бөлігі болып табылады.

Демаркация- бұл мемлекеттік шекараның делимитациясы туралы келісімшартқа сәйкес оны жергілікті жерде анықтау және оны сәйкес шекаралық белгілермен белгілеу.

Демаркацияны келісуші тараптардаң өкілдерінен құрылған аралас комиссия жүргізеді.

Демаркация бойынша барлық әрекеттер хаттамалармен рәсімделеді.

Редемаркация – мемлекеттік шекараны қайтадан қалпына келтіруді және оны әрекет ететін келісімшарттық құжаттардың негізінде шекаралық белгілермен белгілеуді білдіреді.

Редемаркация бұзылған, жойылған шекаралық белгілердің қайтадан қалпына келтіру үшін, жаңа қосымша белгілерді, және жаңа хаттама-суреттемені құру үшін жүргізілді.

«Мемлекеттік шекара туралы» ҚР заңының 6 бабы бойынша шекара айқын көрінетін шекаралық белгілермен анықталады. Олардың мөлшері, формалары, белгілеу тәртібі ҚР Үкіметімен және ҚР халықаралық келісімшартымен анықталады.

Халықаралық құқықта оларды жүргізу тәсілдеріне байланысты мемлекеттік шекараның мынадай түрлері ажыратылады:

1) *геометриялық* – бұл жазықтықтың бетіндегі 2 нүктесі арасындағы түзу сызық бойынша 2 мемлекеттің территориясын бөлетін шекара;

2) *орографиялық* – жергілікті жердің рельефін есепке ала отырып жүргізілген шекара: өзен саласы, тау жотасы, теңіз жағалауы.

3) *астрономиялық* – бұл географиялық сетканың сәйкес параллелдері мен меридиандары бойынша өтетін шекара. Қазақстанда бұндай шекара жоқ, тек Ресейде Арктиканың АҚШ-пен, Канадамен, Даниямен және Норвегиямен бөлетін осындай шекаралар бар.

Тапсырма: Қазақстандағы демаркациялау, делимитация жөніндегі келісімдер туралы ақпараттарға шолу жасау

21. Тақырып 2сағат

Заманауи геосаяси үдерістер. Қазақстанның геосаяси жағдайы, қауіпсіздігі және интеграциясы

Сабактың оқу мақсаты:

Қазақстанның халықаралық саясаты (ұлттық қауіпсіздік, сыртқы саясат) және оның артықшылықтары туралы білімдерін қолдана отырып, оларға әсер ететін факторларды талдау.

Бағалау өлшемдері:

1. Мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдайды.

2. Мемлекеттік шекараны анықтау және өткізу жөніндегі функцияларды, түрлерді, іс-шараларды талдайды.

3. Мемлекеттерді аумақтың морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктейді.

Қазақстан қазіргі кезеңде: Қазақстанның геосаяси жағдайы

1. Жаңа шетелдер географиясы. 1991 жылы соңында 15 республикадан тұратын алып мемлекет - Кеңес Одағы өзінің өмір сүруін тоқтатты. Оның кең-байтақ аумағында Қазақстаннан басқа 14 егменді мемлекет пайда болды. Олардың барлығы біздің елге катысты алғанда шет елдік мемлекеттерге айналды. Осылайша «жаңа шетел» термині пайда болды.

Бір тұтас мемлекет құрамында өмір сүруден «бірге, бірақ жеке-жеке өмір сүруге» өту үшін 1991 жылы 8 желтоқсанында Ресей, Украина, Беларусь Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылғанын жариялады. 22 желтоқсанда Қазақстанның астанасы Алматы қаласында жаңа шетелдер президенттерінің кездесуі өтті. Онда ТМД-ның құрамына құрылтайшылар (негізін салушылар) құқында Қазақстан, Әзірбайжан, Армения, Қырғызстан, Молдова, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстан қосылды. 1993 жылы Достастық құрамына Грузия кірді (2008 жылы - ТМД-дан шығатыны жөнінде мәлімдеді).

ТМД құрамындағы бұл 12 ел жақын шетел деп атала бастады. Бұл жерде арақашықтықтың қатысы жоқ, олар көп мәселелер бойынша бір-біріне өте жақын. Ең алдымен оларды тарихи тағдырластық, ұзақ уақыт бір мемлекет құрамында болу, қазіргі уақытта шешілетін мәдени және экономикалық мәселелер ұқсастығы байланыстырады.

Елде біртұтас халық шаруашылығы кешені құрылды. Республикалар арасында еңбек бөлінісі мен экономикалық байланыс қалыптасты. Оларды біртұтас көлік тік және энергетикалық, жүйелер, жекелеген сипаттағы, атап айтқан да туыстық, ғылыми және мәдени тұрғыдағы мың сан байланыс тар біріктірді.

Қазақстан, Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан және
Өзбекстан тығыз экономикалық жақындасуға(интеграцияға)ұмтылды.Олар
алдымен Кедендік Одақ, кейінірек - Еуразиялық Экономикалық Қауымдастық немесе
(ЕурАзЭҚ) құрды(2002

жылы).Осылайш еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразиялық Одақ құру
жөніндегі көзқарасы біртіндеп жүзеге асып келеді.ЕурАзЭҚ құрылуы ынтымақтастықтың
мүлдем жаңа біртұтас экономикалық кеңістік құруға өту кезеңін керсетеді.

ЕурАзЭҚ халықтарының бейбіт өмірін ұжымдық қауіпсіздік туралы Келісім Ұйымы
(ҰҚТКҰ) камтамасыз етеді.Бұл Келісім қауіп төнген жағдайда ҰҚТКҰ-ның кез келген
мүшесін бірлесіп қорғауды қарастырады.Ол үшін ұйымда барлық қажетті жағдайлар,
соның ішінде Ресейдің ядролық «калканы» да бар.

2.Қазақстан халықаралық ұйымдар жүйесінде.Біздің мемлекетіміздің негізгі міндеттерінің
бірі - елдің дамуына қолайлы жағдай туғызу.Оны тек қана екі жақты ынтымақ тастық
жағдайында шешу мүмкін емес.Қазақстанға қатысы бар көп мәселелердің аймақтық
(мысалы, халықаралық өзен суларын пайдалану) немесе тіпті дүние жүзілік (бейбітшілікті
сақтау, қоршаған ортаны қорғау, террор, заңсыз есірткі саудасы) сипаты бар.Оларға елдер
тобының немесе бүкілдүниежүзілік қоғамдастықтың келісілген іс-шаралары қажет.Осы
жағдай халықаралық ұйымдардың құрылуына әкелді.

Халықаралық ұйымдар саны 3000-ға таяу. Олардың ішінде үкіметаралық және
үкіметтік емес, әлемдік және аймақтық, әмбебапты немесе маманданған ұйымдар бар.Ең
маңызды әмбебапты әрі саны ірісі - Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе БҰҰ (штаб-пәтері Нью-
Йоркте орналасқан).Ол бейбітшілікті, қауіпсіздікті және мемлекеттер арасындағы
ынтымақтастықты қолдау әрі нығайту мақсатында құрылған. Оған әлемнің 193 егеменді
мемлекеттерінің 192-ы кіреді.

Қазақстан елдің ұлттық мүдделеріне қатысы бар көптеген халықаралық ұйымдарға мүше.
Әлемдік деңгейде алсақ, республика 1992 жылы, 2 наурызында (бірауыздан қабылдаған
БҰҰ, оның арнаулы маманданған мекемелері - ЮНЕСКО (білім, ғылым және мәдениет
жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы), МАГАТЕ (атом қуаты жөніндегі халықаралық игенттік
, ДДҰ (Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымы)және басқалар. Халықаралық валюта қоры
(ХВҚ) мен халықаралық қайта құру және даму банкіне (ХҚҚДБ)мүше болуының ел үшін
маңызы зор болды.Ол әлемдік қауымдастықтың ірі қаржы мекемелерінің несиелеріне
Қазақстанның жолын ашты.

Біздің еліміз Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше болды.Одан
кейінгі маңызды халықаралық ұйым - Шанхай ынтымақтастық ұйымы
(ШЫҰ).Оны бұрынғы кеңес - қытай шекарасындағы даулы мәселелерді шешу
мақсатында Ресей, Қазақстан, Қырғызстан,Тәжікстан және Қытай мемлекеттері
(«Шанхай бестігі»)құрды. Шекара туралы келісімшарт бекітілгеннен кейін «бестікті»
ШЫҰ құрамындағы елдердің ынтымақтастығын кеңейтіп,
қауіпсіздігін нығайту ұйымына айналдыруға шешім қабылданды.
«Бестікке» Өзбекстан, Монғолия, Индия, Пәкстан, Иран және Ауғанстан бақылаушы
статусын алды.

Біздің еліміз Кеңес Одағының мұрагерлерінің бірі ретінде Еуропадағы қауіпсіздік және
ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ)жұмысында қатысады.Ол «Бейбітшілік
жолындағы серіктестік» бағдарламасы бойынша Солтүстік Атлантика келісімі Ұйымымен
(НАТО) қарым-қатынас жасайды.Бұл бағдарлама қарулы күштердің өзара байланысы,
оқу үйрену жаттығуларын бірлесіп өткізу,офицерлерді даярлау мәселелерін қарастырады.
Республиканың әлемдегі аса ірі ұйым-ЕуропалықОдақпен (ЕО)
өзара ынтымақтастық жайлы келісімі бар.ЕО құрамына 500 млн халқы бар 27 мемлекет
енеді.Еуропалық Одақ - Қазақстанның маңызды сауда серіктесі.

3.Геосаяси жағдай туралы түсінік. Кеңес Одағының ыдырауы мен жаңа тәуелсіз
мемлекеттердің пайда болуы -олардың қазіргі әлемдік жағдайын немесе геосаяси жағдайын
(ГСЖ) айтарлықтай өзгертті.

Геосаяси жағдай - елдің стратегиялық маңызы бар шет елдік мемлекеттерге, олардың одақтарына және дүние жүзінің аудандарына қатысты алғандағы саяси картадағы орнын анықтайды. Бірақ «елдің орны» дегенде, оның географиялық мекенжайы туралы түсінік қарастырылмайды. ГСЖ-ға баға беру - қоршаған әлемге елдің мемлекеттік(ұлттық)мүддесі тұрғысынан қалыптасатын көзқарас болып табылады. Бұл үшін ұлттық мүддені «көре білу», мүмкін болатын қауіп-қатерді айқындау және оларды болдырмауды қамтамасыз ету қажет.

«Геосаяси» және «экономикалық-географиялық» жағдай түсініктері бір-бірімен байланысты, бірақ өзара айырмашылықтары да бар. Елдің көлік жағдайына талдау жасаған кезде ЭГЖ көзқарасы бойынша көлік түрі мен тасымал қашықтығы есепке алынады. Ал ГСЖ тұрғысынан әлемдік рынокқа көліктік шығарылымның саны мен бағыты, олардың қауіпсіздігімен сенімділігі назарда ұсталады.

ГСЖ өзгеріссіз, бірқалыпты тұрмайды. Уақыт өткен сайын жақсаруы немесе керісінше, нашарлауы да мүмкін.

Геосаяси жағдайға әртүрлі деңгейде баға беруге болады:

Әлемдік деңгейде - дүние жүзіндегі «қуатты орталықтарға (АҚШ, Еуропа Одағына, Жапонияға, содан соң Қытай мен Ресейге) қатысты алғанда;

Аймақтық деңгейде - өз аймағындағы елдерге, әсіресе шекаралас мемлекеттерге(іргелес орналасқан көрші мемлекеттерге) қатысты алғанда.

4. Қазақстанның геосаяси жағдайына баға беру. Ең алдымен Қазақстанның негізгі геосаяси ерекшеліктерін қарастырайық.

Біріншіден - минералдық ресурстар байлығы. Барланған пайдалы қазбалардың құны бойынша Қазақстан дүние жүзінде алтыншы орында. Бұл—біздің еліміздің үлкен артықшылығы, оның әлемдік позициясының негізі. Осы жағдай біздің елімізге ірі шетелдік компаниялардың келуіне әсерін тигізді.

Екіншіден, жер көлемінің ауқымды болуы немесе аумағы мен тұрғын халық санының арасындағы сәйкессіздік. Экономикалық қызметтің шағын мөлшері - елдің өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бөлетін қаржының да аз көлемде болуына әсерін тигізеді.

Қазақстанның 2008 жылы қорғаныс шығыны 185 млрд теңгеден аспайды (қазіргі 6 соғыс ұшағы «Стелс» құнындай ғана). Біздің армиямызда әскери қызметкерлердің саны бар болғаны 74 мыңдай ғана.

Сондықтан ел ішіндегі «Қазақстан-2030» стратегиясы халық санын 25 млн адамға жеткізуді көздейді.

Сыртқы саясат елдің қауіпсіздігін саяси құралдар арқылы шешіуге бағытталған. Осыған байланысты Қазақстан шет елдермен қарым-қатынасын дамытып, кептеген халық аралық ұйымдарға қатысуда. Шекара бойы толығымен достас мемлекеттер белдеуіне айналды. Біртіндеп ел қауіпсіздігінің көп деңгейлі жүйесі қалыптасуда. Оның бірінші деңгейінде - ЕурАзЭҚ және ШЫҰ, екіншісінде - Азиядағы қарым-қатынас пен сенім шаралары жөніндегі Кеңеске(АҚСШК) мүше елдер бар.

Тапсырма: Сарамандық жұмыс

22. Тақырып 2сағат

VI Бөлім. Елтану

Кешенді географиялық аудандастыру. Салыстырмалы елтану

Сабактың оқу мақсаты:

10.6.1.1 дүниежүзінің түрлі белгілер бойынша физикалық географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық, геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіру

Бағалау өлшемдері:

- 1.Мемлекеттік аумақтың морфологиялық ерекшеліктерін талдайды.
- 2.Мемлекеттік шекараны анықтау және өткізу жөніндегі функцияларды, түрлерді, іс-шараларды талдайды.
- 3.Мемлекеттерді аумақтың морфологиялық ерекшеліктері бойынша жіктейді.

Аудандастыру - елді бір-бірінен тарихи, экономикалық, геоэкономикалық, т.б ерекшеленетін құрамдас бөліктерге (аудандар, жерлерге) бөлу.

Физикалық географияда топырақ, жер бедері, климат, өсімдік, геология сипатталады.

Экономикалық географияда әкімшілік шегаралар, табиғи ресурстар, халық құрамы, салалық мамандану қарастырылады.

Солтүстік Еуропа Еуразия материгінің солтүстік –батыс бөлігін алып жатыр. Ол Скандинавия түбегіндегі елдерді (Норвегия, Швеция), жақын жатқан Финляндия, сонымен қатар Дания мен Исландия елдерін қамтиды. Солтүстік Еуропа елдерінің географиялық жағдайының ерекшелігі –теңіз жағалауында орналасуы, Солтүстік Атлант жылы ағысының өтуі, қылқан жапырақты ормандарға бай болуы, өзен мен көлдердің өте көптігі. Теңіз–халықтың шаруашылық қызметіне, климатқа да үлкен әсер етеді.

Исландия –«от пен мұз елі». Арал –көптеген гейзер мен сөнбеген жанартаулары бар жер қыртысының жас бөлігі. Әсіресе Гекла жанартауы белсенді.

Ерте кезде климаттың салқындауы нәтижесінде Солтүстік Еуропаны мұз басты. Бұрынғы мұздандудың салдарынан Скандинав түбегінің жағалауларында биік, тік құз, ені тар әрі терең, ұзына бойына созылған терең шығанақтары–фьордтар түзілген.

Тарихи–мәдени облыстар тарихи тағдырдың, оқиғалардың ортақтығы, әлеуметтік–экономикалық дамуы мен өзара ықпалына байланысты халықтың ұқсас мәдени–тұрмыстық ерекшеліктері қалыптасатын аумақтар. Ежелгі грек ғалымдарының еңбектерінде Скифия, Месопотамия, Эфиопия, Иллирия, Фессалия және т.б аймақтар кездеседі. Ұлы географиялық ашылулардан кейін еуропалықтар әлемді Ескі дүние (Еуропа, Азия, Африка) және Жаңа дүние бөлігі (Америка) деп екіге бөлетін болды.

Тарихи–мәдени провинциялар

Еуразия	Африка	Америка	Аустралия мен Мұхиттық аралдар
Батыс–Орталық Еуропа	Солтүстік Африка	Солтүстік Америка	Аустралия
Шығыс Еуропа	Тропиктік Африка	Латын Америка	Мұхиттық аралдар
Кавказ			
Орта Азия–Қазақстан			
Сібір			
Орталық Азиялық			
Шығыс Азия			
Оңтүстік–Шығыс Азия			
Оңтүстік Азия			
Оңтүстік–Батыс Азия			

Тарихи тұрғыдан алғанда шағын аймақтар Трансильвания, Ломбардия, Вестфалия, Жетісу.

Қазіргі заманғы өркениет:

1. Батыс өркениеті. Оның түпқазығы – Солтүстік Америка мен Еуропа.
2. Қытай өркениеті.
3. Мұсылман өркениеті.
4. Үнділік өркениет.

Саяси-географиялық аудандыстыру— қандайда бір елдің саяси–географиялық жағдайы, бейбітшілік сүйгіш саясат жүргізетін басқа мемлекеттерге қатысты оның жағдайын білдіреді.

Саяси–географиялық аудандар:

- Бейбіт саясат жүргізіп отырған елге;
- Халықаралық жанжал аудандарына;
- Халықаралық экономикалық, әскери–саяси одақтарға;
- Аймақтық саяси шиеленіс аудандарына;
- Әскери базаларға.

Геосаясат гректің екі сөзінен құралған: гео-жер, politicos- мемлекеттің немесе үкіметтің формасы, ұйымдастырылуы және қызметі, оның азаматтарымен және өзге мемлекеттермен қарым–қатынасы. Геосаясат география, тарих, экономика, демография, этнография, дінтану, экология, әскери іс пен стратегия, идеология, әлеуметтану, саясаттану, т.б пәндерге сүйенеді.

Геосаяси аудан:

- Мемлекет;
- Үкіметаралық ұйымдар;
- Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар.

Оқулық беті, Интернет ресурс <https://www.opiq.kz>

Тапсырма

1. Физикалық–географиялық аудандастыру қандай қағидаға сүйенеді?

А) жер бедері, климат

Б) тарих, экономика

С) табиғи ресурстар, халықтың құрамы

Д) геология, салалық мамандану

2. Қазақстан физикалық –географиялық тұрғыда неше ауданға бөлінеді?

А) 5

Б) 8

С) 7

Д) 9

3. Оңтүстік Америка материгі табиғат жағдайына байланысты Анд елдеріне және Шығыстағы жазық елдеріне ажыратылады. Атлас картаны пайдалана отырып, Анд елдері мен шығыстағы жазық елдерді анықта.

Анд елдері: _____

Шығыстағы жазық елдері _____

4.Қазақстанның физикалық, тектоникалық, геологиялық карталарын пайдаланып, ірі физикалық–географиялық аймақтарына қысқаша сипаттама құрастырыңдар.

Атауы	Географиялық орны	Жер бедері, геологиялық құрылысы	Пайдалы қазбалары
Шығыс Еуропа жазығы			
Тұран жазығы			

Тапсырма: Аймақтану ғылымына үлес қосқан ғалымдар туралы хабарлама дайындау

23.Тақырып 2сағат

Қолданбалы елтану. Дүниежүзі аймақтар картасында және халықаралық салыстырулардағы Қазақстанның орны

Сабақтың оқу мақсаты:

Білім алушылардың дүние жүзі елдерін тануы. Географиялық орны, жер аумағы, жер бедері, қазба байлықтары, шаруашылығы, экономикасы, мемлекеттік құрылысы, әлемдегі алатын орнын танып білуі.

Бағалау өлшемдері:

1. Әлемнің физикалық-географиялық, тарихи-мәдени, саяси-географиялық және геосаяси аудандарға бөлінуін түсіндіреді.
2. Шығармашылық нысанда әлемнің тарихи-географиялық аймақтарын олардың құрамы мен ерекшеліктерін, географиялық сипаттамасын ұсынады.

Елтану - белгілі бір елдердің, сондай-ақ ірі аумақтар мен құрлықтардың табиғаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті, әлеуметтік құрылымы, т.б. туралы мәліметтерді жинақтап, бір жүйеге келтіріп, кешенді түрде зерттейтін географиялық пән.

«Елтану» елдерді кешенді түрде зерттейтін, олардың табиғаты, халқы, шаруашылығы, мәдениеті мен әлеуметтік ұйымдасуы туралы әртүрлі мәліметтерді жүйелейтін географиялық пән болып табылады. Елтануда жекелеген аймақтар, елдер және олардың бөліктері табиғаты, біртұтас аумақтық күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Елтанудың басты мақсаты – әртүрлі аумақтарды біртұтас және кешенді сипаттамаларын беру. Елтану зерттеу әдістері, елдер мен аймақтарды оқып – үйренудің теориялық – қолданбалы мәселелері, дүние бөліктеріндегі жеке аймақтардың табиғаты мен шаруашылығы, халықтардың қоныстануының басты ерекшеліктері беріледі.

Ғылым ретінде 20 ғ-дың басында қалыптасты. Оның негізін Н.Н. Баранский қалаған. Ол Елтануды жеке географиялық пән ретінде қарастырды және географиялық ғылымдар арасындағы орнын, интеграциялық мүмкіншіліктерін тұжырымдады. Ауқымы жағынан жан-жақты саналатын дәстүрлі елтанушылық жұмыстармен бірге, зерттелетін елдің маңызды проблемаларына географиялық талдау жасау кеңінен дами түсті. Осындай проблемалық зерттеу географияның құрылымдық бағытымен, аумақтық жоспарымен және табиғатты болжаумен тығыз байланыста болады. Проблемалық бағдарлау Елтанудың әдістемелік маңыздылығы мен дамуына кең мүмкіндік береді, сонымен қатар оның әдістемелік базасының дамуына жағдай жасайды. База географияға жүйелік әдіс енгізумен тығыз байланыста болады және зерттелетін проблеманы ғаламдық деңгейде қарауын қадағалайды. Елтанудың өзара байланысын дүниежүзілік шаруашылық географиясымен

тығыз байланыстырып, оған болжамдық бағыт береді. Қазіргі кезде Елтану 2 салаға бөлінеді: 1) ақпараттық Елтанудың міндеті – елдер мен аудандарға байланысты мәліметтерді жүйелеу; 2) ғылыми Елтану – географиялық синтезге сүйене отырып, әлемнің географиялық бейнесін қалыптастырады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасына өзіндік сыртқы саясаты ұстанымын қалыптастыру қажет болды. Сыртқы саясаттағы негізгі мақсат — елдің қауіпсіздігін сақтау, саяси және экономикалық қарым-қатынастарда аймақтық, субрегионалдық құрылымдарға ену, тәуелсіз мемлекет есебінде елдің дамуы үшін сыртқы қолайлы жағдайларды қарастыру және оны тиянақтау. «Азия мен Еуропаның түйіскен жерінде орналасқан геосаяси жағдайы, экономикалық және әскери-саяси мүдделері, сондай-ақ қол жеткен қуаты Қазақстанды қазіргі халықаралық қатынастарда өзінің айналасындағы елдермен қауіпсіздігін, егемендігін, аумақтық тұтастығын құрметтеу қағидаларына негізделген тату көршілік аймағын құруға мүдделі ірі аймақтық мемлекет ретінде танытты». Бүгінгі әлем күрделі де жан-жақты. Бұрынғы кездегі идеологиялық қарама-қайшылық (социалистік жүйе — капиталистік жүйе) енді жекелей мемлекеттердің экономикалық және саяси беделіне ауысты. 1993 жылдың 13 желтоқсанында Үкімет қаулысына сөйкес, ядрсыз мемлекеттер қатарында Қазақстан «Ядролық қаруды таратпау жөніндегі Келісімге» қосылды. Республика аумағында бірнеше жылдар бойы ядролық қару болып келді. Бірақ оны Қазақстан өз бақылауында ұстай алған жоқ. Ендігі бірден-бір шешім — ядролық қарудан бас тарту еді. 1994 жылы үш мемлекеттің — Еуропадағы қауіпсіздік пен өзара достық қарым-қатынастар жөніндегі Будапештте өткен Кеңесінде Қазақстанның қауіпсіздігін сақтауға Ұлыбритания, АҚШ және Ресей мемлекеттері өз кепілдіктерін берді. 1995 жылы оларға Қытай мен Франция қосылды. Сөйтіп, Қазақстанның тәуелсіздігі, дербестігі, шекара біртұтастығы мен қауіпсіздігі басты-басты ядролық державалар тарапынан кепілдікке алынды. Ядролық қаруды өз жерінен көшіру үшін республика 84 млн доллар алды. 1995 жылдың 26 мамырында ядролық қарудың соңғы бөлшектері республика аумағынан әкетілді. 1995 жылдың 30 мамырында Семей сынақ алаңында қалған ең соңғы ядролық заряд жойылды. 90-жылдары әлемде бірқатар аса маңызды геосаяси және экономикалық өзгерістер болды. КСРО-ның ыдырауы, бұдан кейінгі Ресей жағдайын анықтау, бірігуге бет алған Еуропа мен реформадан кейінгі Қытайдың күшейе түсуі, бірқатар Азия аумағы мемлекеттерінің пайда болуы, жаңа халықаралық экономикалық жүйенің қалыптасуы, т.б. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан өзінің сыртқы саясатында мына төмендегі аймақтық саяси одақтарға сүйенеді: АӨСШК — Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес — 1992 жылдың қазан айында болды. БҰҰ Бас Ассамблеясында Н.Назарбаев бұл ұйымды қолдап сөз сөйледі. Еуразиялық Одақ 1994 жылдың наурыз айындағы Мәскеуге сапары кезінде Н. Назарбаев бұл одақты құру жөнінде мәселе көтерді. 1992 жылдан бері Қазақстан Экономикалық өзара қарым-қатынас ұйымына Иран, Пәкстан, Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Ауганстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан мүше болды. Қазақстанның геостратегиялық басымдылығы үш бірдей әлеуметтік-экономикалық және әлемдік қатынастардың саяси орталығына негізделеді. Олар Солтүстік Америка, бірігу бағытындағы Еуропа және Тынық мұхит аймағы. Орталық Азияда орын тепкен жас мемлекетке дүниежүзілік экономикалық кеңістікке шығу әлдеқайда тиімді. Қазақстанның геосаяси жағдайы, қазақстандық өнімдерді дүниежүзілік рынокқа шығару жолдарын іздестіру қажеттігі жан-жақты халықаралық байланыстар орнатуға қосымша негіз болды.

Тапсырма: Халықтың өмір сүру деңгейін арттыру бағытында қабылданған бағдарламаларға шолу жасау

24. Тақырып 2сағат

VII Бөлім. Адамзаттың ғаламдық проблемалары

Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері және шешу жолдары

Сабақтың оқу мақсаты:

Ғаламдық проблемаларды анықтайды. Ғаламдық проблемаларды жіктейді.

Бағалау өлшемдері:

1. Адамзаттың дамуындағы проблемаларды жіктейді.
2. Жаһандық проблемалардың критерийлерін айқындайды.
3. Жаһандық проблемалардың себептері мен салдарын айқындайды және топтайды

Қазіргі заманғы ғаламдық экологиялық жағдайдың нашарлауын адамзаттың тұтыну ауқымымен және биосфераның ресурстық-экологиялық мүмкіндіктерінің сәйкес келмеуімен түсіндіруге болады. Ноосфера туралы білімнің негізін қалаған В.И.Вернадский XXғ. ортасында адамзаттың шарушылық әрекеті географиялық ортаға табиғаттың өзінде жүріп жатқан геологиялық процестерден кем әсер етпейтіндігі туралы жазған. Одан бергі уақытта адамның табиғатқа әсері одан сайыа арта түседі; экологиялық проблемалар ауқымы жөнінен ғаламдық сипат алады. Ғаламдық экологиялық проблемалар түрліше сипатта; олардың аса маңыздыларына табиғи ортаның ластануы мен ахуалының нашарлауы жатады. **Табиғи ортаның ластануы.** Адамның шаруашылық әрекеті қоршаған ортаның шамадан тыс ластануына алып келеді. Атмосфера мен гидросфераның өнеркәсіптік қалдықтармен, ал Дүниежүзілік мұхиттың мұнаймен ластануы, топырақ қабатында ауыр металдар мен улы заттардың шоғырлануы, тұрмыстық қалдықтар көлемінің артуы ақыр соңында адамның денсаулығына қауіп төндіреді.

Ең «лас» өнеркәсіп түрлері тау-кен мен құрылыс материалдарын өндіру, энергетика, қара және түсті металлургия, мұнай өндіру мен өңдеу, химия өнеркәсібі, целлюлоза-қағаз өндірісі, тамақ өнеркәсібі жатады. ИМысалы, 1 т шойын өндіру барысында атмосфераға 4,5 кг қатты заттар, 2,7 кг күкіртті заттар, сондай-ақ мышьяк, қорғасын, сынап буы бөлініп шығады. 1 т алюминий алу үшін 38-47кг фтор пайдаланылады, кейіннен оның 65 % атмосфераға шығарылады. Кен байыту фабрикаларының мұржаларынан улы түгіннің маңайындағы тірішілік үшін зияны шексіз. Химия өнеркәсібі ауға стирол, фенол, ацетон, күкірт диоксиді, күкірт ангидридті тәрізді улы қосылыстарды бөледі. Ал жылдан-жылға саны артып отырған автокөлік ауаны өнеркәсіптен кем ластамайды, қазіргі кезде оның үлесіне атмосфера ластануының 60 % тиесілі. Қара қошқыл фотохимиялық тұманның түзілуіне автомобильдер шығаратын газдар тікелей әсер етеді. БҰҰ-ның ғаламдық экологиялық мониторинг жүйесінің мәліметтеріне қарағанда, өзендердің нитраттармен, фосфаттармен және пестицидтермен, қалдық сулармен ластануы артуда.

Ядролық энергияны бейбіт мақсатта пайдалану қоршаған ортаға өзіндік қауіп қатер төндіреді. 1986ж. сәуірде Чернобыль АЭС-інде болған жойқын апаттың зардаптары осы кезге дейін сақталып отыр. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) қызметі атом энергиясы өндірісін экологиялық қауіпсіздігі мен экономикалық тиімділігі жоғары салаға айналдыруға бағытталған.

Атмосферада көмірқышқыл газының үлесінің артуы дүние жүзі ғалымдары «жылыжай эффектісі» деп атаған қауіпті жағдайға апарып соғуы мүмкін. Оның мәнісі — көмірқышқыл газы күн сәулесін әйнек тәрізді өткізіп отырғанымен, жер бетінен бөлінетін жылуды өткізбейді, соның салдарынан климат жылынады.

XXғ. 80-жылдарынан бастап жер шарындағы «климаттың ғаламдық жылынуы» туралы жиі айтылуда. Ғалымдардың болжамы бойынша, Жер ғаламшарында 2020 жылға қарай ауа температурасы қазіргімен салыстырғанда 2,5⁰С-қа, ал 2050 жылға қарай 4⁰С-қа көтеріледі. Бұл өз кезегінде мұздықтар көлемінің азаюына, жауын-шашын мөлшерінің, желдер мен мұхит ағыстарының бағыттарының өзгеруіне алып

келеді. Нәтижесінде дүниежүзілік мұхиттың деңгейі көтеріліп, кейбір аралдар мен жағалауларды су басып қалуы мүмкін. Кейбір ғалымдар керісінше ауа температурасының жоғарылауынан оң нәтижелер күтеді: жоғары ендіктер есебінен ауыл шаруашылығына жарамды жерлер ұлғаяды, Солтүстік теңіз жолын жыл бойы пайдалануға болады, жағалау сулары ірі кемелерді қабылдау мүмкіндігіне ие болады. Бірақ климаттың ғаламдық жылынуы Жер тіршілігіне қалай әсер ететіндігі айқын емес.

Озон қабатының жұқаруы проблемасы. Озон қабатының Жер ғаламшарын ғарыштан келетін ультракүлгін сәулелерден қорғайды. 1984 жылы британдық ғалымдар Халли-Бей станциясына соңғы 10 жыл ішінде атмосфера құрамындағы озонның 40%–ға азайғанын анықтады. Бірнеше рет зерттеу сынақтарын жүргізген соң, 1985 жылы озон қабатының жұқаруы туралы әйгілі мақала жарық көрді. Ал америкалық ғалымдар 1978 жылдан бері жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Антарктида үстінде, әсіресе көктемге қарай озон мөлшерінің күрт азаятындығын анықтап, озон қабатының жұқару картасын жасаған. Озон қабаты жұқарған бөлік ауданы жағынан АҚШ жерімен шамалас болып шыққан. Ғалымдар арасында күтпеген тосын жаңалық болған бұл құбылыс атмосфера құрамында хлорфторсутекті қосылыстар – фреондардың көбеюі салдарынан болатындығы дәлелденеді.

Фреондар әсерінен озон қабатының жұқаруы мына жолмен жүреді. Қыс кезінде Антарктида үстіндегі атмосфера қабатында полюс маңы құйыны пайда болады. Ол материк үстіндегі ауа қабатын өзімен бірге қозғалысқа келтіріп, жоғары тартып әкетеді. Осы ауамен бірге көтерілген фреон ғарыштық сәулелер әсерінен ыдырап, оның құрамынан хлор бөлініп шығады. Хлор озон молекуласымен әрекеттесіп, пайда болған қосылыс төмен температура (-90°C) әсерінен қатады. Көктемге қарай Күн сәулесі әсерінен бұл қосылыстар қайта ыдырап, енді озон мен хлор орнына оттегі мен хлор түзіледі. Босап шыққан хлор қайтадан озон молекуласымен қосылып, озонды қайтадан оттекке айналдырады. Хлордың озон молекуласын ыдырату әрекеті тоқтаусыз жалғаса береді. Мысалы, 1 хлор атомы 10000 озон молекуласын ыдыратады. Сөйтіп көктемнің бірнеше аптасы ішінде Антарктида атмосферасының құрамындағы озон мөлшері 97%–ға дейін азаяды. Жазда полюс маңындағы құйын әрекеті бәсеңдеп, озон азайған ауа Жер шарының басқа аймақтарына ауысады. Антарктида үстіне басқа аймақтарын келген құрамында озон мөлшері жеткілікті ауа есебінен озон қабаты келесі көктемгі дейін қалпына келгендей болады. Қорыта айтқанда, Антарктида үстінде фреондар әрекетінен жер шарының озон қабатының жұқаруы жылма-жыл қайталануда. Сонымен қатар озон қабатының жұқаруы Арктика үстінде де байқалуда, бұл құбылыс қоңыржай белдеудің кейбір бөліктерінде де тіркелген. Соңғы кезде ғалымдар озон қабатының жұқаруына дыбыстан жылдам ұшатын реактивті ұшақтар мен ғарыштық зымырандарды жиі ұшырудың да әсері болуы мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Ауадағы ультракүлгін сәулелердің көбеюі адамдарда көз аурулары мен тері обырының жаппай белең алуына себепші болады. Сонымен қатар ДНҚ молекулаларын бұзу арқылы қайтымсыз өзгерістерге алып келуде. Озон қабатының жұқаруы Жер шарындағы тіршілік дүниесіне, адамзат өркениетіне зор қауіп төндіруде. Осы себепті бұл апатты құбылыс адамзаттың ғаламдық проблемасына айналып отыр. Озон қабатының жұқаруын мейлінше тежеу мақсатында 1985 ж.

Вена конвенциясы, 1989 ж. Монреаль хаттамасы бойынша озонды ыдырататын қосылыстарды шығаруды шектеуге қол қойылды. Қазіргі кезде дүние жүзі қауымдастығы бұл шарттарды орындауға басты назар аударуда.

Ормандар аумағының қысқаруы. Қазіргі кезде дүние жүзінде ормандар құрлықтың 30%–ын, яғни жалпы ауданы 4 млрд га аумақты алып жатыр. Соңғы 200 жыл ішінде ормандардың ауданы 2 есеге жуық қысқарған. Жыл сайын жер бетінен жойылатын ормандардың шамамен 10 млн гектарын тропиктік ормандар құрайды. Олардың тек 10%–ы ғана қалпына келтіріледі. Орман алқаптарының жойылуына әсіресе апатты өрттер, қышқыл жаңбырлар, ағаштарды есепсіз себепші болуда. Дамушы елдерде орман алқаптары жайылымдар мен егістік жерлердің көлемін ұлғайту мақсатында кесіліп,

бағалы ағаш сүректері жоғары дамыған елдерге сатылады. Дамушы елдердің көпшілігінде кесілген ағаштар отын ретінде пайдаланылады. Ормандар ауа мен топырақ қабатының ластануынан да зардап шегуде. Мұның барлығы орман алқаптарының күрт азюына, түр құрамының жұтандануына себепші болды.

Атмосфераны ұдайы оттеппен байытып отыратын ормандардың жойылуы топырақтың құнарлы қабатының тез шайылуына, су режимінің өзгеруіне кері әсерін тигізеді.

Жер шарының көптеген аудандарында жүріп жатқан тақырлану үрдісі көбіне адам әрекетінен болатыны белгілі. Кезінде құнарлы болған жерлердің жұтанданып, тозуынан жарамсыз жерлер пайда болады. Шөлейттену көлемінің ұлғаюына табиғи және антропогендік факторлардың қатар ықпал етуі себепші болады. Антропогендік факторлар қатарына жайылымдық мал шаруашылығы әсерінен онсыз да сирек өсімдік жамылғысының жұтанданып, топырақтың құнарсыздануы; жерді есепсіз қырту, ормандар мен бұталардың оталып, өртелуі; жолдар мен құрылыс салу нәтижесінде топырақ жамылғысының құрамының өзгеруі жатады. Жарамсыз жерлерге әсер етуші табиғи факторлар ретінде жел эрозиясы мен топырақтың беткі қабатын құнарсыздандыратын құйындар мен аптапты аңызактарды атауға болады. Дүние жүзінде жарамсыз жерге ұшыраған аумақтар ауданы жыл сайын ұлғайып келеді.

Соңғы деректерге қарағанда, ХХ ғ. 2-жартысындағы адамның шаруашылық әрекеті әсерінен мұндай жерлердің ауданы 9 млн км²-ге артты. Ал 30 млн км² аумақ жұтандануға таяу қалып тұр. Шөлейттену құбылысы дүние жүзінің 100 аса елін қамтуда, ол әсіресе дамушы елдерді тұралатуда. Халық саны жедел өсіп келе жатқан бұл елдерде жылына 6-7 млн га құнарлы жердің жарамсыздануы тұрғын халықты азық-түлікпен қатамасыз етуді қиындатады. Мысалы, Үндістандағы халық тығыз қоныстанған құрғақ аудандардың бірі – Тар шөлі. Үндістан жерінің 80% жуық ауық-ауық қуаңшылыққа ұшырауда. Сонымен қатар Африканың Сахель зонасында да шөлейттенудің түрлері байқалуда. Бұл аймақта ХХ ғасырдың 60-жылдарында басталып, ұзаққа созылған қуаңшылық 1973 ж. шырқау шегіне жетті. Соның нәтижесінде мал басы жаппай қырылып, Африканың көптеген елдерін аштық жайлады. Қуаңшылық жылдарында аймақтағы ірі өзендер қатарына жататын Нигер мен Сенегел өзендерінің де ағысы уақытша тоқтап, құдықтар мүлде кеуіп қалды. 1980 жылдары қуаңшылық пен шөлейттену Африканы түгелгдей қамтыды. Нәтижесінде 1985 ж. 1 млн-нан аса адам қазаға ұшырап, 10 млн адам экологиялық юосқындарға айналды. Материктің жекелеген бөліктерінде шөлейттенген жерлер 10 км-ге дейін ілгері жылжуда. Мұндағы апатты қуаңшылық халықаралық қауымдастықтың назарын аударуда. БҰҰ мен халықаралық ғылыми және қайырымдылық ұйымдары тарапынан апаттың алдын алу шаралары жүргізіп, жергілікті халыққа жан-жақты көмек көрсетілуде.

Елдердің экономикалық-экологиялық типтері. Шаруашылықтың қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту мақсатында өндірістің аумақтық-салалық құрылымын өзгерту, жаңа технологиялық енгізу, қалдықтарды өңдеу мен залалсыздандыру шаралары жүргізілуі қажет. Экономикалық даму деңгейінің әр түрлі болуы елдердің экологиялық проблемаларды шешу мүмкіндігін де түрліше етеді. Іс жүзінде едің экологиялық саясатының нақты экономикалық жағдайға тәуелді болатыны белгілі.

Осы уақытқа дейін табиғи байлықты өте ысырапсыз пайдаланудың салдарынан табиғаттың тепе-теңдігі бұзылады. Әсіресе біздің республикамыз экологиялық апатты аймақ болып табылатындықтан ғаламдық тұрғыдағы ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, табиғаттың тепе-теңдігін сақтау мақсатымен бағдарлама жасау керек.

Жалпы, дүниежүзілік шаруашылықтың қоршаған ортаға тікелей әсер етуінен болатын шығын әлемдік ЖІӨ нің 5-8 % құраса, табиғатты қорғау мен қалпына келтіруге бөлінетін қаржы әлемдік ЖІӨ нің бар болғаны 1% ғана құрайды. Әрине бұл көрсеткіш елдер бойынша алшақтық жасайды. Бұл Б.Н.Зимин ұсынған елдердің экономикалық-экологиялық топтамасынан айқын:

экономикалық дамуы өте төмен деңгейдегі мешеу елдер; мұнда «экологияландыру» ұғымын елде жұмыс істейтін шетелдік кәсіпкерлер есебінен жүргізілетін табиғат қорғау

шараларымен ғана байланыстыруға болады. Экологиялық талаптарды орындауға шақыру жергілікті тұрғындар тарапынан қарсылық табуда;

даму деңгейі төмен елдер; мұнда табиғат қорғау шаралары шетелдіктер көмегімен ғана жүзеге асады. Экологияға қарсылық ресми тұрғыда емес, жекелеген аудандардағы наразылық түрінде көрінеді. Бұл топтағы елдер экологиялық шараларға, әдетте ЖҰӨ-нің 0,4% ғана жұмсайды;

экономикалық даму деңгейі орташа елдер табиғатты қорғау мен ресурстар байлығын сақтауға қатысты әрекетті қаржыландыруға ЖҰӨ-нің 0,5-1,3% –ын бөледі. Экологиялық шаралар қоршаған ортаға аса қауіпті өндіріс салаларына қатысты ғана жүзеге асырылады;

Экономикалық даму деңгейі жоғары елдер; ЖҰӨ-нің жан басына шаққандағы көрсеткіші орташа 6000 АҚШ долларына тең болатын бұл елдерде экологиялық шарларды қаржыландыру жүргізіледі, бірақ ластану ластану көздерін мүлде жою қымбатқа түсетіндіктен экологиялық проблемалар толығымен шешілмеген;

экономикалық даму деңгейі өте жоғары елдердің өндірісті түгелдей дерлік экологиялық тиімді жаңа технологияларға көшіруге, ластану көздерін залалсыздандыру қаржысы жетеді. Бұл топтағы елдер зиянды кәсіпорындарды дамушы елдер аумағына көшіруде, мұның өзі дүние жүзіндегі экологиялық жағдайы одан әрі нашарлатуда;

табиғатты қорғау мен ресурс байлықтарын сақтаушы технологияларды енгізудің озық тәжірибесі бар елдер қалдықсыз технологияға толығымен көшкен. Швейцария тәрізді кішігірім елде мүмкін болған бұл тәжірибе шаруашылық құрылымы өте күрделі елдерде қолданыс таба алмайды.

Жаңа геоэкологиялық стратегия. Экологиялық апаттың алдын алуға бағытталған шаралары жүзеге асыру табиғатты тиімді пайдалану үрдісінде жаңа көзқарасты талап етеді. Жоғары дамыған елдердің ХХ ғ. 70-жылдарынан бастап ресурс байлықтарын сақтаушы технологияларға көшуі шикізат бағасының артуына және экологиялық талаптардың күшейтілуіне алып келді. Көптеген ғалымдар дамушы елдер жағдайында «батыстық үлгіні» қаз-қалпында енгізу мүмкін еместігін айтады. Бұл елдердің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінің әр түрлі болуымен және тұрғын халықтың өзіндік ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Сондықтан дамушы елдердің өзіндік экологиялық саясатының балама жолдарын қарастыруы сөзсіз.

Ресурс сақтаушы және қалдықсыз технологияларды дамушы елдерде жаппай енгізу шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымын түбегейлі өзгертпейінше мүмкін емес. Бұл ақыр соңында еңбек өнімділігінің артуына, өндірістің экологиялық қауіптілігін азайтуға себепші болар еді.

Шаруашылық құрылымын қайта құру байырғы өнеркәсіптік аудандардың мамандану бағыты мен жаңа аудандардың игерілу сипатын өзгертіп, еркін экономикалық аудандардың қалыптасуына, технополистер мен басқа да ғылыми-өндірістік бірлестіктердің пайда болуына апарып соқты. Индустриялық кезеңде басым болған жаппай өндірістің орнын ендігі жерді әр түрлі және сапалы өнімдер жасауға бағдарланған өндіріс алмастыра бастады. Бұл өз кезегінде, алдыңғы қатарлы құрал-жабдық пен өндірісті ұйымдастырудың жаңа үлгілерін пайдалануды қажет етеді. Соның нәтижесінде жаңа индустриялы елдер жетекші дамушы елдерге «экспорттық өндіріс зоналары» қалыптасып дамуда.

Шаруашылықтың құрылымының түбегейлі өзгеруі қызмет көрсету саласының үлесінің күрт артуына жағдай жасады. Бұл салада жұмыс істейтіндер саны жылдан жылға өндірістен қысқарған жұмыс күші есебінен де өсуде. Әсіресе халықаралық туризмнің бірқатар елдерде жедел қарқынмен дамуы халықтың әлеуметтік жағдайларының жақсаруына, жергілікті жердегі көлік қатынасы мен туристерге қызмет көрсету сапасының артуына алып келді.

Тұрақты даму концепциясы. Адамзат өркениеті дамуының материалдық негізі болып табылатын дүниежүзілік шарушылық қоршаған ортаға зиянды ықпалының ауқымы, ең алдымен, экономикалық даму деңгейімен анықталады. Соңғы онжылдықтарда дамушы елдердің басым көпшілігі қарқынды даму үстінде, бұл өз кезегінде адамзаттың

табиғи ортаға әсерін күшейте түсуде. Қазіргі дүние жүзі қауымдастығы қоршаған ортаны қорғау мәселелерін бірлесе шешу қажеттілігін түсінді деуге болады.

БҰҰ-ның 1992 ж Рио-де-Жанейро қаласында өткен қоршаған орта және даму жөніндегі Дүниежүзіндегі конференциясында тұрақты даму концепциясы қабылдаған болатын. Бұл тұжырымдама табиғат пен қоғамның өзара үйлесім кездейді, мұндай жағдайда адамзаттың қазіргі сұраныстарын өтеу болашақ ұрпақтардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін шектемейтіндей болуы қажет. Тұрақты даму концепциясының негізгі тұжырымдары мынадай:

1) адамдар табиғатпен үйлесімді түрде, экологиялық сауаттылық пен салауатты өмір сүру құқығына ие болуы керек;

2) қоршаған ортаны қорғау қоғамның даму үрдісінің ажырамас бөлігіне айналуы қажет, сондықтан оны жеке қарастыру мүмкін емес;

3) қоршаған ортаны жақсарту мен сақтау қажеттілігін қазіргі ғана емес, болашақ ұрпақтың алдына қойылатын мақсаты ретінде қарастыру керек;

4) елдердің даму деңгейлері арасындағы алшақтықты азайту және кедейлік пен қайыршылықты жою;

5) елдер тұрақты дамуға қол жеткізу үшін өндіріс пен тұтынудың осы мақсатқа кедергі келтіретін мәселелерін мүлде пайдаланбауы немесе шектеуі қажет.

Сонымен тұрақты даму концепциясы өзара тығыз байланысқан 3 құрамдас бөліктің: экожүйелерді пайдалану, тиімді экономика, әділетті қоғамның басын біріктіреді. Ал тұрақтылық принциптері табиғат, экономика және әлеуметтік элементтерді біртұтас жүйе ретінде қарастырад. Географияны тұрақты даму концепциясына қатысты аталған бөліктердің кеңістік таралу заңдылықтарын зерттеумен анықталады. Олардың кеңістік ұйымдасу сипаты өзіндік заңдылықтары және аумақтық айырмашылықтары бар табиғи-аумақтық кешендер түрінде болады. Сондықтан тұрақты даму концепциясын елдердің экология саласында ғана емес, халықаралық қарым-қатынастар жүйесіндегі бағыт-бағдарын да анықтайтын құжат деуге болады.

Тапсырма: Ғаламдық мәселелерді шешетін факторлар туралы хабарлама дайындау